АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

# ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ:
## ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

**• ақпараттық-әдістемелік журнал •**

**№1 (27)**

**2022 жыл, 28 наурыз**

# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»
## ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор: М. Ысқақов**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі: 3 айда 1 рет**

**№1 (27) саны**
**28 наурыз, 2022 жыл**

**Таралымы: 100 дана**

**Тапсырыс: №**

**Баспахана атауы:**
**«Көкше-Полиграфия» АҚ**

**Мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы,
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы,
Е.Әуелбеков көшесі, 98.
Тел.: 8 (7162) 256-212.

E-mail: sks46@mail.ru

**Редакция мекенжайы:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»
Тел.: 8 (7132) 41-69-34
E-mail: ortaluktil@mail.ru

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| **М.Ж. ЫСҚАҚОВ** | **Редактор бағаны**......5 |
| | **ТІЛТАНЫМ** |
| **С.С. ИСАКОВА** | *А.Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы*......6 |
| **А.С. МУХТАРОВА** | *Қазақ зерттеушілерінің 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың тіліндегі дыбыстардың айтылу ерекшеліктері туралы ойлары*......8 |
| **А. БЕКМУРЗИНА** | *Тәржімадан туған төл туынды*......10 |
| **Г.А. НАУРЫЗАЛИНА** | *Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының рухани көсемі*......12 |
| | **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ** |
| **Г.Н. ТӨЛЕГЕНОВА** | *Жетілдірілген әліпбидегі диакритикалық белгілердің таңдалуы*......14 |
| **Д.Б. НҰРМҰХАМЕДОВА** | *Рухани жаңғыру: жаңа кезең*......16 |
| | **ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ** |
| **М.Қ. РАХМЕТАЕВА** | *«Жаңа технологиялармен қашықтан қазақ тілін оқыту»*......18 |
| **Г.Ж. САРЫБАСОВА** | *Педагогтің кәсіби шеберлігін инновациялық қызмет түрлерінде ұйымдастыру*......19 |
| **М.Ж. АЖНИЯЗОВА** | *«Сөздің көркі – мақал»*......20 |
| **Г.К. ОТАРАЛИНА** | *«Королевство трех языков» (игра-викторина)*......22 |
| **А.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА** | *Мен қазақпын*......23 |
| | **ҮЗДІК САБАҚ** |
| **С.М. СУЛТАНГАЛИЕВА** | *Тұңғыш қазақ конькишісі*......25 |
| **С. КИСЫМБЕТОВА** | *Асыл сөз*......26 |
| **С. Е.ТАУМЫШЕВА** | *Мой класс*......29 |
| **Р. АУТАЛИВА** | *Аққұс туралы аңыз. ән өнері*......32 |
| **М.Б. КУРМАНТАЕВА** | *Почему их так назвали?*......33 |
| **И.М. ТУРУМБЕТОВА** | *Healthy eating*......35 |
| **Ж.П. АЖНИЯЗОВА** | *«Путешествие по сказкам Х.К. Андерсена»*......36 |
| **Г.С. МЫРЗАҒҰЛОВА** | *Жалаң және жайылма сөйлемдер*......39 |
| **Г.К. ЕРМЕКОВА** | *Жадымда жыр боп жатталды («Қыз жібек» жыры)*......41 |
| **Г.А. НАУРЫЗАЛИНА** | *Менің мектебім*......43 |
| **А.С. БЕГМАНОВА** | *Ойшыл, суреткер ақын*......46 |
| **А.Ғ. ҒАЗИЗ** | *«Өз-өзіңе сенімділігіңді арттыр» психологиялық тренинг*......47 |
| **S.B. UZAKBAYEVA** | *Our planet's treasure 1*......48 |
| **S.K. BAIMUKASHEVA** | *«The best of leaner of english language»*......52 |
| **А.Қ. ӘБДІҒАЛИЕВА** | *Бала жүрегіне жол табушы кемеңгер*......53 |
| **Г.А. КЕНЖЕБЕКОВА** | *Менің сүй ікті мамандығым*......54 |
| **Д. ЖАНАТАЕВ, Ш. ӘЛІШЕР, А. БЕКЖАН** | *Әлеуметтік педагогтардың жетіспеуі және оларды мамандандыру – қазіргі әлеуметтік педагогика мәселелерінің бірі*......55 |
| **Д.В. ЕСКЕЛЬДИНА** | *Ұлы дала ұстазы*......56 |

**А.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА** *Біз қалай тамақтанамыз?*...57

**А.А. КУЗЕНБАЕВА** *Киім – мінез айнасы*...58

**А.Ж. МАШБАЕВА** *Абай мұрасының тигізер пайдасы зор*...62

**ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ**

**Ү.И. АБДУЛЛАЕВА** *«Саты». Заттық сурет салу*...63

**Т.С. ТЛЕШОВА** *Труд работников детского сада*...63

**Т.Ғ. ДҮЙІСБЕКОВА** *Алдар көсенің тапсырмалары*...64

**С.Б. УЗАКБАЕВА** *Мамандықтар*...65

**Н.М. ТЛЕПБЕРГЕНОВА** *Қайырымдылық жасау үлкен қуаныш*...66

**Н.М. КУШЕКЕЕВА** *В мире подводного царства*...67

**Н. АМАНДЫҚҚЫЗЫ** *Ғажайып күз*...68

**М.Е. КУЛЬКАШЕВА** *16 декабря – День независимости Казахстана*...69

**Қ.Б. ТЫНЫШБАЙ** *Мамандығым – мақтанышым*...70

**И.Н. НАЗАРОВА** *Девочка Макта в гостях у ребят*...71

**З.Н. БАЙМАХАНОВА** *Қуыршақ әйгерімнің туған күні*...72

**Ж.Қ. СҮЙІНБАЕВА** *Заттар әлеміне саяхат*...73

**Ж.К. ШАНГРИЕВА** *Весенняя сказка*...75

**Ж.Е. АКИЛБЕКОВА** *Мектеп жасына де жасына дейінгі балалардың дизайнерлік қабілетін «Айрис Фолдинг» (Iris Folding) технологиясы арқылы дамыту*...76

**Ә.А. СӘРСЕНБАЕВА** *«Менің отбасым»*...77

**Д.А. ЕСЕТОВА** *«Алтын күз»*...79

**Г.Ж. МАМЫРОВА** *Пішіндер бізде қонақта*...81

**Г.Б. КЫДЫРАЛИНА** *Отбасы мен балабақша тәрбиесінің маңыздылығы*...81

**Г.А. НУРГАЛИЕВА** *«Шұбар тауық» ертегі*...82

**А.Х. УРЫНБАСАРОВА** *Қаңбақ шал (қазақ халық ертегісі)*...83

**А.С. БЕРИКБАЕВА** *Ойыншықтарды бөбектерге сыйлаймыз*...85

**А.М. МҰҚАШ** *Ұзын – қысқа ұғымын қалыптастыру*...86

**А.Ж. ҚҰЛНИЯЗОВА** *Пішіндер. Үшбұрыш*...88

**А. ДАУХАРЕНОВА** *Қысқы орманға көмек*...88

**А.Т. АБДЫКОВА** *Ою-өрнек сәніміз. Вариативтік компоненті бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметі*...89

**А.М. АБИЛГАЗИНА** *Открытое занятие по математике по мотивам сказки «Теремок»*...91

**С.У. АЙТЖАНОВА** *Открытое занятие по математике по теме: «Поможем Машеньке»*...92

**А.Т. АЯБЕРГЕНОВА** *«Қыс кереметтері»*...94

**Г.Д. БИСЕМБАЕВА** *«Ғажайып қыс»*...95

**Ш.Е. ЕГИЗБАЕВА** *«Ғажайып ғарыш әлемі»*...96

**С.А. ИМАНГАЗИНА** *«Математическое путешествие в сказку»*...98

*Хабарландырулар тақтасы*...100

# РЕДАКТОР БАҒАНЫ



***М.Ж. ЫСҚАҚОВ***
*Ақтөбе облысының тілдерді*
*дамыту басқармасының басшысы*

## *Құрметті оқырман!*

Кез келген салада қол жеткізілген жетістіктер туралы айтқанда, бірінші кезекте, сол саланы сипаттайтын көрсеткіштердің оң бағытта дамуы ескеріледі. Егер бұрын қазақ тілінің дамуына негізгі кедергілер мемлекеттік тілді оқытушы кадрлардың, оқыту-әдістемелік құралдардың, қаржының, қазақ тілінде білім-тәрбие беретін оқу орындарының жетіспеушілігі болатын болса, бүгінгі күні ол мәселелер толықтай күн тәртібінен түсті. Соңғы жылдары министрлік, Тіл комитеті тарапынан тапсырыс бойынша әзірленіп шығарылған жасөспірімдер мен балаларға арналған әдебиеттер, салалық сөздіктер, оқу құралдары рухани және тілдік вакуумның орнын толтыруда. Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы тіл саясатының нәтижелі түрде оң арнада жұмыс жасап жатырғанының көрінісі.

2021 жылы қол жеткізген нәтижелер аз емес. Облыста мемлекеттік тілді жетік меңгергендердің үлесі тұрақты өсуде. Мемлекеттік тілді әр түрлі деңгейде білетіндер үлесі 2021 жылы 94, 4 процентті құрап отыр. Мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген құлшыныс артуда. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Тілдерді оқыту орталығы арқылы 1800 адам мемлекеттік тіл оқыту курстарымен қамтылды. Тіл үйренушілердің 22% өзге этнос өкілдері құрап отыр. Тілдерді оқыту орталығы тек оқытумен шектелмей мемлекеттік қызметшілердің тілдік мәдениетін, көпшілік алдында мемлекеттік тілде сөз сөйлеу қабілетін жетілдіру мақсатында шаралар ұйымдастырады, одан басқа әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқу құралдары, тілашарлар шығарылды.

Облыста тұрып жатырған этнос өкілдерінің ана тілдерімен қоса мемлекеттік тілді оқытуға мемлекеттік қолдау көрсетілуде. 2021 жылы этномәдени бірлестіктер жанындағы жексенбілік мектептер арқылы этнос өкілдері мемлекеттік және кәріс, украин, татар, башқұрт, әзірбайжан тілдерін оқытумен қамтылды. Нәтижесінде этномәдени бірлестік өкілдері әдістемелік көмекпен қамтылып, мемлекеттік және ана тілдері оқыту жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Ағымдағы 2022 жылы да тіл саясатында елеулі өзгерістер орын алып, жаңаша реформалауға қадам басып келеміз. Алда атқарылатын шаралар айқын, демек, жүйелі жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

# ТІЛТАНЫМ

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

***С.С. Исакова***
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, ф.ғ.д.*

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, ұлағат алар ғұламаларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының есімін атамай өте алмаймыз. Ол солай болуға тиіс те. Оның себебі – ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың ғалым еңбектерінен басталатындығында.

Осы тұста бірден басын ашып айта кететін мәселе бар. Ол тіліміздегі жекелеген сөздердің терминдік мәнде қолданыла бастауы мен терминологиялық жүйенің қалыптасуын шатастыруға болмайтындығы. Жекелеген сөздердің терминдік мәнде жұмсала бастауын Абайдың қара сөздерінен, XIX ғасырдың екінші жартысында шыққан кітаптар мен осы кезеңде басылып тұрған "Дала уәлаяты", "Түркістан уәлаяты" газеттерінің беттерінен кездестіруге болады. Ал салалық терминологияның қалыптасуы белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесінің тілде таңбалануы болып табылады. Өз алдына дербес терминологиялық өріс құрайтын арнаулы салалардың атаулар жүйесінің бөлініп шығуы үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарына дейін болды десек, шындыққа онша жанаспаған болар еді.

Нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Бізде қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі өткен ғасырдың бірінші онжылдығынан басталады.

Бұл істің басында кімдер тұрды дегенге келер болсақ, осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, Е. Омарұлы, С.Қожанұлы, М. Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, Н.Төреқұлов, Р.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанов сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс.

Осы аталған авторлардың әрқайсысының салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы дау тудырмайды. Оған аттары аталған зиялылардың еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А.Байтұрсынұлының есімін ерекше атап жүргендігіміз белгілі. Әрине, ол өте дұрыс. Алайда оны қазақ терминологиясының негізін қалаушы ғалым ретінде қараудың себептерін әлі де нақтырақ көрсетіп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеудің мәні зор. Біз төменде осы мәселе төңірегінде ой өрбітпекшіміз.

Кезінде М. Әуезов, Е. Омарұлы, С. Сәдуақасұлы, М. Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т. Шонанов сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған Ахметтану ілімі араға алпыс жылдан астам уақыт салып барып жалғасын тауып отыр. А. Байтұрсынұлы ақталғаннан бергі он жылдан астам уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әр түрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші ғалымдар да шет қалмай өз үлестерін қосуда. Р. Сыздықова, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі бола алады.

Бір басынан бар мамандық табылатын халқымыздың "рухани көсемі", "ұлт мәдениетінің Хан тәңірі" атанып жүрген алып тұлғаны тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, тарихи, ғылыми санамыз да өсе түспек. Сондықтан ғалымның әдеби-ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеудің маңызы айрықша.

Ахметтануға ерекше ат салысып жүрген тілші ғалым Р.Сыздықова ғалымның тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы және жаңашыл ағартушы, ірі көсемсөз шебері, дарынды ақын екендігін айта келіп, былай дейді: "Әрине, біздің сипатымыз өте жалпы айтылып, қысқа қайырылған түйін. А.Байтұрсыновтың ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, арнайы және терең зерттеу – алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы"[1, 89].

Сөз жоқ, ғалымның атап көрсеткеніндей, А. Байтұрсынұлының мұрасын сала-салаға бөліп арнайы зерттегенде ғана оның бай әлеміне терең бойлап, халқымыздың игілігіне жаратумен қатар, қайталанбас тұлғаның қазақ ғылымының дамуына косқан үлкен үлесін анықтап, тарихымыздың төрінен алатын орнын да нақты көрсетіп беру мүмкіндігіне ие бола аламыз.

А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуде де оның бұл саладағы еңбектері жан-жақты қарастырылып, сондай зерттеулер нәтижелерінің негізінде тиісті қорытындылар жасалуы қажет.

Бұл мәселеге арнайы тоқталып отырған бір ғана біз емес екендігімізді айта кетуге тиіспіз. Бізге дейін тікелей осы тақырыпқа арналған бірнеше мақалалар жарияланады. Сондай-ақ өзге де А.Байтұрсынұлының мұрасын зерттеушілердің еңбектерінен де ғалымның қаламынан туындаған терминдер туралы айтылған пікірлерді кездестіруге болады. Алайда ғалымның бұл

салаға қатысты еңбектері түбегейлі зерттеліп болды деуге әлі ертерек. Қайта ғылыми тұрғыдан ара-жігі ажыратылуға тиісті жайттардың жетерлік екенін айтқан жөн.

Ең алдымен, А. Байтұрсынұлы [2] – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын камтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі.

Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген "Оқу құралының" (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған "Тіл-құрал" оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін колданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. А. Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М. Әуезов [3] "Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды, – деген болса, әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев [4] оның "Әдебиет танытқышы" туралы айта келіп, "...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған"– деп әділ көрсетеді.

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттаиу ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасағаи.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, *"Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады."*

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-тұрпатын – А. Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын *(айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын)* жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік-құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, *айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан,* ал *бунақтың – буыннан* құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдық микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. "Әдебиет танытқыштан" мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Жеке ғылымдардың өзара байланысынан барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі терминдерін тұңғыш қалыптастырушы болып есептеледі. Оның жасаған терминдерінің өміршеңдігін қазір біз қазақ тіл білімінің терминдерінен көріп жүрміз.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын

жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына *әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс* сияқты терминдерді жатқызуға болады.

Бұлармен қоса А. Байтұрсынұлының тарих, этнография мәселелерімен де шұғылданғанын Ахметтанушы ғалымдар айтып жүр. Мұхтар Әуезов 1923 жылы (жоғарыда аталған мақаласында) ғалымның "Мәдениет тарихы" атты кітап жазып бітіргенін айтқан болатын. Ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдер мен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды.

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларыныц ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым. Ұлы ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі ең ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – *ғалымның терминжасамның тәсілдерімен жолдарын анықтап бергендігі.* Яғни төртіншіден, *А. Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым.* Терминжасам тәсілдерінің ара-жігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды талап етеді.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист – ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» – дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса дарынды Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов//Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. -33-б.

2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 422-425 бб.

3.Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы // Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1985. 19-том.

4. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақжол. Алматы, 1991


# ҚАЗАҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ 3 ЖАСТАН 5 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙТЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ


***А.С. Мухтарова,***
*Ақтөбе гуманитарлық колледжі,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы*

***Н.Б. Тайпақова,***
*№5 Хромтау гимназиясының*
*ағылшын тілі пәні мұғалімі*


Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсыновтан бастап, қазіргі заманға дейін қазақ тіл білімі үлкен даму кезеңдерінен өтті, ірі-ірі ғылыми табыстарға жетті. І. Кеңесбаев ғылыми грамматикалық фонетика мәселесін тұңғыш рет ғылыми түрде қарастырды. Ғалымдардың ғылыми еңбектерінің бәрі фонетика, тіл ғылымын дамытқаны даусыз. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту мәселесін зерттегенде олар қажеттілігіне қарай негізге алынады. Алайда бала тілінің фонологиялық жағы бала тілін зерттеу жұмыстарының ішінде өте аз зерттелген сала болып табылады. Әсіресе баланын туған сәтінен бастап мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінің даму мәселері толық шешілді деп айтуға болмайды.

Үш жастағы баланың сөздік қорында 1000-1500 сөзге дейін болады. Қыз балалар өздерінің құрдастарына қарағанда ерте сөйлей бастайды. Осы кезеңде баланың бөбекханадағы жастары бірдей балалардың тобында болуы, оның сөйлеу тілін дамытуға көп мүмкіндік тудырады. Балалардың сөйлеу тілінің дамуының табысты болуы үшін ата-аналар да олармен жиі сөйлесулері керек. Баланың тіліндегідей сөздерді бұрмалай, дұрыс, анық айтуға тырысу керек.

Егер бала дұрыс сөйлемесе, онда үнемі түзетіп отыру керек. Бұл үшін баланың қате айтқан сөзін, сөйлемін, баланың қайталауын талап етпей, өзі дұрыстап қайталайды. Әрине дұрыс айтылған сөз есте де дұрыс сақталады. Бірақ баланы дұрыс үлгілерді қайталауын жиі талап етсе, бала көңілінде дұрыс сөйлемеуім мүмкін деген қорқыныш сезімі туындауы мүмкін.

Бала біртіндеп жаңа сөздерді және олардың грамматикалық түрлерін меңгере бастайды, ал осы кезде ата-аналар балаға оны қоршаған орта туралы қолжетімді түрде әңгімелегендері өте тиімді болады. Өмірінің үшінші жылының соңында бала қарапайым жағдаяттар туралы байланысты түрде әңгімелей біледі. Осы жастағы балаларға қарым-қатынасқа деген қажеттілігі жоғары болады. Балалардың ересек адамдармен, құрдастарымен жиі қарым-қатынаста болуы, оның сөйлеу тілінің дамуына көмектеседі. Олар қарапайым жай және күрделі сөйлемдерді пайдалана отырып, қайда барғандары, нені көргендері туралы әңгімелейді. Өмірінің үшінші жылында баланың өзін қоршаған адамдардың сөйлеу тілін түсіну деңгейлері жоғарылайды. Ол кейбір жағдайда құрдастарының сөздерді дұрыс айтпағандарын байқайды.

Балалардың ойлау қабілетінің деңгейін сөйлеу тілінен байқауға болады, бала құрмалас сөйлемдерді қолдана бастайды. Осы жастағы бала ересек адамға «неге?», «қайда?», «қашан?» деген сұрақтарды жиі қоя бастайды. Бұл баланың танымдық қажеттілігінің дамуын, ал сөйлеу тілінің әр түрлі бөліктерін пайдалануы, олардың ойлау қызметінің ары қарайғы даму кезеңін білдіреді. Осы кезге дейін бала қоршаған әлеммен танысты, ал енді оны түсінуге ұмтылады. Бала *«неге?»* сұрағын қаншалықты ерте қойса, оның ақыл-ой дамуының қалыпты мөлшерде екенін, ал кеш қойса, онда оның тежелуін байқатады. Егер осы жастағы бала осы сұрақты қоймаса, онда баланың ата-анасы осы сұрақты өздері қойып, баланың танымдық қызығушылығын оята отырып, өздері жауап береді.

3 жастағы бала үшін сөйлеу тілінің тәрбиелік мәні де өзгереді. Бір нәрсеге үйреткенде бұрынғыдай көрсету маңызды болғанымен, сөйлеу тілінің маңызы да өсе түседі. Бала таныс заттарды атайды, бағдарлау сұрақтарын қояды, жалпылама атауларды («ойыншық», «тамақ») және т.б. қолданады. Осы жас шамасында сөйлеу тілінің дамуында үлкен жетістіктер болғанымен, балалар әлі де тілдің грамматикалық құрылысын жақсы меңгермегені байқалады, сондықтан олардың сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері болады. Үш жастағы баланың дыбыстарды дұрыс айтуы бекітілмеген, бірақ автоматтандырылған. Көптеген дыбыстар әлі де, болса жұмсақ айтылады. Р, л, дыбыстарын осы жастағы балалардың барлығы бірдей айта алмайды. Қиын дыбыстарды басқамен ауыстыру және тастап кету, олардың орнын ауыстыру байқалады. Бірақ бұл бұзылыстар басқа балалардың дыбыстаудағы қателіктерін байқауға бөгет жасамайды. Ересек адамдар балалармен сөйлескенде дыбыстарды дұрыс айтуға тырысуы керек. Бұл балалардың дыбыстарды дұрыс айтуының алғы шарты болып саналады.

Қазақ тілінде ойды жеткізудің бірден бір қажетті грамматикалық формалары етістіктің шақ, жақ, рай және етіс категориялары. Тіл ғалымдары 3 жасар бала тілінде негізгі етістіктің ІІІ жақта бірдей жіктелу түрлері және болымды, болымсыз түрлері ұшырасатынын, шақ жағынан алғанда, жедел өткен шақ жиі қолданылатындығын байқаған. Күрделі түрлеріне қарағанда жеке күйдегі, қарапайым етістіктер еркін қолданылады, тіпті сол етістіктердің өзі болымды, болымсыз мағынада қысқа айтылады. Мысалы, *барамын-барам, жеймін-жейім, алмаймын-алмайм, бармаймын-бармайм.* Мысалдардан көрініп тұрғандай, осы кезеңде келер шақ категориясының ең қарапайым түрлері орын тебеді.

Үш жастағы баланың сөздік қорында ең аз дегенде шамамен 250 сөз болады. Сөйлем ішіндегі сөздерді жалғау арқылы жалғанады, сөйлеу тілінің барлық негізгі бөліктері пайдаланылады. Сөйлеу қорында тек тұрмыстық тақырыптағы сөздер ғана емес, сонымен бірге түсінікті жалпылау, бағалау сөздері де болады. Дыбысты айтуда ызың дыбыстар әлі де кездеспейді. Таныс ертегілер мен өлеңдерді бірнеше рет қайталап тыңдағанды жақсы көреді, мәтін сөздерін есте сақтағанымен, бірақ өз сөзімен айтып бере алмайды. Қарапайым жағдаяттық суреттерді түсінеді. Сөздің ырғағына қарай сөз таңдай бастайды. Өзінің атын, жасын айтады. Бала өзінің қыз немесе ұл бала екенін біледі. Әр түрлі қызықты сөздерді ойлап табады. *Ш, ж, щ, ч, л, р* дыбыстарын айтады. Өз сөзіндегі дыбыстардың дұрыс айтылмауын байқайды. Ересек адамдармен ертегі бойынша ойнауды ұнатады, әр түрлі кейіпкерлердің дауысын сала алады. Өзімен өзі сөйлейді, өзінің іс әрекеттерін түсіндіреді.

Үш жаста «үш жастың дағдарысы» деп аталатын негативизм жасы басталады. Баланың ата-анасы осы жастағы баланың өзін басқаруға үйренуін, мүмкін болатын жердің шегін тани бастайтынын, шиеленіс жағдайынан шығу жолдарын іздейтінін түсінуге міндетті. Бұл қасиеттер оның болашақтағы өміріне өте керек болады. Осы кезде ата-анадан шыдамдылық пен түсінушілік қажет болады. Шағын тақпақтарды жатқа айтады.

Үш жасында балада тіс пен ерін дауыссыздары *ф, в* нақты қалыптасады. Балалардың фонематикалық қабылдаулары жақсы дамыған, олар дыбысталуы ұқсас сөздерді араластырмайды, сөздің дыбыстық құрылымын сақтауға тырысады. Өмірінің төртінші жылында артикуляциялық аппарат нығайып, бұлшық ет қозғалыстары үйлесімді бола бастайды. Төрт жасқа толған баланы мектепке оқуға дайындай бастайды. Баланы көргенін байланысты да дәйектілікпен айтуға, сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйретеді. 4-5 жаста баланың дыбыс мүшелері біршама кемеліне жатадін. Бұл кезде олар әңгімелесуге үйренеді, еш кідіріссіз өз ойын, мақсатын, талабын немесе қарсылығын білдіреледі. Баланың ойлау, құрастыру қабілеті жылдамдайды, бейнелеу қарқыны да кемелденеді. Құрмалас салалас, сабақтас сияқты күрделі сөйлемдер туындайды. Міне, осылайша тілдегі грамматикалық негіз қалана бастайды. Бұл негіз мектептегі оқуға дейін қалыптасып бітпейді. Балалар тіліндегі синтаксистік ұғым, яғни, сөйлем туралы түсінік оқуға барғаннан бастап жүйелі түрде дамиды. Ал осы жастағы жақсы сөйлеп кеткен баланың өзі сөздің жеке дыбыстардан тұратынын нақты түсінбейді. Бірақ баланың көңілін сөйлеу тілінің қалай дыбысталуына аудару, оның белсенді түрде бақылауы үшін жеткілікті болады. Бірақ төрт жастағы балалардың барлығы сөйлеу тілін бірдей та-

бысты меңгереді деп айтуға болмайды. Жиі жағдайда бастапқыда ауызекі сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңінде, содан кейін жазбаша сөйлеу тілінде оның қалыпты дамуын бұзатын әр түрлі ауытқушылықтар кездеседі. Осындай ауытқушылықтарға бірден көңіл аударып, оны дер кезінде жою керек, олай болмаған жағдайда бұлар баланың ақыл-ой дамуын тежеп, оның психикасын жаралауы мүмкін. 4-5 жастағы бала жақсы сөйлейді, сонымен қатар ересек адамдармен басқа тақырыптар бойынша да әңгімелесе алады. Төрт жасқа толған баланың сөздік қоры 1500-2000 сөзге дейін жетеді. А.Н.Гвоздевтің мәліметтері бойынша оның 50, 2% – зат есім, 27, 4% – етістік, 11, 8% – анықтауыш, 5, 8% – үстеу құрайды. 4 жастағы баланың белсенді сөздік қоры оны қоршағандармен еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бірақ өзі қатысқан жағдайды әңгімелеуге аздық етуі де мүмкін. Бұнда бала қателіктер жіберуі мүмкін. Жаңа сөздерді меңгерту барысында бала оларды есте сақтап қана коймай, олардың дыбыстық жағын түсіне бастайды, зат және оның білдіретін сөздің арасындағы тығыз байланысты анықтай бастайды, өз бетімен басқа заттардың атауларын түсіне бастайды. Бала лексикаға деген мотивациялық қатынас пайда болады. Ол көп жағдайда өзінің ата тілінде кездеспейтін сөздерді айтуы мүмкін. Мысалы, жасы 4 жас 1 ай Хорлан туфлиінің бауын «булявка» (бауды байлаудан шыққан) деп атайды.

Сөйлеу тілінде көптеген дыбыстар пайда болады. Көптеген балалар меңгеру қиын болатын *ы, э, х* дыбыстарын дұрыс айта бастайды, бірақ көптеген балалар ызың дыбыстарды қатаң, ызың дыбыстармен ауыстырады, мысалы, *шал* сөзінің орнына *«сал»* деп айтады. Мезгіл мен кеңістіктік белгілерді білдіретін үстеулер пайда бола бастайды. Жаңа сөздерді ойлап табады (сөз шығармашылығы). Сөйлеу тілінің негізгі мүшелерінің қызметі дұрысталады. Бұрынғыдай кейбір дыбыстарды мұрын арқылы айтпай, анық, таза айта бастайды. Тақпақ, өлеңдерді еркін түрде есте сақтай алады. Төрт жастың соңында сөздегі дыбыстардың болуын анықтай бастайды. Сөздерге антонимдерді таңдай біледі. Төрт дыбыстардың болуын анықтай бастайды. Төрт жастың соңында сөздегі дыбыстың орнын (басында, ортасында, соңында) табады. Дыбыстауында осы жастағы баланың көбіне тән жалпы қателіктер кездесуі мүмкін, бірақ ондай баланы таныс емес адамдар да жақсы түсіне алады. Егер үш-төрт жас аралығында көптеген дыбыстарды дұрыс айта алмаған жағдайда, логопедтің кеңесі және арнайы сабақтар қажет болады. Сәбилер көзін ашып, дүниеге келген күннен ес біліп, ер жеткенге дейін, толассыз есту, еліктеу, үйрену, сөйлеу басқыштарында бір сатыдан бір сатыға өтіп отырады. 4 жастағы балалар тіліндегі синтаксистік даму кезеңі туралы мамандар мен зерттеушілердің ұзақ уақыттық тәжірибелік пайымдауларына негіздеп, мынандай болжамдар жасауға болады: бала тіліндегі сөздік қор, яғни, сөз таптарының қалыптасуы былдырлаған бөбек шақта бастау алады. Бала бір сөзді сөйлемнен екі сөзді сөйлемге, жай сөйлемнен күрделі сөйлемге өту барысында тілдік қор қалыптасады, осылайша бала тілінде бастапқы қадамда сөз таптары орын тебеді. Осылайша, белгілі бір дәйектілікпен баланың сөйлеу тілі дамып, сөздік қоры байып, айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінеді.

## ТӘРЖІМАДАН ТУҒАН ТӨЛ ТУЫНДЫ

***А. Бекмурзина,***
*Қорғантұз ЖОББМ,*
*Шалқар ауданы*

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының сүбелі салаларының бірі – поэзия. Бұл – негізінен замана талабы, уақыт сұрамынан туындаған, дәуір жүгін арқалаған творчестволық ізденіс жемісі. Жалпы қазақ әдебиеті ХХ ғасырдың бас кезеңіне дейінгі аралықта жазба әдебиетте қара сөзбен бірді – екілі дүниелер ғана болмаса, негізінен поэтикалық туындылар арқылы көрінеді. Бұған негіз өлеңнің оқырман мен тыңдарман жүрегіне жылы ұялар қасиеті, ойдың ұшқырлығы мен жинақылығы болса керек. Ел азаттығы жолындағы күрескер, білімге, «жарық күнге» үндеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алғашқы жүрекжарды туындыларында осынау тәсілді таңдап алуы – уақыт үніне сай болуды көздеуден туған шара. Бірақ көңіл аударар, назар салар, зерттеушілік құлықты қажетсінер бір мәселе – Ахаңның басқалардан өзгерек өзіндік жол табуы. Бұл – оның тұңғыш жинағының түгелдей аудармалардан тұруы. Орыстың атақты мысалшысы И.А.Крылов творчествосына зер сала үңілген ақын, оның көптеген шығармаларынан өзінің ділгір қажеттілігін тауып, «Қырық мысал» деген атпен аудармаларын 1909 жылы Петерборда бастырып шығарды. Бірақ Ахаң Крылов мысалдарына әрдайым айналып соғып отырған. 1911 жылы Орынборда шыққан «Маса» өлеңдер жинағына Крыловтан аударған үш мысалының енуі – бұған дәлел.

Ұлы Абайдан кейін Крылов мысалдарынан ой асылын теріп, өз халқының наным-түсінігіне, тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы етіп аударып, өзінің төл туындысындай қабылдатқан, Крылов мысалдарының қат-қабат астарына терең бойлай білген бірден-бір аудармашы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол жанр табиғатын терең таныды. Отарлық езгідегі бұратана халықтың ауыр өмірін, мұң – зарын суреттеумен жеткізуде, одан құтылудың жолын меңзеуде мысал таптырмайтын құ-

рал болатын – ды. Ахмет елді оянуға шақырып, қазақ оқырмандарына ой салу мақсатын көздей отырып, мысалдарына неғұрлым әлеуметтік-саяси мән мазмұн беруге тырысты. Сондықтан да Крылов мысалдарындағы өмірден алынған, шымырлаған шындық, ой мен идея Ахаңның қиялын тербеп, ойына ой қосып, аудармадан туған төл туындысына заманалық, уақыт мінбесінен айтылған өткір де өміршең ойларын жыр жолдарына түсіруге жетеледі.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапкан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі - ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударды.

Бір жағынан, қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет - жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

*Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,*
*Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,*
*Тартады аққу көкке, шаян кейін*
*Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.*

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп - төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Крылов мысалдары түпнұсқада поэзиялық шығарма емес. Ол жайында М. Әуезов былай дейді: «Орыс әдебиетінде мысал\басня\өлең\стих\ емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей болып, шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақышты, ырғақты, қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады».

Осы ерекшеліктерді орыс зерттеушілері де атап өтеді: «Мысалды Крылов тыңдарманға бағытталған, көпшілікке арналған ауызекі жанр деп қараған. П. Вяземский Дмитриев осы мысалдарын жазады, Крылов оларды әңгімелейді деген болатын».

А. Крыловты аударған қазақ аудармашыларының бәрі, оның ішінде А. Байтұрсынұлы да, оның осы ерекшелігін сақтамаған. Аударған сәтте орыс әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар жанры қазақша бөлекше сипат алып шыға келеді, тіпті баяндау, жеткізілу формасының өзі өзгеріске ұшыраған.

Ол жайында пікір толғаған сыншы Белинский Крыловтың мысалдарын ешқандай да шет жұрт тіліне аудару мүмкін емес, оларды тек қайта жасауға болады деп білген. Ендеше, Белинскийдің осы пікірі Крылов мысалдарын аударған Ахметке де қатысты айтылғандай. Ахмет мысалдарды қазақы даналыққа толы ойсана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. Сондықтан да Ахмет – ақын, Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен қайта жазып шығарған. Яғни, Крыловтық әңгімелеу диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Екіншіден, Байтұрсынұлы өз аудармаларында Крылов ұсынған композицияларды сақтай бермейді. Бұл әсіресе мысалдың басталуы мен аяқталуынан айқын көзге шалынады. Сондықтан да Ахмет мысалдарында жалпы ой жетекке алынып, сақталынғанымен, сипаттау, баяндау тәсілі өзгеше. Оған нақты дәлел – «Кісі мен аю» мысалы. Жол сандары да қарайлас, Крыловта – 61, Ахметте – 68. Оқиғаның дамуы, шарықтауы, шешімі, аяқталуы – бәрі ұқсас. Бірақ Байтұрсынұлы мысалының басты екі айырмашылығы бар. Алдымен, мысал мазмұнын қазақ құлағына сіңісті ертегі тектес уақиға етіп жеткізеді.

Крылов мысалдарында көбіне қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Ахмет әрбір мысалдың соңынан үнемі ой-пікірін тұжырымдап, ғибрат айтып отырады. Осы құбылысқа ойлана қарасақ, Ахмет мысалдарының екі бөлімнен тұратындығын байқаймыз. Біріншісінде оқиға бағдары, кейіпкер әрекеті баяндалса, екіншісінде қорытынды түйін, мораль беріледі. Сондықтан да әрбір мысалға ақындық қатынас, шығарушының мақсаты айқындала түседі. Мұның өзі Ахмет мысалдарының бірін – бірі толықтырар, бір – бірімен сабақтас екі бөліктен тұрар толыққанды дүние екендігін танытса керек. Атақты Лафонтен де осыны жақтаған. Оның «Тело есть басня, душа – мораль» деп кесіп пікір айтуы бұған куә.

Крылов мысалдарының Ахмет аудармасын төл туындымыз деуге үшінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне сай үйлестірілуінде. Қазақ тұрмысына сай емес образдар мен есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған. Бұған дәлел өте көп.

Ахмет туындыларын төл дүниеміз ретінде тануымызға толық хақымыз бар. Өйткені олардың мазмұны Крыловтікі болғанымен, ой сонылығы, баяндау әдісі, құрылысы, табиғаты тыңнан табылған төл шығармадай етіп жазылған.

Жалпы Ахмет Байтұрсынұлының өлең аудармаларынан біз мынадай нәрселерді түйіндеуге тиіспіз. Біріншіден, Ахмет Байтұрсынұлының орыс тілін жетік білетінін: оның бүкіл қыр-сырын меңгергенінің куәсі болғандаймыз. Орыстың әдеби көркем тілінің табиғи болмысын терең меңгерген, қазақ тіліндегі баламасын дәл тани білген. Екіншіден: ол орыс поэзиясының қадір-қасиетін қастерлей біліп, Абайдан кейінгі дәуірде сол кемеңгер ақын негізін қалаған дәстүрді дамыта түскен, сөйтіп, қазақ әдебиеті тарихында көркем аударма саласын жетілдіруге өзіндік өлшеусіз үлес қосқан. Мәселеге уақыт тұрғысынан қарай отырып, шығармалардың қай кезде, қандай жағдайда тәржімеленгенін ескере отырып, Ахмет Байтұрсынұлының әлемдегі ұлы аудармашылардың бірі екендігіне еш күмән болмаса керек. Арпалысқа толы тағдыр болмаса, кенеттен қиылған ғұмыр болмаса, Ахаң салған айшығы жарқыраған қаншама жауһар дүниелер оқырман азығына, туған халқының көз-қуанышына айналар еді.

Ұлы ағартушы-ақын қазаққа білімсіздіктің, қараңғылықтың қаншалықты ауыр кесел екендігін барынша ұғындыра түсу үшін аударманы мақсатты қолданғаны көрініп тұр. Ол орыс мысалшысының өлеңіндегі маймылдың надандығын, қараңғылығын қазаққа кемтар, ештеңеге жарамсыз, масыл бейнесінде жеткізеді. С.Торайғыров қараңғылықпен «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп күрессе, ағартушы-ұстаз Ахаң халқына білімсіздіктің нағыз кемтарлық екенін мықтап ұғындырғысы келеді. Өз қаламынан туған шығармасы, аудармасы арқылы мәселені бұлай қоюы, елді білім алуға үндеуі – ұлы ағартушының өмірлік мақсатына, азаматтық ұстанымына, ұлт ұстазының міндетіне толық сәйкес келеді.

Сондай-ақ «Қырық мысалдағы» «ауырмалдық», «ғамалдас», «қайсарып», «қоршалап», «тауықшы», «хана» сөздерінің мағынасы оқушыға түсінікті болса да, қолданысы ерекше. Ахаң түрлеген ана тіліміз оның алашына қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсеріне еш күмәніміз жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде Ахаңның шығармашылығын, оның еңбектерін әлі де жан - жақты зерттеу қажеттілігі еш дау туғызбайды. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, сөз сырына, тіл табиғатына терең бойлай білген ғұлама ғалымның құнды мұрасын аса ыждағаттылықпен зерделеу әр Ахметтанушы маманның алдындағы зор міндет болып қала береді.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

***Г.А. Наурызалина,***
*№4 Алға ОМ,*
*Алға ауданы*

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен арнап, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазу қалыптаса қоймаған уақытта тек мал шаруашылығымен шұғылданған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған ақын. Сондай-ақ тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың ақынға өзінен өзі келмегені мәлім. Талмай ізденістің арқасында тамаша туындылары жарыққа шықты. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) небір тар жол, тайғақ кешулерден өте келе, тамаша еңбектерімен қазақ халқының мақтанышына айналған көсем тұлға.

А.Байтұрсынов – өнердің ішінде сөз өнерінің аса құдіретті екенін айтып кетті. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Қазақ тіл білімінің негізін қалап, оқулықтар, ғылыми еңбектер жазған А.Байтұрсынов әдеби тілдің мәселелеріне келгенде өте жүйрік. «Тіл қасиеті», «Тіл әуезділігі» сияқты көлемді еңбектері көркем сөздің құпия сырларын түсіндіруге арналған.Тіл тазалығын қатаң сақтауды талап етеді. «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау» – деп, оған ерекше мән берген. А. Байтұрсыновтың мына бір пікірі тіл тазалығын сақтаудың аса маңыздылығын күні бүгінге де ескертіп тұрғандай: «Жалғыз-ақ қашатынымыз – жат сөзділік. Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ басқа сөздермен араластыра берсе, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, ана тілінен айрылып қалуы әбден мүмкін» деген еді. Иә, расында да әрбір отбасының мүшелері өз тілінде сөйлегені, салт-дәстүріне қарай тәрбиеленгені дұрыс деп ойлаймын. Келешек ұрпақ үшін отбасындағы қазақи тәрбиенің мәні зор. Біздің жарқын болашағымыз әрбір балаға өз тілін жете меңгерту – ата-ана мен ұстаздарының, жалпы қоғамның міндеті.Өкінішке орай, бүгінгі таңда қаракөз қазақ отбасыларының өзге тілде сөйлеп, орыс мектептеріне балаларын жетектеп әкелгенін көргенде, еріксіз қызғанасың, ренжейсің... Амал қанша? Ата-ананың түсінігі басқа... Өз пікіріңмен өзгені өз жолынан бұруға қақың жоқ. Менің ойымша, жас ата-аналар балаларын орыс тілді мектепке орыс ұлтының балалары секілді пысық болсын деп беретін секілді. Ол пысықтықтан айтыңызшы, не пайда?! Егер ұрпағы өз тілінде сайрап кітап оқып түсіне алмаса, сөйлей алмаса, бұлбұлша құйқылжытып ән сала алмаса қазақ болып туып, мақтанудың өзі ұят. Ақынның айтқанындай, өз тілінде жоқ сөздермен өз тілін араластырып немесе өзге тілде үн қатқандарды көргенде, іштей қынжыласың.Әттең...

А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» атты еңбегі бүгінгі түркі тұқымдас халықтардың сөйлеу, жазу, тіл ұстарту білімінің бастау бұлағы саналады. Осы заманда қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, шылау, үстеу, ілік, жатыс, бастауыш, баяндауыш, септеу, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген атауларды ойлап

тауып, ғылыми бір ізге салған Ахмет Байтұрсынов болды. А.Байтұрсынов – қазақ музыкасы мен ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В. Затаевичтің айтуынша ол шебер домбырашы, әрі әнші болған. «Қазақ халқының жүз әні» атты еңбегінде А.В.Затаевич былай деп жазды: «А.Байтұрсынов өз халқының әндерін жақсы біледі және оларды тамаша орындайды, ол – жақсы домбырашы» деген екен. Осы тұста ақынның сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болғанын байқауға болады.Сондай-ақ, Ахмет тек өзі ғана жазып қоймай, аудармашылықпен де айналысқан. Ол «Қырық мысал» еңбегін 1909 жылы Петербург қаласында баспаға беріп, жарыққа шығарды. Орыстың классик мысалшысы И.А. Крылов мысалдарының бір тобын аударған. Крыловтан аудармалары өз еліне тән, жақын екенін сезіп отырып таңдаған. Бұл тұңғыш аудармалары еді. Жігітке жетпіс өнерде аз деген мақалдың аясын дәл осы сәтте ұғып түсінгендеймін.

Ел басына төнген кешегі қара түнектің көбесі сетінеп, әділеттің ақ жалауы көтерілгелі бері қазақтың ұлттық мәдениеті аспанында шуақты нұрын төгіп, жарқырай жайнаған рухани көсемдер туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы біраз дүниелер жазылып, көпке беймәлім көмескі жайлардың көзі ашылғандай. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, рухани қазынамыздың олқы тұсының орны тола бастады.Тарих тұңғиығына батып, мәңгі жоғала жаздаған Ахмет Байтұрсынұлының асыл еңбектерін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге жеткізген жеке адамдарға, архив қызметкерлеріне және оларға жабылған жаланы жұлып тастап ақтауда ат салысқан еліміздің саналы азаматтарына ризамын. Кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр.Тау сілеміндей мол мұра оқырман қолына тие бастады. Қазақстан Республикасының арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әр жерінде шаруашылықтарға, мектептерге, көшелерге және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді. Сөйтіп, тарихи әділет, шындық салтанат құрды. Халқының бостандығы, тәуелсіздігі, еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы азаматы Ахмет Байтұрсынов ұлт күрескерлерінің сапына келіп қосылды. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының «рухани көсемі» өнер мен ғылымның сан-саласын жете меңгерген, елінің ұлттық санасының оянуы мен азаттығы жолындағы күресте қатыгез тағдырға қайыспай қарсы тұрған нар тұлға Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы жылдармен ілесіп, болашаққа жарық сәулесін төге бермек.

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИДЕГІ ДИАКРИТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДІҢ ТАҢДАЛУЫ

***Г.Н. Төлегенова,***
*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді оқыту орталығының әдіскері*

Латын графикасына негізделген жаңа әліпбидегі кейбір дыбыстардың таңбалануы жазылым мен оқылымда қолайсыздықтар тудыруына байланысты ғалымдар мен халық тарапынан ұсыныстар, сын-пікірлер жиі айтылды. Атап айтқанда:

*Біріншіден*, жаңа әліпбидегі акут белгісінің дауыстыға да, дауыссызға да қойылуы, оның мағынасының дауысты дыбыстың жіңішкелігін білдіруге сәйкес келмеуі;

*Екіншіден*, барлық түркі тілдерінің табиғатына ортақ «бір әріп – бір дыбыс» принципінің сақталмауы;

*Үшіншіден*, жазуды қиындататын басы артық әріптің болуы.

Бұл айтылған кемшіліктер жаңа әліпбидің емле ережелерін үйрету курстарына қатысқан мұғалімдер мен әдіскерлер және жұртшылыққа насихаттау барысында сала мамандары мен зиялы қауым өкілдері тарапынан да айтылды. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалаларда да, әлеуметтік желілерде де жиі көтерілді. Жүргізілген сынама жұмыстарының нәтижесі де әліпби құрамындағы кейбір әріптерді өзгерту қажеттілігін көрсетті.

Бұл ұсыныстар бекітілген әліпбидегі кемшіліктерді жоюға бағытталып, әліпбиге ішінара толықтырулар мен түзетулер енгізу қажеттілігін негіздейді.

Сонымен ғалымдардың және көпшіліктің ұсыныстары негізінде төмендегідей қорытынды жасалды.

**1. Жаңа әліпбиде дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарын белгілеуші диакритикалық таңба ретінде умлаут алынды,** себебі умлауттың таңбасында «жіңішкелікті білдіру» деген концепті ғана бар және ол латын әліпбиін білетін кез келген тіл иелменіне бірдей ортақ таныс. Сонымен бірге умлаутпен жіңішке дауысты дыбыс әріптерін таңбалған латынәліпбилі тілдердің қатары көп: немістер, шведтер, венгрелер, түріктер, әзербайжандар, түрікмендер, т.б.

**2. Ұ дыбысының таңбасына Ū макрон диакритикасы алынды**: *Ūsynys, jūrnaq, maǵlūmat*. Мұның негіздемесі мынадай:

- *графикалық негіздеме***:** Дыбыстары бойынша өзара ұқсас әріптерді әліпбиде қатар орналастырған дұрыс. Сонда /U/, /Ū/, /Ü/ таңбаларын тану, қабылдау барысы әліпбидің көзшалымға қолайлылығын, қолдағдыға икемділігін арттырады;

- *статистикалық негіздеме***: Ұ** әрпінің У әрпіне қарағанда жиілігі төмен. Сондықтан оның диакритикасы /Ū/ көзшалымға қиындық тудырмайды;

- *педагогикалық негіздеме*: «кирил жазуындағы Ұ әрпінің ортасындағы сызық латында осы дыбысты таңбалайтын әріптің үстінен қойылады» деп ассоциация арқылы үйрету /**Ū**/ графемасын тез танып, жазуға септігін тигізеді.

**3. Ш дыбысы седиль таңбасымен (Ş) берілді**: *Şańyraq, qaşyqtyq, alaş*. Мұның негіздемесі:

- *емлелік негіздеме:* /sh/ қосар әрпі екі түрлі оқылып, шатасу тудырады, мысалы, *shema (шема/схема), sholast (шоласт/схоласт), ashana (ашана/асхана), Eshil (Эсхил, Эшил), Ashat (Ашат/Асхат)*. Сонымен бірге қазақ тіліндегі «бір дыбыс – бір таңба» принципін сақтауға да мүмкіндік туады;

- *статистикалық негіздеме*: **Ш** дыбысының мәтін ішіндегі жиілігі жоғары, оны екі таңбамен беру мәтінді жасанды ұзартады.

**4. Ch** (Ч) таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылады. Мұның негіздемесі мынадай:

- *фонетикалық негіздеме*: Ч дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді.

- *статистикалық негіздеме*: Ч дыбысымен келетін шеттілдік сөздердің саны өте аз және олардың қолданыс жиілігі төмен.

**5. Ң дыбысы халықаралық фонетикалық әліпбиде бар Ñ таңбасымен берілді.** Мысалы: añşy, köleñke, jañbyr. Негіздемесі мынадай:

- *фонетикалық негіздеме*: **Ñ** таңбасы мұрын жолды, үнді дауыссыз дыбысты (ң) белгілейді;

- *әдістемелік негіздеме*: **Ñ** қолды үзбей жазуға ыңғайлы әрі жолүсті таңбаларын көбейтпейді. Сондай-ақ кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі **Ң** графикасына ұқсас болғандықтан тез дағдыландырады.

**6. Жаңа әліпбиде кирилдегі Й мен И әріптеріне ортақ бір таңба алынды,** себебі бұл дыбыстардың сөздегі позициясы қай кезде дауысты, қай кезде дауыссыз екенінен белгі береді. Мысалы, *ай, тай, лай, лайк, фейк* деген сөздерде дауысты дыбыстың таңбасынан кейін тұрғандықтан, бұл дауыссыз дыбыс әрпі екені анық, ал керісінше И-дің таңбасы сөздің басында немесе дауыссыз дыбыс таңбасынан кейін тұрса, мысалы, *ине <ій-не>, киім <кі-йім>, қиын <қы-йын>, жиын <жы-йын>, институт <ійн-стій-түут>, кино <кій-но>* бұл Ы+Й және І+Й дауысты мен дауыссыз дыбыстың тіркесін таңбалайтын әріп екені анық. Сонымен бірге екеуінің таңбасы бірдей болғаннан бұл әріппен жазылған сөздердің айтылу нормасына ешқандай нұқсан келмейді. Сондықтан бұларға бір таңба беру жазуды ықшам әрі түсінікті, оқуды оңтайлы қылады, оқырманның аз уақытта көп ақпарат алуына мүмкіндік береді, қазақ жазуын тиімді етеді.

**ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ**

| № | Латын | Кирилл | Әріптің аты | № | Латын | Кирилл | Әріптің аты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **A a** | А а | *А* | 17* | Ññ | Ң ң | *ңы* |
| 2 | **Ä ä** | Ә ә | *Ә* | 18 | **O o** | О о | *о* |
| 3 | **B b** | Б б | *Бы* | 19 | **Ö ö** | Ө ө | *ө* |
| 4 | **D d** | Д д | *Ды* | 20 | **P p** | П п | *пы* |
| 5 | **E e** | Е е | *Е* | 21 | **Q q** | Қ қ | *қы* |
| 6 | **F f** | Ф ф | *Фы* | 22 | **Rr** | Рр | *Ыр* |
| 7 | **G g** | Г г | *Гі* | 23 | **S s** | С с | *Сы* |
| 8 | **Ğ ğ** | Ғ ғ | *Ғы* | 24 | **Ş ş** | Ш ш | *Шы* |
| 9 | **H h** | Х х (Һ һ) | *Хы* | 25 | **T t** | Т т | *Ты* |
| 10 | **İ i** | Й й (И и) | *Ій* | 26 | **U u** | У у | *Ұу* |
| 11 | **I ı** | І і | *І* | 27 | **Ū ū** | Ұ ұ | *Ұ* |
| 12 | **J j** | Ж ж | *Жы* | 28 | **Ü ü** | Ү ү | *Ү* |
| 13 | **K k** | К к | *Кі* | 29 | **V v** | В в | *Вы* |
| 14 | **L l** | Л л | *Ыл* | 30 | **Y y** | Ы ы | *Ы* |
| 15 | **Mm** | Мм | *Мы* | 31 | **Z z** | З з | *Зы* |
| 16 | **N n** | Н н | *Ны* | | | | |

**7. І мен Й, И дыбыстарын беретін таңбаларды өзара алмастыру және и-дің бас әрпін нүкте арқылы /İ/ түрінде таңбалау ұсынылды**: *İnstitut, jinalys, universiada, Irımşık, ızgılık, bılım.* Негіздемесі мынадай:

- *емлелік негіздеме*: **И** дыбысын **İ** таңбасымен беруде термин сөздер халықаралық тұрпатына ұқсас болады әрі көзшалымға қолайлы, мысалы, *piramida, respublika*;

- *статистикалық негіздеме:* **І** [і] дыбысы абсолюттік кездесу жиілігі 5 орында болатын қазақ тіліндегі өнімді дауысты дыбыс. Егер оның үстіне ноқат қойылмаса, яғни */Iı/* әрпімен жазылса, қазақ мәтінінде жолүсті таңбаларын көбейтпейді.

Жалпы әліпбиде **31** әріп бар, оның **5**-уі *умлаут, бревис, макрон, седиль, тильда* диакритикалық таңбасы арқылы берілген. Әрбір диакритикалық белгі тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне қарай, дауысты мен дауыссыз дыбыс таңбасына бөлек, өзара ажырап қолданылған, яғни әліпбидегі әр диакритиканың өз қызметі бар. Мәселен,

– Ә, Ө, Ү жіңішке дауысты дыбыс таңбасына – ***умлаут***,

– жуан дауысты Ұ дыбысына – ***макрон,***

– ұяң Ғ дауыссызына – ***бревис***,

– ызың Ш дауыссызына – ***седиль,***

– үнді Ң дауыссызына – ***тильда*** алынды.

Бұл оқылым үдерісін жеңілдетеді, тіліміздің дыбыс қорының әліпбиде айқын көрінуін қамтамасыз етеді, сондықтан ғалымдар шартты түрде бұл әліпбиді ***тіліміздің дыбыстық жүйесін айқын көрсететін нұсқа*** деп атап отыр.

Жобадағы диакритикалық таңбалар латын әліпбимен жазатын көптеген тілде қолданылады, мысалы, ***умлаут*** неміс, швед, исланд, фин, венгр, түрік, әзербайжан әліпбилерінде де жіңішке дауысты дыбыстың таңбасын білдіреді. ***Бревис*** эсперантода, молдова жазуында, түрік әліпбиінде дауыссыздың таңбасына, ***седиль*** француз, түрік, латыш әліпбилерінде ызың дауыссыздарға, ***макрон*** дауыстыларға немесе дауысты қатарына өткен дауыссыздарға пайдаланылады. Сондықтан қазіргі жаһаниятта латынды білетін кез келген жазарман, тіліне, ұлтына қарамастан, умлаутты әріптің жіңішке дауысты дыбыс екенін, сол сияқты айтып кеткен басқа да диакритиканың дыбыстық мазмұнын бірден ажыратады. Бұл қазақ жазуының әлемдік графикалық кеңістіктегі түсініктілік деңгейін арттырады.

**Әліпбидегі әріп тәртібі:** Әліпбидегі әріптер орналасуының дәстүрлі нормасы бар. Кирилнегізді әліпбидегі әріп реті мен латыннегізді әліпбидегі әріп реті ұқсас болғанымен, бірдей емес. Әрқайсысының өз реті дәстүрге айналған, сондықтан жаңа әліпбидегі ***базалық әріптер*** латын әліпбиінің қалыптасқан ретімен орналастырылды: A, B, D, E, F, G, H, I, J, K,

L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, V, Y, Z. Базалық әріпке диаритика қосу немесе базалық әріпті түрлендіру арқылы жасалған әріп сол базалық әріптен соң қойылды:

– Аа-дан кейін Ä ä,
– Gg-ден кейін Ğ ğ,
– İ i-ден кейін I ı,
– Nn-дан кейін Ññ,
– Оо-дан кейін Ö ö,
– Ss-дан кейін Ş ş,
– Uu-дан кейін Ū ū мен Ü ü әріптері орналастырылды.

**Диакритикалары бар әріптердің артықшылықтары:**

– дауысты және дауыссыз дыбыстардың аражігін ажыратып тұрады;

– графикалық бейнесі: түсінікті, көзшалымға ыңғайлы;

– оқылымда бірден танылады, жазылымда оңай ажыратуға болады;

– диакритикалардың әріпүсті және әріпасты аралас келуі жазудың көркемдігін арттырады әрі олардың ұқсас болмауы оқылымға оң әсерін тигізеді;

– ä, ö, ü, ğ, ş, q, ñ графемалары латын әліпбиіне көшкен кейбір түркітілдес халықтардың ұлттық әліпбилерінің графемалық жүйесіне сәйкес келеді;

– ортақ жазба мұралар мәтіндерін транскрипциялауда, жалпытүркілік ортақ жазу жүйесін жақындатуға септігін тигізеді;

Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланып отыр.

"Жетілдірілген әліпби нұсқасы қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп, оның заманауи үрдістерге сай жаңғыруына ықпал етеді. Алдағы уақытта қазақ тілін латын графикалы әліпбиге кезең-кезеңімен көшіру бағытында қарқынды жұмыс жүргізу керек", – деді Асқар Мамин.

**Пайдаланылған әдибеттер:**


1. Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістемесі» ақпараттық – әдістемелік журнал №2(24), 2021.

А.Фазылжан: Әліпби бір ізге келді, Qamsy.kz, https://qamshy.kz/author/42-melis-seydakhmetov

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің жаңа нұсқасы, informburo.kz, https://informburo.kz/kaz/latyn-grafikasyna-negizdelgen-khazakh-tili-aelipbiining-zhanga-nuskhasy-uekimette-tanystyryldy


# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЖАҢА КЕЗЕҢ


***Д.Б. Нұрмұхамедова,***
*Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару орталығының маманы*


«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі XXI ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп сенімді түрде айтуға болады.

Ақтөбе облысында да «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бағдарламаны 2021 жылы жүзеге асыру мақсатында 165 іс-шарадан тұратын **ОБЛЫСТЫҚ ЖОСПАР** бекітіліп, 2 млрд. 170 млн. 803 мың тг. қарастырылды.

**«ТУҒАН ЖЕР»** арнайы жобасы **«Тәуелсіздікке тағзым»** жобасы аясында 2021 жылы Ақтөбе облысы жерлес-меценаттарының көмегімен барлығы 1 млрд. 77 млн. 700 мың теңгеге 480 жоба жүзеге асырылды.

**«Әдебиет. Рух. Қоғам»** атты дәстүрлі төртінші республикалық әдеби форумы аясында қазақ әдебиетінің классикасына айналған ақтөбелік ақын-жазушылар атындағы стипендия табыс етілді. Сондай-ақ Ш. Қалдаяқовтың ескерткіші ашылып, Т. Айбергеновке бюст қойылды.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ»** арнайы жобасы аясында «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасына аясында 2021 жылға 18 жоба жоспарланып, 253, 3 млн.тг. қаржы бөлінді. Оның 14-і жүзеге асып, 4-і қаражат және карантиндік шектеулерге байланысты келесі жылға ауыстырылды.

Ақтөбе облысында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштері жайында толық мәліметті көпшілік қауымға таныту мақсатында облыс аумағындағы 47 ескерткішке, оның ішінде қала аумағындағы 33, аудандардағы 14 ескерткішке QR кодтар орнатылды. Облыстың тарихи, этнография және мәдениет ескерткіштерін зерттеу мақсатында Мұғалжар ауданындағы «Төлеубұлақ» үңгірінің петроглифін, Байғанин ауданында Доңызтау аймағы «Жезді» қалашық бекінісінің орны, Мәртөк ауданында Қорайлы-3 қорымында бірлескен археологиялық қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

**«ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖАҺАНДЫҚ ӘЛЕМДЕ»** арнайы жобасы аясында Халықаралық «Baqytty Bala 2021» III ашық балалар

вокалдық фестиваль-байқауы өткізілді. Іріктеу кезеңіне 12 мемлекеттен 180 өтініш қабылданды.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ»** арнайы жобасы аясында төртінші кезеңінде Ақтөбеден «Мәдениет» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған дизайнер М. Дүйсенбаевамен сұхбаттар жүргізіліп, телеарналар мен газеттерге мақалалар және бейнематериалдар түсіріліп, сонымен қатар қала, аудан орталықтарындағы билбордтарына ілініп, ақпараттық насихат жұмыстары жасалды.

**«ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»** арнайы жобасы аясында жарыққа шығарылған 100 оқулықтың 44 908 данасы Ақтөбе облысы бойынша жоғары оқу орындарына таратылды. Оның ішінде Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де – 22 704, М. Оспанов атындағы АМУ-де – 7 323, С. Бәйішев атындағы АУ-де – 9 037 дана, ҚОХУ - 5844 дана. Сондай-ақ, «Жұбанов кітапханасының 100 кітабы» жобасы аясында ғылыми-зерттеу еңбектерден 38 кітап баспадан шығарылды.

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ»** арнайы жобасы аясында Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығы аясында алаш арыстарына арналған «Азаттықтың ақ таңы» тарихи кешенінің ашылу салтанаты өтті.

**«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ГЕНЕЗИСІ»** арнайы жобасы аясында «Ер Едіге – Ноғайлы дәуірінің жыры» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылды. Облыстық халық шығармашылығы орталығы жанынан «Ер Едіге» жыр мектебі ашылды.

Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022 – 2024 жылдарға арналған **120** іс-шарадан тұратын жол картасы бекітілді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Жеті ойыншық» жобасын енгізу, «Едіге деген ер екен» республикалық жыршылар байқауын, «Әдебиет. Рух. Қоғам» дәстүрлі республикалық әдеби форумын, А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған облыстық ғылыми конференциясын өткізу, Шәкен ишан мешітін реставрациядан өткізу (Алға ауданы), Алмат тамы кесенесін консервациялау (Ырғыз ауданы) жоспарлануда.

Жаһандық даму кезеңінде өз ата-тегіңнің құндылығына темірқазықтай бастап апаратын жарық жұлдыз - тіл мен діл, ұлттық тәрбие, мәдени мұра. Заман қарыштап дамып жатқан, әлемдік деңгейдегі технологиялық прогреске де ұлт болып ілесу қажет-ақ. Бірақ, ұлттық құндылықтары құнсыздандырып алмау, нағыз қадағалайтын бүгінгі шарт.

2021 жылы 13 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Оның негізінде 10 нақты Ұлттық жоба анықталды. Соның бірі - 2021-2025 жылдарға арналған **«Ұлттық рухани жаңғыру»** жобасы.

«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы **3** бағыт, **7** міндет, **21** көрсеткіш, **66** ауқымды іс-шарадан тұрады. Жобаның негізгі мақсаты – Ұлттық кодты сақтап, мәдени бірегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттау арқылы қоғамның мәдениетін, талғамын және рухын көтеру. Сонымен қатар, жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың түрлі бастамаларын жан-жақты қолдауды көздейді.

**«Ұлттық рухани жаңғыру»** жобасы аясында **2022 жылы** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жобаларымен **456 110** адамды қамту, «Туған жер» арнайы жобасы аясында бюджеттен тыс меценаттар тарапынан **75** объект салу, мәдениет объектілерімен және қызметтермен қамтамасыз етудің өсуі бойынша **1** объект салу және **14** объектіге жөндеу жұмыстарын жүргізу және жастар арасында волонтерлік мәдениет деңгейін арттыру мақсатында **67 825** ерікті жастарды қамту жоспарланып отыр.

Ұлттық кодты сақтап, мәдени бірегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттау арқылы қоғамның мәдени деңгейін, талғамын және рухын көтеруді көздейтін ұлттық жоба аясында атқарылатын игі істерді жұмыла көтеріп, жауапкершілік таныту арқылы сапалы көрсеткіштерге қол жеткізу бүгінгі күннің межесі.

Бағдарлама аясында жасалып жатқан жұмыстар жас ұрпақтың бойына тарихқа құрметпен қарау, ғылым-білімге деген ұмтылыстарын арттыру және Отанға адал болу сияқты асыл қасиеттерді сіңдіріп, өсіруге өз үлесін қосып келеді. Алдағы уақытта да жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырыла бермек.

# ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

## «ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ҚАШЫҚТАН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ»

***М.Қ. Рахметаева,***
*Қарағанды қаласы,*
*Қарағанды тілдерді оқыту орталығы,*
*қазақ тілінің оқытушысы*

***Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техника және оның басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі, осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіндіктер қажеттілігі туындайды. Қазіргі мектептің білім беру үрдісінде жаңа технологияларды пайданалу жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдердің, жаңа педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностика үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.***

***Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сондықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – жоғары білімді, бәсекелестікке қабілетті, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, білім сапасын көтеру. Білім сапасын көтере отырып, оқушыларға бағыт-бағдар беру, тұлға ретінде дамуына ықпал ету. XXI-ғасыр технологияның қарқынды дамыған заманы. Соған сәйкес, білім беру саласы да электронды жүйеге өтіп жатыр. Соның ішінде жаңа технологияларды пайдалана отырып қазақ тілін қашықтықтан оқыту да маңызды рөлге ие.***

Қазіргі таңда білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты заманауи талаптарға сәйкес қоғамды дамытудың тиімді де сапалы технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Сол себепті, өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әрбір педагог өз кәсіби тәжірибесін жаңашылдыққа бағыттап, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануы шарт. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада, бұл – тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы.

Қашықтықтан оқытудың үш түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі – вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы. Қашықтықтан оқыту семинарлары оқу сабақтарының белсенді түрі болып табылады. Ол семинарлар бейне конференциялардың көмегімен жүргізіледі.

Қазақ тілін қашықтықтан оқыту өте тиімді технология, себебі қашықтықтан оқыту кезінде тыңдаушы өзіне қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді қарқында өз бетінше жұмыс құрай алады. Қазақ тілі арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Сондықтан мәдени мұраларды меңгеру арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдени болмысы қалыптасады. Мұнымен қоса, оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастырады. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екеніндігін түсіндіреді. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс-тәжірибе жүзінде танып-білу тіл үйренушілердің қазақша ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Сондай-ақ, жаңа технологияларды қолдана отырып қазақ тілін қашықтықтан оқытуда оқушылардың мынандай мүмкіндіктерін ашады. Жеке адамның үздіксіз ізденіп, жаңашылдыққа талпынуы. Коммуникациялық қабілеттерін дамытып, ақпарат көздерімен жұмыс жасауы болса, оқу мотивациясын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді.

Қазақ тілін оқытуда кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың бірі – деңгейлік оқыту технологиясы. Бұл технология оқушылардың ізденушілік, өзіндік жұмыс істеу, білімді сапалы қабылдау, шығармашылықтарын арттыра түсуге бағыттайды, мәселені тиімді шешудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды.

Сонымен қатар, жиі қолданылатын ойын технологиясы да оқытушылардың тілдік дағдысын қалыптастыру барысында грамматикалық ойындар қолданылады. Ойын технологиясы оқушының іскерлік қасиетін қалыптастырады. Әртүрлі грамматикалық тапсырмалар арқылы ойын сюжеті құрылады. Ойын оқушының тез ойлай білу дағдысын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысындағы күтпеген жағдайларда оқушы тез шешім қабылдай білуге жаттығады.

Бүгінде әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі – STEAM білім беру, төрт академиялық облысты (science, technology, engineering and mathematics) біріктірген. STEAM білім беру негізінде-пәнаралық және қолданбалы тәсілді қолдана отырып, оқушыларды оқыту идеясы. Әрбір бес пәнді жеке оқытудың орнына, бұл тәсіл оларды оқытудың бірыңғай схемасына біріктіреді. Бұл мектептен тыс мектепте жобалық және оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру бағыттарының бірі. Бұл – технология білім беру мен оқытудағы әдістердің біріктірілген жүйесі. Осы арқылы түрлі ғылыми ойлар мен тұжырымдар практикалық тұрғыда сынақтан, тексеруден өтіп, шынайы өмір саласында зерттеледі. Осы негізде мектеп, қоғам және әлем атты кеңістіктік байланыс жүйесі іске асып осы технология аясында сыннан өткен түрлі жобалар мен әдістер, іс-әрекеттердің жүйелері іске асып халық игілігіне жаратылады.

Қорыта айтқанда, білімді шәкірт, білікті ұрпақ, белсенді болашақ дайындауда «ұстаз» деген атауды алған ұлы тұлғалардың еңбегі ерекше. Бүгінде саналы ұрпақтың сапалы білім алып, кемелді келешек жолында жарата білуі, салиқалы азамат болып қалыптасуы маңызды.

# ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ



*Г.Ж. Сарыбасова,*
*Ақтөбе қаласы*

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы-білім беру жүйесінде түрлі технологияларды қолдану.

Балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет-мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Қазіргі заман талабына сай, әр педагог, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды ұйымдастырылған оқу қызметтерінен гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз оқу қызметерінде күнделікті пайдаланса, ұйымдастырылған оқу қызметтері тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Орыс ғалымы В. Г. Белинский былай дейді: «Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десеңізші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр». Сондықтан шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің куәсі болуы керек. Сонымен бірге жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші – білім беру саласы мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі де басынан кешірген адам нағыз ұстаздар, шынайы бапкерлер осындай қасиеті бар жандардан шығады. Сыпайы әдебімен, тұнық мінезімен, терең білімділігімен көпке жақын адам. Тәрбие мен оқытудың жаңа технологиясы тиімді әдіс-тәсілдердің формаларын біріктіруді, материалдарды тиімді пайдалануды, білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады. Сондай-ақ, оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Педагогикалық технология оқу процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның белгілі бір педагогикалық тәжірибеде жүзеге асуы. Демек, оқытуда жаңа тех-

нологияларды қолдана отырып, тәрбиеленушілердің ойлау қабілеті мен шығарашылық әрекетін дамыту жолдарын қарастырған абзал. Бала әрекетін мақсатты ұйымдастыра білген жөн. Оқытуда теориямен қоса, практикалық, танымдық мәселелерге ерекше назар аударылып, балалардың ой-өрісін кеңейтетін жұмыстар қатар беріліп отырылуы тиіс. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «әр адам – өз заманының баласы». Сәбиді есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір парызы.Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет – мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр. Балалар мен педагогтардың іс-әрекетінің жемісті болуын қамтамасыз етіп, ұжым шығармашылық, ізденіс үстінде үнемі болуына, заман талабына сай бағыт-бағдар болуы керек.

Тәрбие мен оқытудың жаңа технологиясы оқу процесін ұйымдастыру және өткізу барысындағы балалар мен тәрбиешілерге жайлы жағдай тудыратын біріктірілген педагогикалық қарым-қатынастың моделі. Технология- шеберлік пен өнердегі әдіс жиынтығы.

Бұл жаңа педагогикалық технологиялар жеке тұлғаны оқыта отырып, оның қабілетін дамытуды, адамгершілікке тәрбиелей отырып, оның жүрегіне жылылық ұялатады, қызығушылығын оятып, білімділік, танымдылық, шығармашылық қабілеттерін ашуды көздейді.

Педагогтың кәсіби шеберлігін инновациялық қызмет түрлерімен шыңдаудың бірнеше кезеңдері бар.

– тәрбиешілік қызметтің мазмұнын, мәнін түсіну, оның қоғамға қажеттілігін, оның бағалай білу, жаңалық ашуға жол іздеу, байқау кезеңі;

– озат тәжірибелерді, ақпараттық құралдар мен жаңа технологияларды, жобаларды қолдана отырып оқыту мен тәрбие жұмысының жаңа жолын іздеу кезеңі;

– қызметтегі жетістіктеріне талдау жасап, қолданған инновациялық жаңа технологияларын сұрыптап, ең таңдаулысын анықтауға талпыныс жасау кезеңі;

– шығармашылықпен, өзіне деген сенімділікпен-еңбек ету кезеңі;

– өз тәжірибесіндегі жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке ұсыну кезеңі.

Әдіскер педагогтардың инновациялық жұмыс түрін ұйымдастыруы бойынша бақылау жүргізуі қажет. Тәрбиешнің қалай жұмыс істейтінін анықтағаннан кейін ғана ол әр педагогтың білім мен біліктілік деңгейн біледі. Әрбір педагог тәрбиеші мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Сонымен, педагогтың кәсіби шеберлігі өзінің мамандығына сай игеруі тиіс барлық ерекшеліктердің жоғары деңгейін, тұлғаның кәсіби қызметті өзінше ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің жинағын, сондай-ақ кейбір педагогикалық ерекшеліктердің дамуының жоғары деңгейінің салдарын білдіреді, ал педагогтың жалпы мәдениеті, оның теориялық білімі және педагогикалық техниканы меңгеруі осы шеберліктің іргетасы болып табылады.

## «СӨЗДІҢ КӨРКІ – МАҚАЛ»



***М.Ж. Ажниязова,***
*Мәртөк ауданы,*
*Байторысай ЖООБ,*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

**Мақсаты:** 1. Ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдерін жас ұрпақтың керек орнында пайдалана біледі;

2. Мақал-мәтел үйрену арқылы балар өнер-білімге, адамгершілікке, достыққа, татулыққа тәрбиеленеді, тапқыр сөйлей алады, салмақты ой айтуға үйренеді, ана тілінде сөйлеу шеберлігі арттырады, сөздік қорлары молайады.

3. Оқушылардың ой-өрісі, дүниетанымы кеңейді.

4. Мақалдап, мәтелдеп сөйлеу мәнерлері дағдыланады, қазақ тілін құрметтейді.

**Көрнекілігі:** Нақыл сөздер жазылған плакаттар, ата мен баланың суреті салынған плакат, сөзжұмбақ, төсеніш, көрпешелер, үстел, еңбек құралдары, ұлттық тағамдар. Тапсырмалар презентация арқылы беріледі

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдеріне арналған «Сөздің көркі-мақал» деген тақырыпта.

**Презентация**

**1-слайд:** Дастан, хиссаларға қарағанда мақал-мәтелдердің ерекше қасиеті көлемінің шағындығы, мазмұнының кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігі. Мақал-мәтелдер қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тірлігінің айнасы: ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны артпаса кемімес қазына екенін де сездірер белгісі. Өйткені, қазақтың мақал-мәтелдерінің айтары – өсиет, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік.

**2-слайд**: Мақал-мәтелдердің тақырыптары әр алуан: еңбек пен ерлік, жақсы мен жаман, достық пен қастық, ақыл мен өнер-білім, ынтымақ пен бірлік, Отан туралы болып келеді. Мақалдар көбінесе өлеңдік өрнекте айтылады, қара сөзбен айтылатын мақалдар да өте көп. Мақал, негізінен, екі бөлімнен құралады. Бірінші бөлімде ойдың түп негізі айтылса, екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады. Мысалы, Еңбек етсең емерсің, тура мағынада. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей, ауыспалы мағынада. От жақпаған үй қорамен тең, адам кірмеген үй – моламен тең.

**3-слайд:** Қазақ халқы – сөз қадірін білген, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққан мақал-мәтелдерді үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану мақсатқа айналған. Мақалсыз, мағынасыз сөйлеген қарт адамның сөзінің қадірі болмайды. Өйткені, мақал-мәтелдің мағына-мәні терең, аз сөзбен көп мағынаны, үлкен ойды жеткізеді. Өздеріңнің де әкелерін, аналарың, ата-әжелерің көбінесе, мақал-мәтел қолданып сөйлейді. Сендер де ата-әжелеріңнің өсиет-өнегелерін үйренулерің керек. Сондықтан біз бүгін мақал-мәтелдерді қаншалықты білетінімізді тексеріп көрейік:

**Слайдтардағы тапсырмалардың жауаптары анимация арқылы жасалады**

**1-тапсырма: «Ойлан тап».**

**4 - слайд:**.1. Жыланды қалай інінен шығарамыз?

(Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады)

**5-слайд**: 2. Инемен құдық қазуға бола ма?

(Білім инемен құдық қазғандай)

**6-слайд:** 3. Аппақ қарға бола ма?

(Қарға баласын аппағым дейді)

**7-слайд:** 4. Ең тәтті не?

(Ананың сүті тәті, баланың тілі тәтті)

**8-слайд:** 5. Қар жана ма?

(Қалауын тапса, қар жанады)

**9-слайд:** 6. Оттан да не ыстық?

(Отан оттан да ыстық)

**10-слайд:** 7. Тауық түс көре ме

(Тауықтың түсіне тары кіреді)

**11-слайд:** 8. Кімнен кім жаман?

(Олақтан салақ жаман)

**12-слайд:** 9. Шашу мен жинаудың қайсысы оңай?

(Шашу оңай, жинау қиын)

**13-слайд:** 10.Білгенің қанша, білмегенің қанша?

(Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз)

**14-слайд:** 11.Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр?

(Көз қорқақ, қол батыр)

**15-слайд:** 12. Отқа түсіп күймеуге бола ма?

(Отан үшін отқа түс күймейсің)

«Ақыл-ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті»деген екен Ғ.Мүсірепов. Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай бірнеше тілді білу қажет. Қазақтан шыққан өткір ойлы, жан-жақты ғұлама ғалым, тарихшы, әдебиетші, саяхатшы Ш.Уәлиханов 8 тілде еркін сөйлеген. Біздің дарынды жастарымыз да үш тілді еркін меңгерген. ІІІ турымыздың шарты: Мақал-мәтелдердің бір сөзі түсіп қалған сол сөзді тауып, орыс тіліне, ағылшын тіліне аударасыздар.

**2-тапсырма. (8 слайд): «Жеті жұрттың тілін біл»**

1. Мектеп кеме, білім ………..(теңіз, море, sea)
2. Қорада малың болсын, кешеде……….(ағашың, дерево, tree)
3. Адам көркі шүберек, ағаш көркі…….(жапырақ, лист, foliage)
4. Құлан құдыққа құласа, құлағында…ойнайды. (құрбақа, жаба, frog)
5. Жалғыз кірпіш қорған болмас, жалғыз ағаш….. болмас. (орман, лес, forest)
6. Бабалар еккен шынарды, ……саялар (балалары, дети, children)
7. Қыз өссе елдің көркі, ……….өссе жердің көркі. (гүл, цветок, flower)
8. Мақтаның анасы жер, атасы -……..(су, вода, water)

**3-тапсырма. (6 слайд)**
**«Жалғасын тап»**

1. Батыр туса ел ырысы, ...
(Жаңбыр жауса жер ырысы)
2. Асыл тастан шығады, ...
(Өнер жастан шығады)
3. Отан... (оттан да ыстық)
4. Ғылым- теңіз, .... (білім- кеме)
5. Оқу инемен.... (құдық қазғандай)
6. Өзге елде сұлтаны болғанша,
(Өз еліңнің ұлтаны бол)

**Қорытындылау:** Қазақ халқының өз мақал-мәтелдері өте көп. Оның үстіне басқа халықтардың тілінен аударылған мақалдар да көп. Дегенмен, дүние жүзі халықтарының мақал-мәтелдері бір-біріне ұқсас болып келеді. Осыған қарап мақал-мәтелдерді ұлтаралық, жалпы адамзаттық әдеби мұра деуге де болады.

# «КОРОЛЕВСТВО ТРЕХ ЯЗЫКОВ»

*(игра –викторина)*



***Г.К. Отаралина,***
*Алгинская СШ №4,*
*г.Алга*

**Цель**: повысить интерес учащихся к изучению языков.

**Задачи**:

**Образовательная** – повторить пройденный учебный материал в неформальной обстановке при помощи игр и конурсов, познакомить и расширить знания учащихся о Дне языков в Республике Казахстан.

**Коммуникативная** – совершенствовать навыки общения на трех языках (казахском, русском, английском).

**Развивающая** – развить устную речь, память, внимание, языковые способности, кругозор учащихся.

**Воспитательная** – формировать культуру работать в команде, воспитывать дружеские отношения.

**Оборудование**: ИКТ, проектор, цветные карандаши, карточки с заданиями, высказывания о языке для оформления зала.

**Форма проведения** – викторина.

**Ход мероприятия**.

На экране видеофильм о Дне языков.

I. Вступительное слово ведущих.

Ведущий 1: Қайырлы күн, құрметті достар!

Ведущий 2: Добрый день, дорогие друзья!

Ведущий 1: Good afternoon, dear friends!

Ведущий 2: Мы начинаем нашу викторину

Перед нами участники игры.

**Первая команда – «Білгіштер»**

**Вторая команда – «Умники»**

**Третья команда – «All knows»**

Ведущий 1: А вот и наш план проведения. Ребята, если мы пройдем все станции и выполним все задания, мы узнаем где находится «Королевство трех языков».

1) **Станция «Словесная»**.
2) **Станция «Сказочная»**
3) **Станция «Загадочная»**
4) **Станция «Игровая»**

1) **Станция «Словесная»**. Задания даны на казахском языке

1) Учащимся даны пословицы на казахском языке.Они должны найти нужное слово и подставить (көпірі, өткір, тіл)

Тіл – **қылыштан** да....
Тіл – достықтың алтын**....**
Өнер алды- **қызыл**...

2) Команды получают карточки с перечнем предметов, которые нужно приобрести в супермаркете. Названия даны на казахском языке. Условно разложенные товары представлены на русском языке.Суть игры состоит в том, что надо правильно перевести слова, чтобы купить необходимое из списка.

дәптер – тетрадь
кітап – книга
қалам – ручка
бор – мел
сызғыш – линейка
бояу – краски
қайшы – ножницы
орамал – платок
ойыншық – игрушка
құлақшын – шапка
гүл – цветок
сабын – мыло

**2) Станция «Сказочная».**

Задания даны на русском языке

**1)** Чья команда быстрее ответит **«Кто быстрей?»**

– Чем угощала лиса журавля? /**Кашей/**

– Кто помог сестре спасти брата в сказке «Гуси–Лебеди»? /**Мышка/**

– Чем подавился петушок? /**Бобовым зернышком/**

– Кого заморозил Мороз-Синий нос? /**Купца/**

– На чьей кроватке уснула девочка в сказке «Три медведя»? /**на Мишуткиной/**

– Кто помогал Крошечке-Хаврошечке выполнять работу? /**Корова/**

**2) «Назови одним словом»**

1. Сколько лет рыбачил старик, пока не поймал золотую рыбку? **(33)**

2. Всех излечит, исцелит и под деревом сидит? **(Айболит)**

3. В каком городе жил Незнайка? **(Цветочном**)

4. Какое лакомство предпочитал Карлсон? **(Варенье)**

5. Имя мальчика, которого унесли дикие лебеди? **(Иванушка)**

6. Кто из обитателей болота, стал женой царевича? **(Лягушка)**

**3) Станция «Загадочная». Задания даны на английском языке**

**Вопросы для первой команды**

1) What colour is the flag of Kazakhstan? (blue)

2) How many letters are there in the Kazakh alphabet? (42)

**Вопросы для второй команды**

1) A very big clock in London (Big Ben)

2) What is the capital of the USA? (Washington)

**Вопросы для третьей команды**

1) What is the capital of England? (London)

2) What is it that looks like a cat, eats like a cat, walks like a cat, but still it is not a cat? (a kitten

**4) Станция «Игровая». Игра «Полиглот» Ответы на трех языках**

**I команда**

1) В поле родился,
На заводе варился
На столе растворился
Сахар – қант – sugar
2) После лета наступает.....?
Осень – күз – autumn
3) Не куст, а с листочками,
 Не рубашка, а сшита,
Не человек, а рассказывает.
Книга – кітап – book

**II команда**

1) Круглое, румяное,
Я расту на ветке.
Любят меня взрослые,
И маленькие детки.
Яблоко – алма – apple
2) Шея, хвост и голова
Словно лебедь цифра....
Два-екі – two
3) Громко прозвенел звонок,
В классе начался урок.

Знает школьник и родитель
Проведет урок....?
Учитель – мұғалім – teacher

**III команда**

1) То я в клетку, то в линейку,
Написать на мне сумей-ка.
Можешь и нарисовать
Что такое я?......
Тетрадь – дәптер – notebook
2) Белое, да не снег,
Вкусное, да не мед.
От рогатого берут
И детям дают
Молоко – сүт – milk
3) Первый месяц зимы?
Декабрь – желтоқсан – December

**2) Игра «Наборщик»**

Из букв данного слова составьте и запишите новые слова. Слово **Буратино**

Рефлексия

Слово жюри, награждения.

# МЕН ҚАЗАҚПЫН

***А.Н. Құдайбергенова,***
*Жаңажол ЖББОМ*

Оқу мақсаты:

– Барлық оқушылар: қазақ халқының тарихымен танысу;

– Оқушылардың басымбөлігі: оның рухани құндылықтарын түсінуді үйрену;

– Кейбір оқушылар: батырлардың қазақ халқыныңтарихындағы рөлін түсіну.

Тірексөздер: ауызәдебиеті – фольклор – folklore; ерлік – мужество – bravery.

Ресурстар: Мультимедиапроектор, «Толағай» мультфильмі, Қасымханныңпортреті, Е.Құдайбергеновтің орындауында «Мен қазақпын» әнінің бейнеклипі, стикерлер, флипчарт, түрлі-түстімаркерлер, таныстырылым, «Толағай» суреті, «батыр», «ерлік», «адамгершілік», «әлсіз», «күшті», «сараң», «мейірімді» сөздері жазылған үлестірме парақшалар, мақал-мәтелдер жазылған үлестірме парақшалар, қосымша тапсырмаға арналған сюжетті сурет.

Сабақтың мақсаты: 1.3.2.1 көрнекі материалдардың негізінде қазақтардың өмір салтын сипаттау

Сабаққа байланысты деректі материалдар

Сабақ барысы

**1. Психологиялық дайындық**

**2. Қожаберген жыраудың нағыз қазақ әніне айналған «Елім-ай» әнінің дыбыстық немесе бейнежазбасын тыңдатылады.** Тыңдап болғаннан кейін оқушылардан бұл ән қандай сезім оятқанын, мағынасы қандай екенін сұраңыз. Оқушылардың болжамдарын тыңдаңыз. Бұл ән қазақ халқының ең ауыр жылдарында пайда болғаны туралы әңгімелеңіз. Қаптаған жоңғарлар қазақтың бейбіт ауылдарына қаһарлы күшін төкті. Мыңдаған адамдар туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Міне, сол кезде барлығы білетін және айтатын осындай зарлы ән пайда болды.

**3. «Толағай» – халық аңызы.**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы тау атауына байланысты. Ерте заманда, үлкен өзен бойында Саржан деген аңшының отбасында Толағай деген ұл дүниеге келеді. Толағай ай санап емес, күн санап өседі. Күндердің күнінде жауын жаумай, қуаңшылық болады. Шөлден мал қырылып, жұт келеді. Елін жұттан құтқару үшін алыстағы тауды өз еліне әкеледі. Шаршаған батыр ауылына жеткенде тау астынан шыға алмай мәңгіге сол таудың астында қалып қояды. Содан бері бұл тау «Толағай» деп аталады.

Бұл тапсырманы орындау үшін «Жеті жебе» әдісін қолданамыз. Ол үшін сабақ басталар алдында тақтаға қазақ батыры бейнеленген суреті ілінеді.Суреттің айналасына бормен жеті жебенің суретін салыңыз. Балаларға «Жеті жебе» бізге қазақ батырлары туралы әңгіме қозғауға көмектесетінін айтыңыз. Оқушыларға-оқулықтағы 1-суретті ұсыныңыз. Егер мүмкіндік болса, оларға Толағай батырдың ерлігі көрсетілген мультфильмнен үзінді көрсетіңіз. Оқушыларға оқулықтағы 1-мәтінді өз бетімен оқуды ұсыныңыз. Оқушылар жұпта қандай қасиеттері арқылы Толағайды батыр деп атауға мүмкіндік беретінін талқылайды. Талқылағаннан кейін оқушыларға қалауы бойынша жебелерге батырдың ерекше қасиеттерін жазуды ұсыныңыз.

Жауабы: Күшті, ержүрек, батыр, қайсар, елжанды, жанашыр, мейірімді.

**4. Ауыздан ауызға беріліп отырған осындай әндер, мақал-мәтелдер, аңыздар фольклор немесе халық ауыз әдебиеті деп аталады.**

Бекіту ретінде жұмыс дәптерінде қосымша тапсырма орындауға болады.

**5. Халық даналығы.**

Оқушылар мақал-мәтелді оқиды және мағынасын түсіндіреді

Жұмысты топта өткізіңіз. Әр топқа қазақ халқының ұлттық құндылығы көрсетілген мақал-мәтелдер мен суреттер салынған үлестірме парақшалар таратып беріңіз. «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы», аттың суреті бар үлестірме парақшада «Ер қанаты – ат», мереке суреті бар үлестірме парақшада «Гүлсіз болса жер мұңды, Күлкісіз болса ел мұңды», ауыл суреті бар үлестірме парақшада «Туған жердің жуасы да тәтті» және т.б. мақал-мәтелдері. Әр топ өзіне таныстыру түрін таңдайды.

**6. Қазіргі заманда батыр атануға бола ма?**

Тапсырманың екінші сұрағына жауап беру үшін оқушылар өз өмірлік тәжірибелерін қолдануы тиіс. Олардың назарын бейбіт өмірде адамдардың игілігі үшін жасалған кез-келген игі істер ерлік болып саналатынына аударыңыз. Мысалы, қарттарға, мүгедектерге көмек, өрт сөндіру.

**7. Мен кіммін?**

Тақтаға Қасым ханның суретін іліңіз. Оқушыларға бір-бірден стикер таратыңыз және портретке қатысты бір сұрақтан жазуды ұсыныңыз. Содан кейін оқушылар айдардың мәтінін және 2-мәтінді өз бетімен оқысын. Оқушылардан оқыған материалдарда сұраққа жауап бар ма екенін сұраңыз. Егер жауап бар болса, онда оқушылар тақтаға барып, өз стикерін алсын. Егер тақтада тағы да стикерлер қалған болса, онда деректі материалды қолдана отырып, сұрақтарға жауапты өзіңіз бере аласыз. 2-3 қызықты сұрақты қалдырып, қабілеті жоғары оқушылардан үйден интернет ресурсынан жауаптар табуға тапсырма беріңіз.. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы, әсіресе Жәнібектің баласы Қасым ханның (1511–1523 жж.) тұсында нығайды. XVI ғасырдың екінші он жылдығында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ жерін өз қол астына біріктірді. Тарихшы-ғалымдардың зерттеуіне сай Қасым ханның тұсында қазақ халқының саны 1 миллионға жетті. Қасым дана және көреген саясаткер, дарынды және ер жүрек қолбасшы болған.

**8. Сен білесің бе?**

Бұл айдар мазмұнының тәрбиелік мағынасы зор, бірақ 1-сынып оқушыларының қабылдауы қиын. Сондықтан мұғалім оның мағынасын өзі ашып бергені дұрыс. Мәтінді оқудың алдында оқушыларға бейнелі түрде салыстыруды ұсыныңыз. Оларға әр халықтың ана тілі, мәдениеті – бұл оған қорек беретін және ұстап тұратын өсімдік тамыры тәрізді екенін түсіндіріңіз. Сыныптағы ең әдемі бөлме гүлін үстелге қойыңыз. Бұл гүлді суармаса, не болатынын сұраңыз.

Жауабы: Гүлқурайды. Анатілі де тура сол сияқты. Егер ана тілінде сөйлемесе, ол біртін деп жойылып кетеді. Тілболмаса, халық та болмайды.

**9. Орындап көр**

Сабақтыңқорытындысы

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында түсінік беріледі жіне символын жасайды

Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру

Бұл сабақтың тірек сөздері қолданып жүрген сөздік қорға жатпайды. Оқушылар тірек сөздерді хормен қайталасын. Содан кейін тірек сөзбен бір жай сөйлем ойлап табуын сұраңыз. Қабілеті жоғары оқушылар өз сөйлемдерін орыс және ағылшын тілдеріне аудара алады.

Пәнаралық байланыс

Қосымша тапсырмалар

Жаратылыстану. «Сен білесің бе?» айдарының мазмұнын ашқан кезде өсімдікпен салыстыру қолданылады.

Дәптердегі «Мен қазақпын» тапсырмасы өнермен пәнаралық байланысты қамтиды.

АКТ. Қабілеті жоғары оқушылар интернет ресурстарынан қазақ хандығы туралы материалдар жинайды.

Оқушыларға жұмыс дәптеріндегі «Қазақ халқы» тапсырмасы орындауға беріледі.

Бағалау

Оқушылар

– «батыр» ұғымын және батырлардың қазақ тарихындағы рөлін;

– мақал-мәтелдер мен аңыздардың мағынасын түсінді;

– қазақ халқының тарихымен танысты.

Оқушылар

– қазақ халқының рухани құндылықтарын түсінуге; – сұрақтар қоюға; – алған ақпарат негізінде өз көзқарасын білдіруге үйренді.

**10. Бағалаудың бір түрі ретінде барлығын түсінген Қазақстан туының күнін, толық түсінбеген қыранды, мүлдем түсінбеген оюды жапсырады.**

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1: Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау.

2: Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың ерекшелігіне көңіл бөлу.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1: Сабақтың нәтижесіне көңіл бөлу.

2: Рефлексия.

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

# ҮЗДІК САБАҚ

## ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ КОНЬКИШІСІ

*С.М. Султангалиева,*
*Тіккайың негізгі мектебі*

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>**(3-5 минут)**<br><br>**Ортасы**<br>**(5-35 минут)**<br><br>**Оқулықпен жұмыс**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**8-тапсырма.**<br>**Жазылым.**<br>Ырықсыз етіс жұрнақтарын жалғап, етістіктерді дұрыс жаз<br><br>**Карточкамен жұмыс**<br>Берілген етістіктерден етістер жасап, оның түрін ажыратып айтыңыз. Олармен сөйлем құраңыз.<br>1. Ойна,<br>2. Сұра<br>3. Біріктір<br>4. Жұптас<br>5. Жаз<br><br>**Саралауға арналған тапсырма**<br><br>**Сабақты пысықтау**<br>**«Иә немесе жоқ» әдісі** | Сәлемдесу<br>Сабақ мақсатын жариялау<br>Психологиялық ахуал<br>**«Бас бармақ»** тәсілі арқылы оқушылардың көңіл күйін сұраймын.<br>**Үй тапсырмасын тексеру.**<br>**«Сұрақ - жауап»** әдісі арқылы үй тапсырмасын сұраймын.<br>1. Етістік деген не?<br>2. Болымды етістік деген не?<br>3. Болымсыз етістік деген не?<br>4. Етіс деген не?<br>5. Өздік етіс деген не?<br>6. Өзгелік етіс қалай жасалады?<br>7. Ырықсыз етіс мысал келтіріңіз?<br><br>Балалар, біз сабақ тақырыбын білеміз. Сабақта тапсырмалар орындау үшін біз нені білу керекпіз?<br>(оқушы жауабы тыңдалады)<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=bTZzYSwKTQI<br>бейнеролик көрсетемін<br><br>Тапсырманы орындауға бағыт беремін<br><br>Карточкаларды таратамын<br><br>Тапсырманы орындау барысын түсіндіремін<br><br>**Сұрақтар қоямын**<br>1.Етістік, үстеу сөздерінің орнына жұмсалатын сөздер есімдік деп аталады ма? (жоқ)<br>2.Етістер мағынасына қарай төртке бөлінеді ме? (иә)<br>3.Етіс етістіктің формасы ма (иә)<br>4.Өздік етіс -ын, -ін, -н жұрнағы арқылы жасалады ма? (иә)<br>5.Өзгелік етіс -ған; -ген, -қан; -кен жұрнақтары арқылы жасалады ма? (жоқ) | Кезекші мәлімет береді<br><br>Сабақ алдындағы көңіл – күйлерін көрсетеді<br><br>Берілген сұрақтарға жауап береді<br><br>Бейнероликтен алған ақпараттарымен бөлісіп, **«Сұрақ ілмегі»** әдісі арқылы өзара сұрақ дайындайды, сұрақтарында етістерді пайдаланады<br><br>**Дескритор:**<br>• Мәтін мазмұны<br>• бойынша сұрақ қояды;<br>• Етістерді пайдаланады.<br>145-бет, 8-тапсырманы жазбаша дәптерге орындайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>• Ырықсыз етіс<br>• Жұрнақтарын жалғайды;<br>• Етістіктерді дұрыс жазады.<br><br>**Дескриптор:**<br>• Етістіктерден етістер жасайды, етіс түрін ажыратады;<br>• Сөйлемдер құрайды.<br>Тапсырмаларды таратамын, орындау барысын қосымша түсіндіремін<br><br>**Дескриптор:**<br>• Өздік етістің жұрнақтарын дұрыс қояды;<br>• Жұрнақтардың тиістісін қоя алады.<br><br>«Иә» немесе «жоқ» деп жауап береді | Мұғалім комментарийі<br><br>Өзара бағалау<br><br>Өзін-өзі бағалау<br><br>Өзін-өзі бағалау<br><br>Өзін-өзі бағалау<br><br>- | «Бас бармақ» әдісі<br><br>«Сұрақ - жауап» тәсілі<br> <br><br><br><br>  |

# АСЫЛ СӨЗ

***С. Кисымбетова,***
*Сапаққөл орта мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сілтеме** | 3.1.5.1 – өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу. | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасы на сілтеме)** | **Барлық оқушылар:** Мұғалімнің қолдауымен өз ойымен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді.<br><br>**Көптеген оқушылар:** Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді.<br><br>**Кейбір оқушылар:** Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді. Көркем сөздерді өз сөздерінде қолданады. | |
| **Бағалау критерийі** | Мұғалімнің қолдауымен көркем-бейнелі сөздерді таба алады және мағынасын түсіндіре алады.<br><br>- Ашық және жабық сұрақтарды қолдана алады.<br><br>- Көркем сөздерді өз сөздерінде қолдана алады. | |
| **Құндылық** | Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім<br>Адамгершілік құндылықтарды дарыту, ұлттық құндылықтарды үлкенге құрмет, кішіге ізет қасиеттерді насихаттау | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану. Қазақ тілі | |
| **АКТ-ны қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта. Интернет-ресурстар,<br>дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; | |
| **Алдыңғы білім** | Әнет баба өсиеті | |
| **Уақыт** | **Жоспарланған жұмыс түрлері** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы. 5минут.** | **Оқушылармен амандасу.**<br>**Сыныпты қалыпқа келтіру**.<br>Балалар ортақ тақырып қалай аталады?<br><br>Өнердің қандай түрлерін білеміз?<br><br>Ендеше сыныпты топқа бөліп алайық.<br><br>**1-топ**. Би өнері.<br><br>**2-топ**.Бейнелеу өнері<br><br>**3-топ**. Көркемсөз өнері.<br><br>Балалар топқа бөлініп алсақ онда өз топтарыңызды қорғаңыздар.<br><br>Би өнері туралы не білеміз?<br><br>Бейнелеу өнері туралы не білеміз?<br><br>Көркемсөз өнері туралы не білеміз?<br><br>**Дескриптор : әр топ өз топтарының атауларын қорғау.** | Оқушыларды топтарға бөлуге арналған парақшалар. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ тың ортасы.**<br><br>**Үй тапсырмасына 8-минут.**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**1 минут.**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 минут** | Ендеше үй тапсырмасына көшейік. Үйге қандай тапсырма берілді? Үй тапсырмасын әр топ әртүрлі әдіспен айтамыз.<br>Үйге берілген тапсырма. Әнет бабаның өсиеті.<br>1-топ. «5 қадам» әдісі бойынша әңгіменің мазмұнын айтады.<br>2-топ. «Қарлы кесек» әдісі бойынша әңгіменің мазмұнын айтады.<br>3-топ «Аквариум» әдісі бойынша әңгіменің мазмұнын айтады.<br>Сонымен қатар сіздерге үйге зымыран сұрақтар дайындап келуге тапсырма берілген болатын әр топ сұрақтарыңды оқи қойыңдар<br><br>**Дескриптор:**<br>– «5 қадам» әдісі бойынша әңгіменің мазмұнын айта алады.<br>– «Қарлы кесек» әдісі бойынша әңгіменің мазмұнын айта алады.<br>– «Аквариум» әдісі бойынша әңгіменің мазмұнын айта алады.<br><br>**ҚБ «Отшашу»** әдісі арқылы бір-біріне қошемет көрсету.<br>Ойқозғау.<br>«Тыңдалым». «Жаңғырған салт-дәстүрлер» кітабынан алынған мәтінді тыңдау.<br><br>**Ресурс немесе мәтін бойынша саралау.**<br>(Саралаудың бұл түрі **ілгері деңгейдегі, мазмұны терең** ресурстармен жұмыс жүргізуге бейім балаларға арналады)<br><br>**2. Түсінгенін пайдаланып, Сырым шешеннің сөзіне талдау жасайды:**<br>Су анасы – бұлақ,<br>Сөз анасы – құлақ,<br>Жол анасы – тұяқ.<br>Су анасы – бұлақ,<br>Неге? Себебі бұлақ суы ең таза су. Сонд.оны анасы дейді.<br>Сөз анасы – құлақ, Себебі сөзді құлақпен тыңдайсың жақсы, жаман сөздерді тек санаң болса өзіңе керегін өзің аласың<br>Жол анасы – тұяқ. Себебі жолды аяқпен жүресің. Мысалы машинаның аяғы-дөңгелек. т.б.<br><br>**Мағынаны ажырату.**<br><br>**Тақырып болжау.**<br>Сонымен, кімдердің сөзіне құлағымыз түрік жүруі керек деп ойлайсыңдар?<br><br>**Дескриптор:**<br>– Шешендердің, ақындардың көркем ойын өз тілдерінде қолдана алады.<br><br>**«Тыңдалым». А. Асылбектің өлеңі тыңдалады**.<br>Ендеше осы өлеңді тізбектеп оқып шығайық.<br>Өлеңді бәріміз тыңдадық, оқыдық ендеше осы өлеңнің мазмұны бойынша топтық жұмыс жасайық.<br>1-топ. «Домино» ойыны арқылы орналастыру.<br>2-топ. «Карта» ойыны арқылы орналастыру.<br>3-топ сіздерге «Квест» арқылы семантикалық картаны толтыру керек. | 5 қадам<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қарлы кесек.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Аквариум<br><br><br><br><br><br><br><br>Зымыранның суреттері.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Интербелсенді тақта |

| | | |
|---|---|---|
| Сергіту сәті<br><br>2 минут | Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Су құйған соң өседі. |  | | |
| Аяқталуы<br><br>Сабақты бекіту<br><br>10 минут | **Жұптық жұмыс.**<br><br>Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қой.<br><br>Бүгін күн жылы. Аспан ашық. Біздің мектеп... алды таза. Сынып терезелерінің алдында ағаш... өсіп тұр. Мектеп алдында бала... футбол ойнап жүр. Біздің мектеп... ауласы үлкен. Біз... үй мектеп... алыс емес.<br><br>«Менің мектебім» тақырыбына кесте бойынша сөйлемдер құрау.<br><br>**Оймоншақ әдісі**<br><br>Қай көшеде орналасқан?<br><br>Қандай?<br><br>Неше қабатты?<br><br>Нелер бар?<br><br>Ауласы қандай?<br><br>Қандай пән кабинеттері бар? | Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады.<br><br>Кестені толтырады.<br><br>Оқушылар моншақты қолымен тізбектей отырып, өз мектебінің қандай екенін айтады. | Кеспе қағаздар<br><br>Кесте<br> | |
| Бағалау<br><br>5 минут<br><br>Кері байланыс<br><br>3 минут | «Білім қоржыны» кері байланыс<br>**Дескриптор білім алушы**<br>«Кім жылдам?» ойынында<br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылар сөзжұмбақты шешу арқылы сабақтың тақырыбын ашады.<br>Сын есімдерді қолданып, мектеп жайында мәтін құрайды.<br>Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады. |  | | Керемет! |
| Қосымша ақпарат | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br><br>Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | **Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс құндылықтар-дағы байланыс** | |
| Рефлексия<br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Білім қоржыны арқылы өз алған білімдерін насихаттайды. | | |

**Жалпы бағалау**
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
- «Кім жылдам?» ойынында оқушылар сұрақтарға жауап береді.
- Оқушылар сөзжұмбақты шешу арқылы сабақтың тақырыбын ашады.

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
- Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар ұйымдастыру.
- Көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар дайындау.

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1. Көмекті аз қажет ететін оқушыларға күрделірек жұмыстарға баулу.
2. Көмекті қажет ететін оқушыларға көбірек мадақтау сөз айтып, сабаққа ынтасын аудару.

# ОЙШЫЛ, СУРЕТКЕР АҚЫН

***А.С. Бегманова,***
*Байторысай ЖОББМ*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 8.2.6.1 - кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру<br>8.4.4.1- тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** кесте, диаграммада берілген ақпараттарды талдайды<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** берілген ақпараттарға баға бере алады<br>**Кейібір оқушылар:** мәліметтерді жинақтап, эссе жазады |
| **Бағалау критерийлері** | • кесте, диаграммада берілген ақпараттарды талдайды<br>• берілген ақпараттарға баға бере алады<br>• мәліметтерді жинақтап, эссе жазады |
| **Тілдік мақсаттар** | ***Пән лексикасы және терминология:***<br>ойшыл, суреткер, сазгер, дана<br>***Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестері;***<br>• ***Менің ойымша;***<br>• ***Менің пікірімше;***<br>• ***Қорыта келгенде;*** |
| **Құндылықтар** | Зайырлы қоғам және руханият |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | мәтіннің мазмұнын сұрайды |

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек-көздер** |
| **Сабақтың басы**<br>**3 минут**<br>**Сабақтың ортасы**<br>**15 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**10 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Сабақтың соңы**<br>**7 минут** | **«Айна» тренингі**<br><br>**Тапсырма. Суретті пайдаланып, «Абай Құнанбайұлы ойшыл ақын» деген тақырыпқа диалог құрыңыз**<br>**Дескриптор:**<br>• диалог құрайды<br>• суретті пайдаланады<br>• тақырыпты ашады<br>**ҚБ:** жұптар бір бірін бағалайды<br>**Тапсырма.** Мәтін бойынша, әртүрлі кесте жасау<br>1топ: Уақыт тізбегі<br>2 топ: дара диаграмма<br>3 топ: венн диаграмма<br>4 топ: торлы диаграмма<br>**Дескриптор:**<br>• мәтінмен танысады<br>• кесте толтырады<br>• топпен жұмыстанады<br>**ҚБ:** топтар бір бірін бағалайды<br>**Тапсырма. Мәліметтерді жинақтап, аргументтівті эссе жаз.**<br>**Дескриптор:**<br>• ақпаратты бірнеше бөлімге бөледі<br>• әр бөлімге жазатын аргументті анықтайды<br>• үшінші бөлімде идея ұсынып, сол идеяны дәлелдейді<br>**ҚБ:** дәптерді тексеріп, бағалау<br>**Рефлексия**<br>**«Сауалнама»** кері байланысы<br>Бағалау. Комментарий айту | Плакат<br>Маркер |
| **Үйге тапсырма** | мәтінді мазмұндау | |

## «ӨЗ-ӨЗІҢЕ СЕНІМДІЛІГІҢДІ АРТТЫР» ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

*А.Ғ. Ғазиз,*
*Елек орта мектебі,*
*Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты:** ҰБТ - ге дайындалу кезінде оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылауын, стресске қарсы тұру қабілетін дамыту, көңіл күйін көтеру.

**Қатысқандар:** 11 «А» класс оқушылары

**Көрнекіліктер:** Слайд, ағаш бұтағы, жадынамалар.

**Жұмыс жоспары:**

1. *Сәлемдесу жаттығуы*
2. *Ой қозғау. Мен 5 жылдан кейін, мен 10 жылдан кейін*
3. *Менің жарқын үміттерім, менің қауіп-қатерлерім*
4. *Достық торы жаттығуы*
5. *Армандар ағашы*
6. *ҰБТ-да жетістікке жетейік әні*
7. *ҰБТ-ға дайындалуға психологиялық көмек, жадынаманы тарату талқылау*
8. *Арттерапиялық жаттығу, сергіту сәті.*
9. *Қорытынды*

**Кіріспе**

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесі оқыту мен тәрбиелеудің құрылымы, мақсаты мен мазмұны, технологияның түбегейлі өзгерістерімен ерекшеленеді. Мұндағы мақсат жеке тұлғаның білім, білік дағдысын механикалық түрде дамыту емес, танымдық қабілеті дамыған және өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлғаның ақыл-ойын, тұлғалық психикалық қасиеттерін дамыту.

ҰБТ-ны тапсыру кезінде оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптаспауы, өзін-өзі бақылаудың, стресске қарсы тұру қабілетінің төмендігі және емтиханды қабылдау ерекшеліктеріне байланысты қиындықтар кездеседі. Осы қиындықтарды жеңу үшін талапкерлердің бойындағы уайымды, жан күйзелісін, қорқыныш пен үрейді төмендету үшін бүгінгі тренингті ұйымдастырғалы отырмын.

**«Сәлемдесу» жаттығуы**

Мақсаты: мейірімді қарым-қатынас қалыптастыру

Нұсқау: Оқушылар бір-бірімен түрлі тәсілмен сәлемдеседі. Оң жақтағы көршімен иықпен және сол жақтағы көршімен аяқпен амандасып, хал-жағдайларын сұрайды.

**Ой қозғау, «Мен 5 жылдан кейін, мен 10 жылдан кейін»**

Мақсаты: оқушының мақсатқа жету жолындағы нақтылығын анықтау

Нұсқау: Оқушылар өздерінің 5 және 10 жылдан кейін кім болатындарын айтады.

**«Менің жарқын үміттерім, менің қауіп-қатерлерім»**

Мақсаты: оқушылардың жағымды, жағымсыз қасиеттерін, қорқыныштарын анықтап, талқылау

Нұсқау: Оқушылар параққа өздерінің жағымды және жағымсыз қасиеттерін жазып талқылайды.

**«Достық торы» жаттығуы**

Мақсаты: Оқушылардың ауызбіршілігін, бір-бірін қаншалықты танитынын анықтау, тығырықтан шыға білуге үйрету

Нұсқау: Оқушылар шеңбер болып қол ұстасып тұрады, қолдарын қалай ұстап тұрғанына мұқият назар аудару қажет, енді қолды жіберіп, араласып жүред, психолог тоқта дегенде тоқтап қалып, жаңағы қол ұстасқан адамын тауып қолдарын ұстау қажет және шырмалған тордан шығып орындарына келу қажет.

**«Армандар ағашы»**

Мақсаты: оқушылардың болашаққа жоспарларын нақтылау.

Нұсқау: арнайы отырғызылған ағаш бұтағына армандары жазылған жапырақтарды іледі, осылайша құраған ағашты, әдемі армандар ағашына айналдырады.

**ҰБТ-да жетістікке жетейік әні**
**(Бір дәуірдің түлегіміз әнінің әуенімен)**

Арман мақсат бір болған соң тілегіміз,
Ұбт деп бірге соққан жүрегіміз
білім болған бастау алар тірегіміз,
Әннен шашу шашайық

**Қайырмасы:**

Болашаққа қанат қаққан түлегіміз,
Орындалсын үміт толы тілегіміз.
Бәрімізде дайым,
Көрмей уайым-қайғы,
Ұбт-дан жетістікке жетейік!
Жанымызға сенімділік серік болсын,
Бірлігіміз әрқашанда берік болсын.
Басымызға бақыт құсы келіп қонсын,
Асулардан асайық

**Қайырмасы**

**ҰБТ-ға дайындалуға психологиялық көмек, жадынаманы тарату талқылау**

**Арттерапиялық жаттығу, сергіту сәті.**

Мақсаты: Оқушыларды сергіту, музыкамен денені демалту, тыныс алуды жақсарту.

Нұсқау: баяу музыка қосылып тұрады, психолог арнайы мәтін оқиды, оқушылар көздерін жұмып емін-еркін отырады, мәтін соңында мотивациялар оқылады.

**Қорытынды.**

Тренинг соңында оқушылардың өз ойларын, тренингтен алған әсерлерін айтады.

Күн сайын биіктеген әр сатымыз,
Біздің бір тілегіміз, мақсатымыз.
Әрдайым ашық болсын аспанымыз
Сеніммен шыға берсін жақсы атымыз, – дегендей қаламгеріміздің өлең жолдарына назар аударайықшы балалар. Егер өмірде өзіңе өзің сенімді болғың келсе, өмірмен бетпе-бет кездесуден қорықпа, үнемі өмір сынағының әр түрінен қашқақтап, жеңілдікпен өтірік көңіл көтеруді пайдалансаң, кезең-кезең қиындықтар туындай береді, өзіңмен өзің әлектене бересің. Сондықтан өмірдің қиындығын қасқайып қарап қабылда. Жеңіл жол іздеме, Қиындықпен күрес. Осының өзі саған өзіңе деген сенімділік әкеледі. Бүгінгі тренинг сабаққа қатысқандарыңа рахмет, сау болыңдар!

# OUR PLANET'S TREASURE 1

***S.B. Uzakbayeva,***
*Sapokkol secondary School*

| | |
|---|---|
| **Learning objectives** | 4.L3 understand the main points of short, supported talk on an increasing range of general and some curricular topics<br><br>4.S3 give short, basic description of people and objects on a limited range of general and some curricular topics begin to describe past experienceson an increasing range of general and some curricular topics<br><br>4.R3 recognise basic opinions in short, simple texts on an increasing range of general and some curricular topics<br><br>4.W4 write with support a sequence short sentences in a paragraph to give basic personal information |
| **Lesson objectives** | **All learners**<br>– recognize the main points of short simple texts on a topics by using contextual clues with some support<br>– use determiners a/an, the, zero article to refer to our planet's treasure with 75% accuracy |

| | |
|---|---|
| | **Most learners**<br>– recognize the main points of short simple texts on a topics by using contextual clues with any support<br>– use determiners a/an, the, zero article to refer to our planet's treasure with 85% accuracy<br>**Some learners**<br>– analyze the main points of short simple texts on a topics by using contextual clues with any support<br>– use determiners a/an, the, zero article to refer to our planet's treasure with 90% accuracy |
| **Criteria** | – recognize the main points of short simple text on a topics by using contextual clues;<br>– demonstrate ability to use determiners a/an, the, zero article |
| **Previous learning** | Treasure and numbers 2 |

**Plan**

| **Planned timings** | **Planned activities** | **Learners' activities** | **Evaluation** | **Resources** |
|---|---|---|---|---|
| Begining<br>5 min | GREETING. INTRODUCE THE LESSON OBJECTIVES.<br>**Guessing the theme of the lesson. Strategy «Video clip»**<br>Watch the video and listen to the song «What a wonderful world» by Louis Armstrong<br>**Group division «Cut card» strategy**<br>New words:<br>***island, river, lake, rainforest, waterfall, mountain, desert, ocean*** | **Group division «Cut card» strategy**<br>Each of the students pulls a fragment of cut card and looks for his team, teaming up with those who got the fragments needed to make up the whole picture (a desert, a forest, an ocean) | | https://www.youtube.com/watch?time_continue=8&v=XJANo7oHyKU |
| Middle<br>37 min<br>3 minutes | **PRESENTATION AND PRACTICE**<br>**Pre-reading Eliciting technique**<br><br>**Strategy «Sticky Notes»** Students post notes with the words on the pictures<br>***(a river, a waterfall, a rainforest, a mountain, a desert, a lake, an ocean (a sea)***<br> | Students post notes with the words on the pictures | *Individual evaluation* | pictures and stickers |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 minutes | Tell the pupils to choose one of the words and imagine that they are going to visit one of these places this weekend. Ask them to think of what they are going to do there. Pupils, in pairs, talk to each other. Ask some pupils to report back to the class. | *Pupil:* I'm going to visit the Amazon rainforest this weekend. I'm going to see a lot of plants and animals there. | *Mutual avaluation* | Worksheet 1 |
| 9 minutes | **Activity 1.Reading. Active strategy «Scanning»**<br><br>Hi, Sophie!<br>How are you? I'm writing you about my holiday in Kazakhstan. Kazakhstan is a country in Central Aisia. I read some information about the Kyzyl kum desert, the Caspian Sea, Khan Tengri mountain, Signing Barkhan. And now I can see a lot of beautiful places in Kazakhstan my own eyes.<br>We went there with my family. We stayed in a hotel near Almaty. Almaty is a big and beautiful city. We have amazing view from the windows. The weather is very nice. It's July. It's sunny and hot every day. There is a river not far from us, it takes only 5 minutes to get there. We can't swim in the Uzun river because water is very cold. But I walked to the river to see sunrise because it's a very unusual. We visited Burkhan Bulak Fall, and lake Kolsai. We took lots of pictures of fall and lake. We are going to climb Kok Tobe mountain in two days. I' m impressed by everything in Almaty including wonderful nature of this country. | Pupils read the text silently and choose the correct answer.<br><br>Then individual pupils read out the text.<br><br>**Descriptors**<br><br>**A learner**<br><br>- reads the email;<br><br>-chooses the correct variant by using contextual given in the email | **Differentiation by grouping**<br><br>**Teacher provided assessment**<br><br>**Differentiation by outcome** | pictures and stickers |
| 5 minutes | Write me about your holiday.<br><br>See you soon!<br><br>Yours Emily.<br><br>**Task Read the e-mail and make the right choice in the task given below.**<br><br>**23 Read and choose.** | **Descriptors A learner**<br><br>– chooses the names of the geographical objects from the email given below;<br><br>– identifies determines a/an, the, zero article;<br><br>– puts the words with determiners a/an, the or zero article and place them into the correct chest | | |
| 3 minutes | Find the correct word.<br><br>1. Emily went to Kazakhstan in ____ **summer/winter**.<br><br>2. Emily visited _______ **Burkhan Bulak Fall / Kok Tobe mountain.** | **Descriptors A learner** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 minutes<br><br>9 minutes | 3. Emily gets to river ________ **on foot/ by car.**<br><br>4. Emily ______ **likes/doesn't like** Kazakhstan.<br><br>5. Emily walks to the river _____ **in the morning/in the evening.**<br><br>**Activity 2. Use English. Active strategy «Chest of ideas»**<br><br>**Task. Choose from the email the names of the geographical objects with *determiners a/an, the* or zero article and place them into the correct chest.**<br><br><br><br>The A/an –<br><br>**Relax time**<br><br>**Activity 3. Writing. Formative assessment task**<br>**Task. Read the e-mail and complete the sentences using a/an, the, zero articles (-).**<br><br>Hi, Emily!<br>Thank you very much for your letter. Glad to hear that you enjoy your holiday I'm writing you about my holiday in 1)____ Australia. It's 2) ____ beautiful country and continent.<br>We went there with my family. We stayed in a hotel in 3)____ Sydney. This city is big and amazing. I like it very much. The weather is very nice. I enjoy sunny and hot days. We visited 4) lake___Hiller. It's great and unusual because its color is pink. We visited 5)___Jim Jim falls, too. I want to see 6)____Uluru mountain. This mountain is unusual, too. Yesterday we rafted on 7) __Tully river. It was unforgettable trip for me!<br>See you soon!<br>Yours Sophie | – identifies determiners a/an, the or zero article;<br><br>– completes the sentences using the correct determiners a/an, the or zero article | **Peer assessment**<br><br>*Individual evaluation* | https://www.youtube.com/atch?v=2P-mAr9F4e7U<br><br>Worksheet 2 |
| End<br><br>3 min | **Feedback «Coins of success»**<br><br><br><br>The teacher invites students to express their impressions about the lesson using coins:<br><br>– a golden coin – the lesson was interesting, everything was clear<br>– a silver coin – the lesson was very interesting, but not all clear<br>– a bronze coin – didn't like, nothing was clear | Pupils answer | *Selfassess ment* | |

# «THE BEST OF LEANER OF ENGLISH LANGUAGE»

***S.K. Baimukasheva,***
*№2 Martuk school-gymnasium*

**Aims:** 1) Improve the cognitive interest in the English language.

2) To develop the vocabulary and the general knowledge of the world.

3) To develop imagination.

4) Develop a spirit of friendly competition between groups.

**Type of the lesson:** consolidation of skills and habits of students.

**Form of the lesson:** in pairs, in groups, individually.

**The method:** demonstrative, cognitive, reproductive.

**Visual aids:**interactive board, cards, copybooks, pens.

Organization moment:

**Teacher:** Glad to meet you, dear boys and girls, guests and teachers! Today we are having a competition: "The best of leaner of English language". I hope you you'll enjoy our English lesson. Please, be active and friendly to each other. Now divide into 2 groups. Each group choose the captains.

Who is the captain of the 1st team?

P1: I'm the captain of the team. The name of our team is «Erudites». Our motto is «Enjoy English!»

Teacher: Who is the captain of the 2nd team?

P2: I'm the captain of the team. The name of our team is «Optimists». Our motto is «Learn English!».

There are two teams.Conditions of the competition:

1. Grammar.
2. Phonetic speech
3. Teamwork
4. Quickness

Well, I wish you success. Be active, honest and helpful! Remember 5 steps to success:

Order.

Reserve.

Industry.

Cleanliness.

Justice.

**Teacher:** Ok, let's start.

Questions for captains.

**Task 1. Answer the questions and introduce yourself.** What is your name? What is your surname? What do you do? What nationality are you? What's your hobby? What's your favourite sport/subject/lucky number/happy day of the week? Where are you from?

**Task 2. You can help children if you use the correct form.**

SOS! Help us! We … in the sea.My name … Susan.I … in a boat.John … in the sea.It … very, very cold.We … from England.SOS! Help us.

**Task 3. Write the text with full stops (.), capital letters, apostrophes.**

My names bob ive got a dog its name is spot my friends have got pets too this is mikes cat its black this is johns cat its white the cats basket is in the room

**Task 4. Insert some/any.**

I've got-----books in my bag.

Have you got -----brothers or sisters? Yes, I have got a brother.

Have you got ----- pets, Mike? Yes, I've got-----. I've got a cat and a dog.

**Task**

**5. Complete the following sentences with time expressions.**

1. He is writing an exercise.
a) now
b) every day
2. He writes a lot of exercises.
a) every week
b) now
3. He will write a letter.
a) now
b) tomorrow

**Task 6. Make 5 questions to the following sentences.**

1.Sandra always gets up early in the morning.

2.He is dancing with his girl-friend at the disco now.

**Task 7. Complete the sentences with time expressions from the list:**

at the moment, every day, always, tonight, never, now.

1. She … eats meat. She is a vegetarian.
2. Mother is baking a cake ….
3. They're going to a party ….
4. She goes to the swimming pool ….
5. He cycles to his friend ….
6. He is playing the drums ….

**Task 8. Name the words of the beginning letter «A»**

The name of the fruit.
2. The name of the month.
3. The capital of Kazakhstan.
4. The name of school subject.
5. The first letter of the alphabet.
6. What cannot we live without?
7. One of the oceans.
8. The famous Kazakh writer.

**Task 9. Name the words of the beginning letter «B»**

A little child.
2. The name of the fruit
3. The antonym to the word «good»
4. An object in the classroom
5. The capital of Germany
6. The name of school subject.
7. A lake in Kazakhstan
8. The room where we sleep
9. An important day for all of us which happens once every year.
10. A colour.

**Task 10. Riddles**

1. This is the season
When fruit is sweet,
This is the season
When school friends meet.
(autumn, весна, күз)

2. This is the season
When children ski
And grandfather Father
Brings the «New Year Tree»
(winter, зима, қыс)

**Teacher:** Friends, do you like the game? Tell me your impressions, how do you like it, why, what was the most interesting, or the most difficult? What have you learn during it? Do you want to have smth like that again? Your wishes.

The score is … to … in smb's favour. The team «…» is the winner.

# БАЛА ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБУШЫ КЕМЕҢГЕР

*А.Қ. Әбдіғалиева,*
*№3 Қарауылкелді ОМ,*
*Байғанин ауданы, arailim.k91@mail.ru*

***Мұғалімдік мамандық- бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер- ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.***
**В.Сухомлинский**

Ұстаз... Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан ақ жарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп, мені қиялға батырып, еріксіз нұрлы естеліктерге жетелей жөнеледі. Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, өзім мұғалім болсам да, білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымның алдында өзімді әлі күнге дейін шәкірттей сезінемін.

Ұстаз бейнесі- шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы іспеттес. Мен мұғалімді өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнауға бел буған періште дер едім.

Менің ойымша, кез – келген адам «ұстаз» бола алмайды.Себебі, ұстаздық- өнер, қызығы мен шыжығы қатар жүретін тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез- келген адамға беріле бермейтін қасиет. Барлық адам ұстаздың алдынан өтетіні бәрімізге мәлім. Әр бала үшін мұғалім оның екінші анасы. Неге? Себебі, әр оқушы ең алдымен ұстазынан жылулықты, қамқорлықты сезініп, қамқоршы ретінде қабылдағысы келеді. Біз, ұстаздар қауымы өзімізге тек балаға білім беруші ретінде қарамай, ішкі-сыртқы жан дүниемізге де үңіліп, ең жақсы тәрбиеші де болуға ұмтылуымыз қажет.

Мен - жас ұстазбын. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімімін және сынып жетекші ретінде бала тәрбиесіне тікелей араласып келемін. Менің ең бірінші мақсатым- алдымда отырған әрбір бала «адам» деген атқа лайық болса деймін. Әрине, ең алдымен мұғалім білімді болу керек. Сонымен қатар, ең жақсы зерттеуші, бала жанын түсіне білетін мейірімге толы жүректі жан болса ғана әр баланың жүрегінен орын алары сөзсіз. Атақты ойшыл Әбу Насыр әл- Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі.» деген екен. Осы орайда, біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен тәрбие бере білу-өлшеуі жоқ қазына деп білемін. Біліммен қатар өмірілік азық бере білген ұстаз бала жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Ұлы ақын Абай атамыз: «Үш- ақ нәрсе адамның қасиеті: жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат»- деген сөзі менің өмірлік ұстанымым. Бойында осы үш қасиеті бар адам қай қоғамда еңбек етсе де, қоршаған ортасының жаны, жүрегі, ұйытқысы болары сөзсіз. Себебі, « ыстық қайрат» үнемі ізденіс үстінде, тек алға ұмтылу, жасампаз болу ұғымын аңғартса керек. «Нұрлы ақыл» - елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу. Ал «жылы жүрек» дегеніміз айналаға шуақ шашу деп білемін. Міне, осы қасиеттер әр ұстаздың бойынан табылуы керек. Өз басым, жылы жүрегімді, жігер- қайратымды, бар ақылымды шәкірттеріме арнауға тырысып жүрген жас маманмын. Оқушысының жүрегінен орын алу кез- келген ұстаздың арманы деп ойлаймын.

Қиындығы мен қызығы бірге жүретін осынау мамандықтың шынайы иесі болу үшін түрлі кезеңдерден өте білуіміз керек. Әр сабағыңа жете дайындалып, балаларға білім беріп қана қоймай, тәлім- тәрбие беру, өмірге икемдеу, адамдыққа баулу, адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуға ат салысу оңай шаруа емес. Ал олармен сырласу, мерекелік шаралар ұйымдастыру, түрлі кезеңдерді бірге өткізу естен кетпес қызықты кезеңдер. Міне, осылай әр баланың жан- дүниесіне үңіліп, олардың болашағы үшін алаңдап жұмыс жасаған әр мұғалімнің еңбегі еш кетпейді.

Сонымен қатар, ұстаз бала алдында өзінің жүріс-тұрысымен, киім киісімен, сөйлеу шеберлігі, дауыс ырғағы, барлық жағынан да үлгі болуы қажет. Кейбір мұғалімдер өздерінің міндетін 40 минут сабағымды беріп шықсам болды деп есептейтін тәрізді. Мұғалім алдында отырған әр баланың рухани сәулеткері десемде болады. Себебі, біздің алдымызда өміріміздің аса бағалы иелері, болашағымыз, халқымыздың ертеңдері отыр.

Ұстаз атана білу- оны қадір тұту, арындай таза ұстау-әр мұғалімнің борышы. Мұғалім өз кәсібін, өз пәнін, алдына келген барлық шәкіртін шексіз сүйе білгенде ғана бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгілікке жүрегінде ұлағатты ұстаз болып қалады.

# МЕНІҢ СҮЙІКТІ МАМАНДЫҒЫМ

***Г.А. Кенжебекова,***
*№69 Жалпы білім беретін орта мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі*

***«Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу – үлкен өнер»***
**З.Фрейд**.

Мамандық таңдау- өте маңызды қадам. Адам таңдаған мамандығы бойынша өмір бойы қызмет етеді. Мамандық- әрбір адамның болашағы және мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. «Мен бір жұмбақ адаммын» оны да ойла- деп Ұлы Абай атамыз айтқандай- әрбір жеке тұлға жұмбақ. Сол жұмбақтың кілтін тауып, жүрек кілтін аша білу мен қалаған мамандықтың ғажайып тылсым сыры.

Бұл қандай мамандық? Болашақта қандай мамандықты таңдасам? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана – сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Бір кездері мен де осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, толғанып, қиялдап, өзім қалайтын, өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақырында осы бір сұраққа жауап та таптым. Ол әлем – психология әлемі – жан туралы ғылым.

Қазақ ұлты «жан ғылымын» ерте меңгерген. «Тән ауруы жазылар, жан ауруы жазылмас» деген сөзде үлкен мағына мен мән бар. Бүгінгі күні тән ауруын дәрігердің шипасы емдесе, жан ауруын психолог маман емдей алады. Психолог, ол кім? Психолог – өзінің білімі мен біліктілігіне сүйене отырып өзгелерді тығырықтан шығаруға көмектесетін  ізгі жан. Психолог – өзін терең  түсіне  жүріп, өзгелердің жан – дүниесін түсінуге, зерттеуге ұмтылатын зерттеуші. Психолог – жәрдемші, психолог – көмекші. Психолог өзгелердің жанын ауыртпайды, керісінше жан – дүниесі күйзеліске түскен жандарға өзінің психология әлемін шарлап, жанына дауа іздейді. Міне, осыншама жақсылық атаулыны жүрегіне, ақылына, санасына шоғырландыра алатын ізгі жан иесі психология мамандығын таңдауымның басты себептері осындай. Себебі мен адамдарға жақсылық жасағанды бар жан – дүниеммен қаладым.

Жақсы психолог болу үшін не қажет? Ең алдымен терең білім, еңбек, дәлдік, ұқыптылық, бастамашылдық, қойған мақсатына жетуге деген өз күшіне сенімділік. Бұл қасиеттер кез-келген мамандық иесіне тән емес пе? Әрине солай. Ал, психолог мамандығы бұдан да гөрі зор қасиеттерді талап ететінін еңбек ету барысында сезініп, білудемін. Ең маңызды қасиет ол мәселені шығармашылықпен шешетін терең интуицияның болуы. Қазір мен мектепте психолог бола жүріп, әрбір күн сайын, кездесетін қиыншылықтар мен проблемаларымен бетпе-бет кездесіп өз білімімді шыңдау, іздену үстіндемін. Бұл мен үшін психология мектебі.

Сол үшін де осы жаһандану дәуірінде бәсекелестікке шыдай алатын, өз мамандығын жетік меңгерген, бастаған ісін орындауға табандылық көрсете алатын, мемлекеттің тірегі бола алатындай тұлғаларды қалыптастыру оқу орындарының алдына қойған басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Осындай жағдайда психолог мамандардың жауапкершілігі бірнеше еселеп өсетіндігі айтпаса да түсінікті.Мен жұмыс барысында көптеген психолог – ғалымдардың, ойшылдардың  еңбектерімен танысып, халқымыздың ұлттық тәрбиесі негіздерінде бүгінгі психологтар қажетіне жаратар көп қазына бар екендігіне көзім жетті. Шығыстың Аристотелы атанған ұлы бабамыз Әл – Фараби  «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп көрсеткен. Бала тәрбиелеу өте қиын, жауапкершілікті  үрдіс екені белгілі. Барлық ұстаз білім мен тәрбиені қатар алып жүруі керек. Бұл мақсатта әсіресе психолог мамандарға үлкен міндеттер жүктелген. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деген халық сөзіне сүйене отырып, әрбір оқушыны жеке тұлға деп танып, ғылыми, рухани мұраларды игерген, шығармашылық ой – өрісі бар, компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттың мәдениеті қалыптасқан жастарды тәрбиелеу бүгінгі күннің ең негізгі мақсаттарының бірі деп ойлаймын. Психологиялық жұмыс – адам жанымен жұмыс, адам ойымен, жеке тұлғамен жұмыс. Бүгінгі біздің қоғамда жаһандану үрдісімен келген қиыншылықтар көбейіп жатыр. Көгілдір экранды жаулап шетелдік фильмдер, түрлі діни бірлестіктер шетелдік арзанқол музыкасы т.б. жастарымызды улап жатқаны жасырын емес. Олардың бәрі жастардың көңіл - күйіне, психикасына әсер етуде бұндай келеңсіз істермен күрес жүргізу бірінші кезекте тұр Мені қоғамдағы басты проблемалардың бірі – жасөспірімдер мәселесі қатты толғандырады. Олардың ішкі жан күйзелісін түсіне отырып, олармен күресіп, өскелең ұрпақты осы бір уақыттан құтқарғым  келеді. Соңғы кездерде психолог мамандығына қажеттілік көбірек туындап отыр. Бұл немен байланысты? Мұның себептері көп, көмекке жүгінген әр адамның - біреуі жалғыз және оның қайғысына ортақтасып, қуанышына бөлісетін ешкімі жоқ, енді біреуі шынында да көмекке зәру. Қалай болғанда да психолог көмегіне адам жүгінді, яғни себебі бар. Психологтың жұмысы осы себепті табу, онымен тіл табыса отырып жұмыс жасап, оны жою тәсілдерін қарастыру.

Қорыта келе, қазақ халқы «мамандық таңдау мен жар таңдаудан қателеспеу» керек,- деген сөзді текке айтпаса керек. Әрбір адам мамандығын дұрыс таңдап, қызметін адал істеп, атқаратын қызметінде, жұмыс орнында қуаныш пен парыз сезімін, сүйіспеншілік пен тәртіпті тудыратын болса, нағыз игілік осы.

# ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖЕТІСПЕУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ МАМАНДАНДЫРУ – ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

***Д. Жанатаев,***
*ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, доценті*
***Ш. Әлішер, А. Бекжан,***
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының*
*1-курс магистранттары*

Қоғамның дамуын қамтамасыз етуді қарастыратын ең ежелгі саланың бірі – әлеуметтік педагогика. Адамзатты тек біліммен қамтамасыз ету ғана емес, білім мен тәрбиені ұштастыра беру педагогика ұғымын беретіні белгілі.

Жас ұрпаққа білім беру және оны тәрбиелеу ісінің өзгеруін техологияның дамуынан, экономикалық, саяси өзгерістер мен қарама-қайшылықтар салдарынан деп тануға болады. Осы себептен еліміздің бірқатар жоғарғы оқу орындарында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы енгізіліп, мамандар даярлай бастады. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы» ашылып, еліміз әлеуметтік педагогикаға назар аудара бастаған соң әлеуметтік қорғау жүйесі де дами бастады. Атап айтар болсақ, дамуында кемістігі бар балалар мен өмірлік қиын жағдайдағы адамдарға әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық көмек беретін көптеген арнайы ұйымдар ашыла бастады.

Жалпы әлеуметтік педагогиканың қандай мәселелерді қарастыраны белгілі. Әлеуметтік педагогика жеке тұлғаның қалыптасуы мен өсіп-дамуына қоршаған ортаның, қоғамның әсерін зерделейді, сондай-ақ осы мәселелерін бойынша қандай іс-шаралар жүргізу керек екенін қарастырады.

Әлеуметтік педагогика саласында жұмыс жасайтын педагогтер «әлеуметтік педагогтер» деп аталады. Қазақстанда «әлеуметтік педагог» мамандығы жария құжаттарда 1991 жылы ресми түрде енгізілгенмен, әлеуметтік педагог мамандар 2000 жылдары ғана өз жұмысын жасай бастады.

Әлеуметтік педагог балалар мен жасөспірімдерге қоғамда әлеуметтенуіне, дербес тұлға бола отырып, онда өз орындарын табуға көмектесетін маман.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім алған мамандар әлеуметтік педагог біліктілігін иемденіп қана қоймай, «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімі біліктілігін де алып шығады. «Өзін-өзі тану» пәні де адамның өзін-өзі тануына, қоршаған ортамен сабақтаса өмір сүруіне, сондай-ақ оның ажырамас бөлшегі болуға мүмкіндік береді, тұлғаның ішкі әлеуетін ашып, пайдалануға көмектеседі. Жалпы баланың рухани адамгершілікте тәрбиеленуін қамтамасыз етеді.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығын бітіріп шыққан мамандар келесідей салада жұмыс істей алады:

– мемлекеттік құрылымдарда (ҚР БжҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінде, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық департаменттерде);

– әлеуметтік бағыттағы мекемелерде (әлеуметтік қамтамасыз ету органдарында, жұмыссыздарды, аз қамтамасыз етілген, жұмысқа жарамсыз адамдарды қолдау және көмек көрсету органдарында);

– мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелерінде (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, мектептерде, балалар үйлерінде, интернаттарда, мамандандырылған білім беру мекемелерінде);

– өскелең ұрпақты қоғамдық ортада тәрбиелеу және дамыту мәселелерімен байланысты мекемелерде (түзету және оңалту орталықтарында, арнайы мектептерде, колонияларда);

– балалардың тынығуын ұйымдастырумен және балалар шығармашылығын қолдаумен, өскелең ұрпақтың толыққанды әлеуметтенуімен және тұлғалық дамуымен байланысты мекемелерде (қоғамдық ұйымдарда, балалар клубтарында, студияларда, сауықтыру лагерьлерінде, аниматорлық қызметте).

Әлеуметтік педагогика кешеуілдеп болса да дамып келе жатқан ғылым саласы. Оның маңыздылығы әлі де болса толық ашылып болған жоқ, мүмкіндіктерін де толық пайдалана алмай келеміз. Балалардың әлеуметтенуінде туындап жатқан мәселелер әлеуметтік педагогиканың қажет екеніне көз жеткізіп отыр. Әсіресе, мектеп пен оқушылардың ата-аналарының арасындағы байланысты күшейту әлеуметті педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл мәселелердің шешімін табатын жолдың бастамасы – әлеуметтік педагогтерді көбейту. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы мамандық бойынша оқытатын бөлімдер 1993-1994 оқу жылдарында еліміздің бірқатар педагогикалық оқу орындарында ашылып, 2003 жылдарға дейін жұмыс істеп, кейін олардың барлығы жабылып қалды. Осының салдарынан қазіргі күнде әлеуметтік педагог мамандарына байланысты мәселелер туындап отырғаны рас. Осы жылдары алғаш рет Қазақстанның кейбір оқу орындарында магистратуралар ашылыған болатын. Солардың қатарында қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің педагогика кафедарысының жанынан «педагогика» және «педагогика және психология» мамандарын даярлау мақсатында магистратура ашылды.

Әлеуметтік педагог мамандардың негізгі міндеттерін нақтылап алу аса маңызды, өйткені бұл мамандықты иемденген маманның атқаратын қызмет ауқымын нақтылап алмайынша жұмыс барысында өз міндетін атқаруға кедергі болатын жағдайлар туындауы мүмкін. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтің атқаратын қызметіне басқа қосымша жұмыстарды жүктеп қою әлеуметтік педагогтың баламен жұмыс жасауына кедергі келтіреді. Сонымен әлеуметтік педагог мамадардың мектепішілік атқаратын қызмет ауқымына келетін болсақ, олар мыналарды қамтуы тиіс:

1. Оқушылар арасында әлеуметтік – педагогикалық диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл жұмыстың мақсаты бойында әр түрлі ауытқуы бар, атап айтқанда, созылмалы ауруға шалдыққан, денесінде кемістігі бар, ауруы тұқым қуалайтын балаларды

анықтау. Аталған аурулар ішінде мінез-құлқында ауытқуы бар балалар өте күрделі болып есептелінеді, сондықтан сол балалармен жұмыс жасау басты назарға алынуы тиіс. Диагностикалау жұмысына мектеп психологі, психиатр, дефектолог, дәрігерлер, ата-аналар т.б. қатыстыру оқушылар туралы толық мәлімет жинауға көмектеседі. Айта кететін нәрсе, диагностикалау нәтижелерін құпия ұстау аса маңызды және ол әлеуметтік педагогтің мәдениеті болып саналады.

2. Мектеп оқушыларының ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. Әлеуметтік педагогтің мұндағы қызметі, ол бүкіл балалардың емес, тек дамуында ауытқуы бар балалардың ата-аналарымен ғана әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізеді. Бірақ жалпы барлық оқушылардың ата-аналарымен қосылып әлеуметтік тақырыптарда семинар жиналыстар, іс-шаралар өткізіп тұруы тиіс.

3. Мемлекет тарапынан кейбір балаларға берілетін әлеуметтік көмектің оларға жеткізілуі. Жалпы бұл мәселені әлеуметтік қызметкер атқарады, десек те оның жеткізілуі мен не нәрсеге жұмсалғандығын қадағалау мектептегі әлеуметтік педагог маманға жүктеледі.

4. Сынып жетекшілерімен жұмыс. Әлеметтік педагогтың ауытқуы бар балалармен жұмыс істейтіні белгілі болғанымен ол бұл жұмысты жалғыз атқара алмайды. Ол сынып жетекші мен пән мұғалімдерінің көмегін қажет етеді, бұл өз кезегінде жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

5. Әлеуметтік педагог маманның аса маңызды қызметі оқушылардың құжаттарын рәсімдеу. Әлеуметтік педагог ауытқуы бар балалармен жұмыс жасауы үшін ең алдымен ол құжаттарды реттеу қажет. Ол құжаттарда баланың туған жері, ата-анасы, араласқан ортасы туралы мәліметтер берілуі тиіс. Әлеуметтік педагог бұл мәліметтерді жалғыз өзі емес, психологпен бірігіп жасайды. Әлеуметтік педагогтарды даярлауда, әсіресе, осы құжат рәсімдеуге барынша мұқият болуға тәрбиелеу керек.

Сонымен әлеуметтік педагогика – баланың, оқушының, студенттің білім, тәлім-тәрбие алуына қоғамның тигізетін әсерін зерделейді. Жалпы айтқанда, дұрыс тәрбиеленіп, әлеуметтік тұлға болып қалыптасуына отбасы, білім, мәдениет, дін т.б. тигізетін әсерін танып білетін ілім деуге болады.

Дәл қазіргі қоғамда адамдардың психикасына кері әсер ететін түрлі оқиғалар орын алып жатқан қоғамда әлеуметтік педагогиканың беретін тәлім-тәрбиесінің маңызы өте зор. Ауыр күйзеліске ұшыраған жетім-жесірге, мүгедекке, қараусыз қалған жандарға, кедейшілік пен қайыршылыққа душар болғандарға, әртүрлі туа біткен не техногенді, экологиялық апаттарға ұшыраған адамдарға қолдау көрсетіп, көмек беруде әлеуметтік педагог пен әлеуметтік қызметкер жұмысының өзіндік маңызы өте зор.

Қорыта айтқанда, бұл мақалада әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде дамуына және әлеуметтік-педагог мамандарды даярлауда мән беретін кейбір мәселелерге ғана тоқталдық. Болашақта әлеуметтік-педагог мамандарын магистратурада және докторантурада даярлау, сол арқылы осы ғылым саласын дамыту секілді күрделі әр маңызды мәселелер бар екені анық. Сондықтан болашақта әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша бакалавр, магистратура, PhD сатылы мамандар даярлау жүзеге асырылуы тиіс.

## ҰЛЫ ДАЛА ҰСТАЗЫ



***Д.В. Ескельдина,***
*Тоқманай ОМ,*
*Алға ауданы*

Қаншама уақыттар өтсе де ұстаздың аты және «ұстаз» деген ұғым өлген жоқ. Өйткені қай замандар болмасын, қоғамға ұстаздың еңбегі керек-ақ. Тіпті зәру. Әр таңның атысы мен әр күннің батысы өзінің емес, сіздің қамыңыз үшін қамығып жүретін әрбір ұстаз атаулы жандардың еңбегін ұлы демей не дейміз. Ұстаз ұлды немесе қызды ғана тәрбиелеуші емес, тұтастай ұлтты тәрбиелеуші.

Әйгілі Джек Лондон : «Мұғалімдер қолынан өзге жұмыс келмегені үшін ұстаздық етуге келген жоқ. Керісінше қолынан кез келген жұмыс келетін адамдарды тәрбиелеп шығаруды мақсат еткен»- деген сөзі бар еді. Оған Әл-Фараби бабамыздың: «Бір әріп үйреткен ұстазға қырық жыл қызмет қылсаң да артық емес»- деген сөзін қосыңыз. Халқына пайдасы тиген ұлы ұстаздарымыздың бірі- Ыбырай атамыз.Ыбырай Алтынсарин - ұлт ұстазы . Сондай бір ескірмеген, ерекше ғылым иесі болған, ағартушы ғалым - Ыбырай Алтынсарин атамыздың тарихымызда алар орны ерекше. Қажырлы еңбектерінің нәтижесінде пайда болған көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Ыбырай бір сөзінде **«Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығынын өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету - біздің әрқайсымыздың борышымыз»** - деген еді. Бұдан халықты шын сүйгендігін, оны білім-

ғылым жолындағы төккен терімен дәлелдегенінен байқауға болады. Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... ретінде жақсы біледі. Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуге айрықша мән береді. «Қазақ хрестаматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке - тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән мағынасын жоймайды. Ыбырай Алтынсарин көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған. Өкінішке қарай, бұл шығарма әр түрлі себептерге байланысты баспадан уақытында жарық көрмеді. Ұлы педагог қайтыс болғаннан кейін қолжазба із-түссіз жоғалып кеткен. Қазір Ресей, ТМД елдері мұрағаттары мен кітапханаларына хабарласу, құнды қолжазбаны іздестіру, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүруде «Қырғыз хрестоматиясының» жастарға дұрыс тәрбие беру және олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейту үшін қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да бұл оқулық ұзақ жылдар бойы талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді.

Ұстаз – шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Ұстаз болу – екінің бірінің қолынан келмейді, әрі аса үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Осы себепті ұстаз болуға талпынған жастарымызды ерте бастан қамдаған дұрыс деп ойлаймын. Сонау мектеп кезінен басталған дайындық жоғарғы оқу орында жалғасын табатынын ескерсек, қазіргі таңдағы жоғарғы оқу орындарының білімін нығайту, арттыру жұмыстарына күш салу маңызды. Әрине бұл тұрғысында білім және ғылым министрлігі аз қаражат және аз көңіл бөліп отырған жоқ. Дегенмен ұстаздық оңай жол емес екенін айта отырып, жастарымыз бұл жолға аса үлкен дайындықпен келсе екен деген сенім бар. Себебі бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі!

**Қорыта айтар болсам**: Ұстаз – ұлы есім. Ұстаз дана адам, ол барлық оқушыларға пана бола білген кісі. Ұстаздың сабырлылығына, даналығына барлық адамзат бас иеді деп ойлаймын. Кез келген адам ең алғаш осы өмірге алып келген анасына алғыс айтса, екінші кезекте өзіне білім берген, сапалы ілім берген ұстаздарына алғысы шексіз болуы тиіс.«Ұстаз – ол балаға білім нәрін себетін, ақылын айтып, ілім үйрететін асыл жан. Ұстаздан аларымыз, үйренеріміз көп. Ұстаздың сөзін ұғыну – біздің міндетіміз. Абай атамыз айтқандай, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, ұстаздың еңбегін бағалай білуіміз қажет. Ағарту майданында еңбегі сіңген олар – өмірлік ұстаздар.

# БІЗ ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАМЫЗ?

***А.Н. Құдайбергенова,***
*Мұғалжар ауданы,*
*Жаңажол орта мектебінің*
*бастауыш класс мұғалімі*

Оқу мақсаттары:1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу

1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру

Сабақ мақсаттары:

Ежелгі және қазіргі заманғы адамдардың өмірі және тамақтануы.

Тағам мен сусындарды ажыратып,пайдалы және зиянды түрлерін білу

Тамақтану ережесін сақтаудың маңызын айту

Шаттық шеңбері

«Топқа бөлу»

**«Тағамдар », «Сусындар»**

Сұрақтар Бейнеролик

Ежелгі және қазіргі заманғы адамдардың өмірі және тамақтануы.

Топтық жұмыс \суреттерді салыстыр\

Дескриптор

- Оқушылар ежелгі адамдардың өмірі туралы біледі.
- Ежелгі және қазіргі адамдардың тамақтануындағы ерекшеліктерді біледі.

Тағам мен сусынды ажырату

«Он сұрақ!» ойыны

Дескриптор

- Оқушылар тағам мен сусынды ажырата алады.
- Оқушылар пайдалы тағам мен сусын суретін сала алады.

Пайдалы және зиянды тағам түрлерін білу

Топтық жұмыс «Орнын тап» ойыны

Дескриптор

- Оқушылар пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады.

Оқулықпен жұмыс

Сұрақтар

Тамақтану ережесін сақтаудың маңызын айту

«Орындап көр» ойыны

Дескриптор

- Оқушылар қонақжайлылық дәстүрін біледі.
- Тамақтану ережесін айта алады.

Дескриптор

- Оқушылар
қымыздың пайдалы
сусын екенін біледі.
Бағалау
Саралау

Бес ерікті! Ойыны Әліпби тәртібімен әріптерді пайдалана отырып, қатысушылар шығып негізгі сөздерді дауыстап айтады.

Бағалау
Бір-бірін бағалау,
смайликпен,
бармақпен,
стикермен
Пәнаралық байланыс
АКТ, әдебиеттік оқу, көркем еңбек

Оқушыларды ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу.

**Рефлексия**

Сабақтың мақсаты орындалды. Оқушының ойлануына мүмкіндік бердім.Топтық жұмыс арқылы достарының ойын тыңдай отырып, мәселелерді шешуді үйреттім.

Уақытты ұтымды пайдалану керек. Сабақта оқушылар бірін-бірі бағалау кезінде жоғары бағалау болды. Өз ойларымды толық жеткізе алмадым

Болашақта сабақ кезеңдеріне сай стратегияларды дұрыс пайдаланамын. Сабағымда оқушыларды бағалау дәрежесін дамытамын. Уақытты дұрыс пайдаланамын.

# КИІМ – МІНЕЗ АЙНАСЫ

***А.А. Кузенбаева,***
*№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы,*
*Мәртөк ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | Т/А4 Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.<br>Ж3 Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** бейнебаяндағы негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, жан-жақты талдай алады. |
| | **Кейбір оқушылар**: сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады. |
| **Бағалау критерийі** | Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. Тірек сөздерді қолданып, фотосуреттер желісі бойынша әңгіме құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды, тақырып бойынша ойларын жинақтап жазады, әңгіме құрауда тірек сөздерді негізге алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Тенденция, дизайнер, белдік, белдемше.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>- Суреттен қандай киім үлгілерін көріп тұрсыңдар?<br>- Ұлттық киімнің басқа киім үлгілерінен ерекшеліктері туралы не білесіз?<br>- Бұл киім түрлерін қандай сын есімдер арқылы сипаттауға болады?<br>- Спорттық, классикалық, еркін және әскери киім үлгілерінің айырмашылықтарының себебі неде? |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану, жинақтау, бағалау |
| **Құндылықтарды дарыту** | Осы сабақта балалардың бойына дұрыс киіне білу, жақсы мінез – қылықты дарыту. Қасында жүрген адамдардың өмірлік ұстанымдары мен жан сырына үңіле білу. |

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыстар** | Бейнелеу, технология |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Слайд, бейнефильм |
| **Алдыңғы оқу** | **Ж.** ББҮ кестесі бойынша «Менің дизайнер болғым келеді» тақырыбын қорытады.<br>Білемін<br>Білгім келеді<br>Үйрендім |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Жоспарланған іс - әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Ұйымдастыру**<br>**- Үй тапсырмасын сұрау**<br>**- суреттер бойынша топқа бөлу**<br>**С. 1-тапсырма: Тыңдалым алдындағы тапсырма.**<br>**Оқушыларға әр түрлі заманауи киім түрлерінің суреті беріледі.**<br>**«Анықта, талда» әдісі арқылы**<br> <br> <br>- Суреттен қандай киім үлгілерін көріп тұрсыңдар?<br>- Ұлттық киімнің басқа киім үлгілерінен ерекшеліктері туралы не білесіз?<br>- Бұл киім түрлерін қандай сын есімдер арқылы сипаттауға болады? | Үй тапсырмасы ББҮ кестесін толтырылады.<br><br>Суреттер арқылы негізгі ойды анықтайды, жетекші сұрақтарға жауап береді. |
| Сабақтың ортасы<br>30 минут | **<u>Тыңдалым кезіндегі тапсырма</u>**<br>**<u>ЖЖ. 2 - тапсырма</u>**<br>“Қазіргі жастар арасындағы сән үлгісі” деп аталатын бейнебаянды тыңдайды.<br>Бейнебаянда айтылған 2 маңызды ақпарат<br><br>Бейнебаянда айтылған 1 проблемалық мәселе<br><br>Бейнебаяннан түйген ойым<br><br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**<br>**ТЖ. Бейнебаянды пирамида әдісі бойынша зерттеңіз**<br>1.Бейнебаяндағы негізгі кейіпкер кім?<br>2.Негізгі кейіпкерді бейнелейтін екі сөз жаз<br>3. Оқиға болып жатқан жерді үш сөзбен суреттеңіз<br>4. Бейнебаянда төрт сөзден тұратын проблемалық сұрақ туындатыңыз немесе проблеманы анықтаңыз<br>5. Бейнебаяннан проблемалық сұрақтың шешімін бес сөзбен шешуге тырысыңыз.<br>**Кері байланыс:** "Екі жұлдыз, бір тілек" | Бейнебаян арқылы не түсінгендерін кестеге толтырады<br><br>Пирамида әдісі бойынша бейнебаянды зерттеп, сұрақтарға жауап береді. |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың<br>ортасы<br>30 минут</td>
<td>

**<u>Ж. 3 – тапсырма</u> Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын әңгіме құрастырыңыздар (6-8 сөйлем)**

Киім кию, киіну стилі, сәнге айналған, қазіргі заманғы стиль, дәстүрлі киім, әлемдік сән үлгісі, классикалық стиль, жағалы киім, табиғи тері, жібек мата, теңізші стилі, жастар стилі, ұлттық нақыш, өзіне жарасымды, мол пішілген, кең етекті көйлек.

**Сәйкестендіру:**

 **классикалық**

 **спорттық**

 **этностық**

 **әскери**

 **еркін**

<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>жетті</th><th>жетпеді</th></tr>
<tr><td>Әңгімеге тақырып қояды</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Тірек сөздерді орынды қолданады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Әңгіме құрылысын сақтайды</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Пунктуациялық норма дұрыс сақталады</td><td></td><td></td></tr>
</table>

</td>
<td>Сюжетті суреттердің желісі бойынша шағын әңгіме құрастырады.<br><br>Дескриптор арқылы карама-қарсы топтар жұмыстарын тексеріп, кері байланыс жасайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың<br>соңы<br>5 минут</td>
<td>«Дизайнер қалпағы» арқылы аяқталмаған сөйлемді аяқтап, ойды қорытындылайды.<br>Тақырыбы: «Егер мен дизайнер болсам,..."</td>
<td>Өз ойларын қорытындылайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытынды<br>5 минут</td>
<td>

**Кері байланыс:** Пирамида әдісі арқылы оқушылар осы сабақ бойынша қанша мәлімет білгендерін қағаз бетіне түсіріп, пирамиданың бөлшектерінің біріне жапсырады.




</td>
<td>Стикер толтыру</td>
</tr>
</table>

Қосымша ақпарат

| **Саралау**– оқушыға мейінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>Қабілетті оқушыларға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау** – оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | **Пәнаралық байланыс**<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
| --- | --- | --- |
| Оқушыларды суреттер топтамасындағы киімдер және жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы топтастырамын, киім үлгісі туралы бейнебаян тыңдата отырып, пирамида әдісі бойынша бейнебаян мазмұнын жан-жақты тірек кесте арқылы талқылатамын, тірек сөздер мен фотосуреттер желісі арқылы әңгіме құрғызуды ұсынамын.<br>(Қажетті тірек сөздер: Киім кию, киіну стилі, сәнге айналған, қазіргі заманғы стиль, дәстүрлі киім, әлемдік сән үлгісі, классикалық стиль, жағалы киім, табиғи тері, жібек мата, теңізші стилі, жастар стилі, ұлттық нақыш, өзіне жарасымды, мол пішілген, кең етекті көйлек).<br>«Дизайнер қалпағы» арқылы сабақта не түсінгендерін қорытындылатамын. | Ширату жаттығулары кезіндегі топтық жұмысты «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен, жұптық жұмысты кері байланыспен, жазылым кезінде дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау әдісі және мұғалім тарапынан бағалау әдісін қолданамын, сабақ соңында оқушы рефлексиясын «Пирамида» әдісімен жүргіземін. | Бейнелеу, технология.<br>Интербелсенді тақта.<br>Түрлі дереккөздермен жұмыс жасау, слайд |

| **Ойлану**<br><br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді?<br>Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?<br>Саралауды жүзеге асыру қолымнан келді ме?<br>Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба?<br>Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Сабақтың құрылымындағы сабақ мақсаттары оқу мақсаты негізінде жоспарланып, тапсырмалар мақсатқа сай түрлі әдіс -тәсілдер арқылы жүзеге асырылды. Оқушылар киімнің адам мінезіне әсері, жарасымдылығы, түрлері туралы тыңдалым арқылы да үйренді.<br>Сыныптағы оқушылар сабаққа белсене қатысып, жағымды атмосфера қалыптастырады. Негізгі мазмұнды ашатын тыңдалым материалы мен сюжетті фотосуреттер мен тіркес сөздер арқылы шағын әңгіме құрып, дескриптор арқылы талқыланды.<br>Сабақ барысында жоспарланған уақытымды ұстандым.<br>Әріптестердің, тренердің пікірі бойынша, жоспарыма тыңдалымды анықтайтын «Пирамида» әдісін енгіздім. |
| --- | --- |

Жалпы баға
Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?
1. Қазіргі өмірмен байланыстырған тыңдалым материалы.
2. Пирамида әдісі

Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?
1. Қазақ елінен шыққан дизайнерлер туралы толық мәлімет әкелінсе.
2. Диалогтік жұмыс түрлері қолданылса.

Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?
Оқушылардың деңгейін ескере отырып, жұмыс түрлерін құру.
Дескриптор арқылы оқушылар өз жұмыстарына талқылау жүргізу.

# АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ ЗОР

***А.Ж. Машбаева,***
*Әл-Фараби атындағы №21*
*мамандандырылған гимназияның*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*
*Ақтөбе қаласы*

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер.... Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген сөздері әр дайым есімнен шығар емес.Расымен де осы «ғажайып» сөзінің түп мағынасына зер салсақ, яғни, сан қырлы даналығын тауысып айту мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы **Президенттің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласын да оқыдым. «...**Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпы-адамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.... Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеньнің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтень өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру.Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек....» деп ой толғайды.

Иә, мен де қырық бес қара сөздерін оқи отырып, бұл - ел қамын ойлаған ұлы ойшылдың өмір, қоғам, тіршілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөніндегі көзқарасының жиынтығы, философиялық ой топшылауы ғой деп білемін. Қазіргі таңда мектеп жасындағы білім алушыларға күрделендірмей, тез ойлауға машықтандыру мақсатында «қалай ұғындырсам екен?» деген сауал төңірегінде іздендім. Нәтижесінде мынандай қорытындыға келдім, біріншіден, дүниені танып-білу мәселесіне қатысты «Жетінші», «Он тоғызыншы», «Отыз бірінші», «Отыз сегізінші», «Қырық үшінші» қара сөздерінде тоқталады; екіншіден, ілім-білімге ұмтылуға кедергі болатын надандық, талапсыздық, жалқаулық мінездерді сынауға арнаған «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» қара сөздерін айтар едім; үшіншіден, ар-ұят, адамгершілік мәселелері «Бесінші», «Он сегізінші» қара сөзінде орын тапқан. Яғни, бүгінгі таңда білім алушыға аса өзекті мәселе боп тұрған ар-намыс, ұят, адамгершілік тұрғыдан ақ пен қараны ажыратып, себепсіз жағдайлардың адам баласына салдары неге әкелетінін ұғындыруда біраз еңбектенгенім қажет екен деп ой түйдім. Абай: «...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар,мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой дегеннің бәрі де – ақымақтық»,- дейді «Он сегізінші» қара сөзінде; төртіншіден, ғылым, білім, өнер жайында, өнер-ғылымның жолын қуған басқа жұрттан яғни, сауданың қыр-сырын білетін өзбек,татар жұртын, білім мен ғылымның жолын қуған орыс жұртын үлгі етеді. «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», – деп «Жиырма бесінші» қара сөзінде айтады Бүгінгі білім алушы бүлдіршін ертеңгі тарих өкілі.Адамзат баласы адами тұлғалық бейнесін жоғалтып алмас үшін қара сөздің берер тәрбиелік мәні зор. Өзімнің еңбек жолымда білім алушының адал, мейірімді бейнесін орта жаста жоғалтпас үшін ғажайыптың сан қырлы «Бесінші», «Он сегізінші» қара сөздерін дәріптеп келемін. Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз....

# ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ

## «САТЫ». ЗАТТЫҚ СУРЕТ САЛУ.

*Ү.И. Абдуллаева,*
*№1 Алға мектеп-бақшасы*

**Мақсаты:** түзу сызықтарды салуға үйрету.

**Міндеттері:** балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай сатыға орналастыруды түсіндіру. Сатының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып баспалдақ салуға үйрету. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар**: сурет үлгісі, қиылған жануарлар суреттері, металлофон, гуашь, қылқалам, сүрткіштер.

**Сөздік жұмыс:** саты.

**Билингвалды компонент:** саты – лесенка.

**ҰОҚ-нің барысы**

**1. Ұйымдастыру** кезеңі

Педагог балаларға металлофон музыкалық аспабын тауып алғандығын айтады. Аспапты таяғымен ұрып ойнайды. Солдан оңға, біртіндеп жоғары, оңнан солға біртіндеп төмен музыканы тыңдап, ажыратуға көңіл бөледі. Балалар әр дыбысты естіп анықтайды, жоғары және төмен дыбыстарды сатыға ұқсатып, жүргізіп ойнайды.

**2. Негізгі кезең**

Балаларға сатының суреттерін көрнекілік етіп алу. Сатының түрлерімен таныстыру. Сатының баспалдағының санына, ұзындығына қарай бөлінетіндігін, қолдары жетпеген жерге биікке шығу үшін пайдаланатындығын баяндап береді. Сатыға жануарларды даусына қарай орналастыруды ұсынады (қораз, мысық, күшік, сиыр). Содан соң мойны өте ұзын жануарға – керікке саты салып беруді ұсынады. **Сөздік жұмыс:** саты.

**Билингвальды компонент**: саты – лесенка.

**Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру.**

Педагог сатыны салу жолдарын түсіндіреді. Балаларға езілген дайын қоңыр гуашьқа қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырып, жоғарыдан төмен қарай түзу екі сызықты қатар сызып алуды, содан соң біртіндеп ретімен солдан оңға қарай түзу сызықтар жүргізуді, екі ұзын сызықтың ортасын бір-біріне қосып, қиыстырып сызуды көрсетіп, түсіндіреді. Алдарындағы қаптама ішінде өздеріне таныс жануарлардың суреттері бар екендігін айтып, соны балалардың өз сатыларына дұрыс орналастыруларын сұрайды.

**Сергіту сәті.**

Секірейік, секірейік,
Ұзын құлақ қоянша.
Шаршағанды кетірейік,
Болар сонда тамаша.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

Балаларды мадақтайды. Кешке ата-аналарына көрсету үшін көрме жасап қоюды ұсынады.

## ТРУД РАБОТНИКОВ ДЕТСКОГО САДА

*Т.С. Тлешова,*
*«Ясли сад №49 «Думан»,*
*г.Актобе*

**Цель**: Имеет представление о профессиях работников детского сада. Проявляет интерес и уважение к людям, работающим в детском саду.

**Ход занятий**.

- Ребята, с каким настроением вы пришли сегодня в детский сад?

(Ответы детей)

- И я сегодня пришла в детский сад с хорошим настроением, потому что я вас всех люблю, люблю наш город, люблю наш детский сад, нашу группу, и свою работу.

- Как Вы думаете, как называется моя профессия?

Ответы детей.

- Кто знает, почему она так называется – Воспитатель? (4к: критическое мышление)

Ответы детей.

- Правильно! У воспитателя очень ответственная работа. Воспитатель должен очень многое уметь и знать, чтобы вы узнали что-то новое, чтобы вы выросли веселыми, умными, добрыми детьми.

- Вы ходите в детский сад, где Вас окружают заботой разные люди. Кто трудится в детском саду? (4к: критическое мышление)

Ответы детей.

- Правильно. А как назвать одним словом? (4к кр. мыш.)

Ответы детей.

- Верно, «профессия». И сегодня мы поговорим о нескольких профессиях работников детского сада.

Дети садятся на стульчики.

- Сейчас я предлагаю игру «Угадай профессию» (игра под руководством).

Воспитатель показывает картинки с предметами, дети определяют к какой профессии они принадлежат:

1. Кастрюля, половник, газовая плита, скороводка (повар)

2. Шприц, градусник, витамины (медсестра)

3. Посуда, швабра, тряпка (помощник воспитателя)

4. Ноты, пианино, микрофон (музыкальный руководитель)

5. Грабли, лопата, метла (дворник)

6. Стиральный порошок, утюг (прачка).

- Молодцы правильно назвали все профессии. А сейчас давайте поиграем в игру «Опасно и безопасно» (игра под руководством).

Я буду называть предмет или ситуации, а Вы показывать красную карточку, если этот предмет или ситуация опасна и объяснить чем:

1. Веник (безопасно)

2. Пылесос (опасно, это электрический прибор, может ударить током).

3. Ведро (нет)

4. Газовая плита (опасно, может случиться пожар)

5. Погремушка (безопасно)

6. Стиральный порошок (опасно, можно нанести вред здоровье)

7. Ножик (опасно, можно порезаться)

- Молодцы, ребята в любой профессии, есть опасные предметы и ситуации.

А как вы думаете, чья работа важнее, нужнее? (4к: кр.мышление)

- Да, нет не нужных профессией не бывают, одинаково нужна и важна работа каждого человека.

Физминутка «Профессии»

Повар варит кашу (имитация с вращением кистей рук)

Плащ портниха шьет (махи руками)

Доктор лечит Машу (открыть и закрыть рот, высунув язык)

Сталь кузнец кует (хлопки)

Дровосеки рубят (махи наклонами)

Споят мастера (прыжки вверх)

Что же делать будем (подниманием плеч)

Наша детвора?

- Ребята, вставайте в круг, я предлагаю игру «Кто где работает» (игра под руководством) (Воспитатель бросает мяч, называет профессию, ребенок отвечает, где работает человек этой профессии) :

- Учитель - в школе

Строитель - на стройке

Доктор - в больнице

Продавец - в магазине

Парикмахер - в парикмахерской

Швея - в ателье.

Воспитатель предлагает взять любой пазл (голос ребенка) и определить с какой картинки пазл, сесть за этот стол на 3-х столах картинки профессии – 1 стол-медсестра, 2 стол – дворник, 3 стол – музыкальный руководитель (4к: деление на команды)

1. Задание командам : собрать картинки из пазлов).

Структурирование «Собери картинку из частей». (4к: работа в команде, коммуникабельность крит. мышления).

2. Наши повары приготовили каждой команде пиццу. В каждой пицце один кусок лишний. Найдите лишний кусок и подберите нужную картину, заклейте на кусок пиццы.

3. Структурированная игра «Подбери инструмент» (4к к.м. работа в команде, коммуникабельность, крит. мышление).

Метод «Карусель» (один из участников со своей пиццей идет в другую команду и рассказывает о профессии по мнемотаблице). «Кто это?»

Как называется профессия? Что делает человек данной профессии? Что ему нужно для работы?

3. Игра «Придумай и нарисуй головной убор» (4к работа в команде, коммуникабельность к.м, креативность)

Один из участников показывает рисунок

- Ребята, скажите что было бы, если бы не было этих профессии? (4к к.м)

- Молодцы, ребята хорошо справились с заданиями.

Свободная игра «Собери пазлы» (профессии).

- Ребята, о ком мы сегодня говорили ?

- В каких заданиях вы испытывали трудности?

- Поднимите Солнышко, если вам все понравилось, и тучку, если что-то вам не понравилось.

- Да, ребята, мы сегодня говорили о сотрудниках детского сада, которые любят свою работу, любят детей и стараются сделать добро детям. Давайте поблагодарим их за труд.

Д: Спасибо!

В: И вы должны любить друг друга, дружить, заботиться и помогать друг друг.

## АЛДАР КӨСЕНІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ

*Т.Ғ. Дүйісбекова,*
*«№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы,*
*Ақтөбе қаласы*

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Бөлімі:** Математика негіздері

**Мақсаты:** 5 көлеміндегі санды реті бойынша атау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап береуге үйрету.

**Ресурстар:** Алдар көсе, Сандар, үлестірмелі материалдар.

**ҰОҚ барысы:**

Сәлеметсіздер ме!

- Балалар, көңіл күйлерің қалай?

- Балалар бүгін ауа райы қандай?

- Бүгін аптаның қай күні?

- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Сендер жұмбақтың шешуін тапсаңдар бізге көңілді қонақ келеді.

Жұмбақ:

Көңілді ол әрқашан,

Күлкі кетпейді бетінен.

Сараң байды, саудагерді,

Алдап кетеді, күледі.
*(Алдар көсе)*

Есік қағылады (әуенмен) топқа Алдар көсе келеді, балалармен амандасады.

**-** Балалар мен сендерге құр келген жоқпын қожынымды ала келдім.

Алдар көсенің дорбасынан: Аттар шығады.

**-** Балалар нені көріп тұрсыңдар?

**-** Енді санайықшы қанша?(5)

**-** Ендеше балалар Алдар көсенің сендермен ойын ойнағысы келіп тұр, сендер ойын ойнағыларың келе ме?

**Алдар көсе:** Балалар сендердің орындықтарыңа сандар жапсырып қойдым қане сол сандар бойынша топқа бөлініп отырайық.

**Топтастыру:**

**1-топ:** 2 сандар

**2-топ:** 3 сандар

**3- топ:** 4 сандар

**Топтық жұмыс 4К**

**1-тапсырма.** П/о: «Тура және кері сана» **2-тапсырма.** К/О: «Сандарды ретімен орналастыр»

**1-топ:** 2 сандар**:** «Баспалдақ»

**1-топ:** 2 сандар**:** «Барлығы қанша?

**2-топ:** 3 сандар: «Киіз үйді құрастыр»

**2-топ:** 3 сандар **«**Орындарын тап»

**3-топ:** 4 сандар «Салыстыр»

**3-топ:** 4 сандар**: «**Паровоз»

**3. Сергіту сәті**

Кел санайық санамақ,
Саусақтарды даралап.
Бас бармағым алғашқы -
Балаң үйрек жалғасы.
Ортан терек - кезекші,
Шылдыр шүмек - көмекші.
Шынашағым - балапан,
Бәріне ортақ алақан.
Шылдыр шүмек -мен,
Титтей бөбек - сен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

**4-тапсырма.** 4К (креатив) Е/О: *Сандарды суреттерге сәйкестендір.*

**Ойын шарты:** балалар үстел үстіндегі заттарды сандармен сәйкестендіреді және атайды. Сырттай бақылау.

*Бағалау топтарды асықтар арқылы.*

*Рефлекция сұрақтары:*

Балалар жарайсыңдар, бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?

Несімен ұнады?

Қандай тапсырмалар орындадық?

Ал, енді балалар Алдар көсемен қоштасайық, рахмет саған Алдар көсе.

Әр топ қанша асық жинағанын бірігіп санап үш шапалақ әдісімен мадақтау, жеңіске жеткен топты от шашу шапалағымен мадақтау. Рахмет барлықтарыңызға!

# МАМАНДЫҚТАР

***С.Б. Узакбаева,***
*«№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы»,*
*Ақтөбе қаласы*

**Бөлімі:** Қоршаған ортамен танысу

**SMART мақсаты**: Мамандық (шаштараз, дәрігер, дүкенші) түрлерін ажыратып ересектердің еңбегін атай алады.

**Ресурстар:** проектор, слайд.карточкалар әр түрлі бояу губкі, ойын құралдары.

**Әдіс тәсілдері**: «Ой қозғау» әдісі, «Ашық сұрақ алаңы» әдісі, «Телефон» әдісі, «Алжапқыш» әдісі, «Үш шапалақ» әдісі.

**Барысы.**

Проекторде дәріхана, дүкен, мектеп суреттері тұрады. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:

- Балалар суретте нені көріп тұрмыз?
- Адамдар не үшін ол жерге барады?
- Бұл жерлерде кімдер қызмет етеді? ***(4К «Сыни ойлау»)***

**Ой қозғау. Ойын «Бір сөзбен ата»** (мамандықтар суреттері проекторден).

- Балалар кімдерді көріп тұрмыз?
- Бір сөзбен қалай аталады?
- Дұрыс айтасыңдар, бір сөзбен «Мамандықтар» деп айтамыз.

Жарайсыңдар бүгін біз мамандық түрлерімен танысамыз. Бұл мамандықтарды меңгеру үшін көп оқуды, көп ізденуді, еңбек етуді талап етеді. Мамандық иесі болып шығу үшін арнайы оқу орындарынан білім алу қажет. Сонда ғана өзің таңдаған мамандық иесі болып шығасың.

Бізге барлық маман қажет екен. Маман иелері қандай еңбек етеді, білеміз бе?

**«Ашық сұрақ алаңы» әдісі.**

- Балалар дәрігер неліктен емдейді деп ойлайсыңдар?
- Дәрігер адамдар ауырса емдейді.
- Аспазшы не үшін тамақ дайындайды?.
- Шаштараз шашты не үшін қияды?
- Дүкенші не істейді? (Балалардың жауабы)

**1. «Телефон» ойыны»** *(педагог жетекшілігімен ойын)*

Ол үшін бірінші топқа бөлінеміз.

**Топқа бөліну:** мамандардың суреттері арқылы ***(4К топтық жұмыс, бала үні)***

1-тапсырма: Қорапшадан таңдаған суреттеріңді алып, сол мамандық туралы білімдеріңді телефонмен өзара талқылайсыңдар (ойын шарты балалар үстел үстіндегі суреттерді қолдарындағы телефон арқылы бір-бірімен талқылайды. ***(4К «коммуникативтілік- қарым-қатынас)***

2-тапсырма: Мамандықтар суреттерінің қасына әр түрлі бояу, губкі, трафареттер арқылы құралдарының суретін салу. ***(4К «креативтілік-шығармашылық)***

**2. «Әр маманның құралын тап» ойыны** *(құрылымдалған ойын)*

***(4К сыни ойлау, топтық жұмыс)***

Сендердің алдарында бірнеше мамандық құралдарының суреті берілген осы мамандықтардың суретін әр маманның қасына сәйкестендіреміз.

(қай команданың жұмысы жақсы болса смайликпен және үш шапалақ әдісі мен мадақтау)

**3. «Шаштараз», «Дүкенші», «Асхана», «Дәріхана» сюжетті-рольді ойын** *(еркін ойын)*

Балалар өздері қалаған мамандықтардың ойыншық құралдарымен ойнайды.

**Рефлекция сұрақтары:** Балалардан еркін ойын кезінде қай мамандықтың құралдарын таңдап ойнағанын сұрап өту. Не үшін ол мамандықты таңдады. Өскен кезде қандай маман иесі болғылары келетінін сұрау, келесі оқу қызметінде қандай мамандардың еңбегімен танысқыларың келеді – деп қорытындылайды.

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ ҮЛКЕН ҚУАНЫШ

*Н.М. Тлепбергенова,*
*№32 «Қуаныш» балабақшасы»,*
*Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты**: Қиылған пішіндерді қағаз бетіне ретімен орналастыра алады. Қиялдау арқылы берілген тапсырманы мүсіндеп жасай алады. Негізгі түсерді жасай біледі. Берілген тапсырманы тиянақты орындап, достарымен бірігіп жұмыс жасай алады.

**Көрнекі құралдар:** салайд, түрлі-түсті фетрдан қиылған пішіндер, киімдер, пластмассадан жасалған таяқшалар, түрлі-түсті жүннен жасалған жіптер, желім, боялған тұзды қамыр, сымға оралған жіп

**Әдіс – тәсілдері:** жылулық шеңбер, қызықты сәт, тосын сый, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, сергіту сәті, тапсырмалар.

**Тәрбиеші:** Саламатсыздар ма балалар! Көңіл күйлерің қалай? Бүгін сендер сондай әдемі болып тұрсыңдар. Әр қашан бір адамға қуаныш сылай білуміз керек. Ол үлкен адамгершілік. Бүгінгі тақырыбымыз «Қайрымдылық жасау үлкен қуаныш», Қане шеңберге тұрып бір-бірімізге жақсы көңіл-күй сыйлайық.

**Шаттық шеңбері!**

Амансызба! – дейміз барлық адамға,
Амансау парыз маған саңанда!
Бәлкім, содан ұзарады жасымыз,
Ауырмаймыз менде сенде бәріміз!

**Сұрақ-жауап.**

- Тамаша жарайсыңдар!
- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілінде неше ай бар?
- Қазір күз мезгілінің қандай айы**? 4К (бала үні)**
- Күз мезгілінде қандай өзгерістері болады.

Балалар жауабы. **4К (сыни ойлау)**

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар күн суытып, көктемде отырғызылған, жаздай суарып баптаған еңбектерінің жемісін адамдар жейді екен. Жан-жануарлар қысқа дайындалады. Құстарымыз жылы жаққа кетеді екен.

**Тосын сый:** (желдің дыбысы шығып, музыкалық әуенмен ортаға Қоян келеді)

**Қоян:** Сәлем балалар!

**Балалар:** Саламатсызба, Қоян!

**Тәрбиеші:** Сәлеметсізбе қоян сен неге көңілсізсің?

**Қоян:** Менің қолымнан ештеңе келмейді достарым сен жалқаусың деп кетіп қалды. Мен қатты шаршадым, тоңдым, қарным ашты.

**Тәрбиеші:** Қоян сен уайымдама, біздің балалар өте мейірімді. Қоян сенің қолыңдағы не?

**Қоян:** Білмеймін! Келе жатқанда тауып алдым, бірақ ішін аша алмадым.

**Тәрбиеші:** Қане мен ашып көрейін. Ой балалар мына жерде хат бар екен. Хат кімнен болды екен. Мен оқып көрейін. Ал сендер мұқият тыңдаңдар.

Сәлем қоян досымыз! Бұл хатты саған арнап жазып отырмыз. Мына дорбаның ішіндегі тапсырмаларды саған дайындадық. Бұл тапсырмалар арқылы сен еңбекке үйренесің және мейірімді боласың. Егер сен осы хатты алсаң біздің тапсырмаларымызды толық орындасаң, біз сенімен қайта достасамыз. Сәлемнен сенің достарың. Сау бол !

**Тәрбиеші:** Ой қоянжан бұны жазған сенің достарың ғой! Қане уайымдама, бұл саған үлкен мүмкіндік және сен өте алғыр ақылды балалардың ортасына келдің.Біздің балалар, жақсылық жасап қуантқанды жақсы көреді. Қазір біз балалармен бірге сені еңбекке мейірімділікке үйретеміз. Ал сен дайынсың ба соған?

**Қоян:** Ия әрине дайынмын. Рахмет мен бәрінде орындаймын.

**Тәрбиеші:** Ал енді балалар қоянжанға көмектесу үшін алдымен топқа бөлініп алайық. Бізге түрлі алжапқыштар беріліпті.Өздерін таңдап ала қойыңдар.

**1-тапсырма:**

**«Қоянға үйшік» - 4К педагог жетекшілігімен ойын**

**Шарты:**

**1.** Топтағы балалар дәстүрден тыс материалдан, фетрадан жасалған пішіндерді кардон бетіндегі үйшік пішініне орналастырып қоянға үйшік құрастырады.

**2.** Топтағы балалар кардон бетіндегі үйшікке дәстүрден тыс материалдан пласмассадан жасалған сопақша пішіндерді орналастырып қоянға үйшік құрастырады.

**3.** Топтағы балалар кардон бетіндегі үйшікке желім жағып, үстіне дәстүрден тыс материалдан, қиылған жіптерді жапсыру арқылы қоянға үйшік құрастырады.

**Тәрбиеші:** Қоянжан саған ұнап жатырма, еңбекпен жасаған жұмыс нәтижесі қалай екен.

**Қоян:** Рахмет балалар, енді мен тоңбайтын болдым ғой.

**2-тапсырма:**

**«Қоянды киіндір» - 4К құрылымдалған ойын.**

**Шарты:** балалар дәстүрден тыс әр түрлі материалдардан жасалған киімдердің ішінен қоянға қажет қысқы киімін тауып киіндіруі керек.

**Сергіту сәті.** «Әуенмен бірге билеу»

Балалар тәрбиешімен бірге би қимылдарын орындады.

**3-тапсырма:**

**«Қоянның азығы»** 4К педагог жетекшілігімен ойын

**Шарты:**

**1**. Топтағы балалар кардон бетіндегі ойылған сәбіз бейнесін дәстүрден тыс материал, дұздалған қамырды жұлу арқылы сәбізді қалыпқа келтіріп жасайды.

**2.** Топтағы балалар дәстүрден тыс материал сымға қондырылған жүннен сәбіз бейнесін желім жағуы арқылы жасайды.

**3.** Топтағы балалар кардон бетіндегі сәбіз бейнесін желім жағу арқылы ұсақталған жіппен әшекейлейді.

**Тәрбиеші:** Қоянжан сенде енді жылы үй, жылы киім, азығың болатын болды. Оның үстіне сен балалармен бірге еңбектендің. Достарыңа ризасың ба?

**Қоян:** Ия достарым. Сендерге көп көп рахмет. Сендердің адал дос екендеріңді енді түсіндім. Мені мейірімді балалардың ортасына жіберіп мені еңбекке үйреттіңдер. Енді мен жалқау болмаймын.

**Қорытынды:** Балаларды мақтап, мадақтау.

Еркін ойынға шақыру.

# В МИРЕ ПОДВОДНОГО ЦАРСТВА»

*Н.М.Кушекеева,*
*«Ясли сад №49 «Думан»,*
*г.Актобе*

**Цель:** Различает понятия «много», Один, умеет сравнивать предметы по длине, ширине. Различает геометрические фигуры, умеет ориентироваться в пространстве и во времени.

**Ход ОУД:**

- Ребята, сегодня утром в нашу группу передали письмо. Посмотрите, конверт интересный.

- Как вы думаете, откуда это письмо может быть ? (4 К: критическое мышление)

- Ребята письмо написали Болат и Ботакоз. Они отправились в морское путешествие, но их корабль потерпел крушение и они оказались в подводном царстве. Царь подводного царства хочет проверить их знания и только после этого поможет вернуть домой. Болат и Ботакоз просят помощи у вас. Поможете, ребята?

- Но сначала давайте проведем **разминку**. Отвечать нужно быстро и правильно:

Спят медведи и слоны,
Заяц спит и ежик.
Все вокруг уснуть должны
Наши дети тоже.
Когда все спят? (Ночью)
- Солнце яркое встает,
Петушок в саду поет
Наши дети просыпаются
В детский садик собираются
Когда это бывает? (Утром)
Солнце в небе ярко светит
На прогулку пошли дети
Когда это бывает?(Днем)
А что следует за днем?

- Царь подводного царства приказал своим морским обитателям приготовить интересные задания для Болата и Ботакоз. Для того чтобы узнать первое задание, вам нужно определить месторасположения морского жителя. За правильные ответы будете получать морскую звезду.

- Он находится в левом верхнем углу. Найдите и назовите морского жителя.

- Что же приготовил краб?

**Игра под руководством «Сколько рыб» (4 К: критическое мышление)**

- Посмотрим внимательно на картинку. Сравните, сколько рыб слева, и сколько справа.

- Для того чтобы выполнить следующее задание морских обитателей, вам необходимо разделиться на команды по уровню развития.

- Определите, кто находится в нижнем правом углу (медуза)

- Кто находится в нижнем левом углу (морской конек)

- Кто находится в верхнем правом углу (ракушка)

- Медуза для своей команды приготовила задание: раскрась самую длинную рыбку - зеленым цветом, самую широкую коричневым цветом. Самую большую - желтым цветом, самую маленькую - красным цветом.» (4 К: критическое мышление, коммуникабельность, работа в команде)

- Морской конь приготовил следующее задание для своей команды.

**Структурированная игра «Почини рыбок» (4 К: критическое мышление, коммуникабельность, работа в команде)**

- Ракушка приготовила для своей команды задание

**Структурированная игра «Найти тени рыб»**

«Какой рыбке не хватает тени» (4 К, критическое мышление, коммуникабельность, работа в команде)

- Ребята, кто находится в середине

- Морская звезда для всех команд приготовила задание.

**Структурированная игра «Нарисуй рыбку и придумай ей название» (голос ребенка, 4 К: креативность, критическое мышление, коммуникативная работа в команде.**

Молодцы, ребята. Вы выполнили все задания морского царя и морских обитателей. Вы помогли Болату Ботакоз, вы настоящие друзья.

**Свободная игра «В подводном царстве»**, раскраски, игровые задания (голос ребенка)

- Ребята, давайте посчитаем, кто сколько заработал сегодня морских звезд и узнаем победителей.

# ҒАЖАЙЫП КҮЗ

***Н. Амандыққызы,***
*«Kinder Joy» МДҰ тәрбиешісі,*
*Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы, білімдерін бекіту, табиғат әсемділігін эстетикалық түрде сезіну. Мерекеге сай безендірілген зал. Әдемі сазды әуен мен балалар тәрбиешімен залға кіреді.

**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті қонақтар, баршаңызды күзгі мейрамдарыңызбен құттықтаймыз. Құттықтай отырып бүгінгі біздің Айгөлек тобы «Сиқырлы күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Олай болса,
Мерекесі халықтың
Алтын күзді бастайық
Алтын күзге арналған
Ертеңгілігімзіді бастайық

**Ән:** Күз сыйы

**Жүргізуші:** Келесі кезекте күз мезгіліне арналған тақпақтарға берейік.

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
Қарашы күз келді, күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.
Берекесін сыйлауға,
Өлкемізгекүзкелді.
Жемістерін жинуға
Шақырады біздерді

**Жүргізуші:** Ертеде ну орманда өте еңбекқор күз ханшайымы өмір сүріпті, ханшайым, күз мезгілінде әр түрлі бояуларымен ағаштарды безендіріп бояйды екен, кеш батып күз ханшайымы шаршап бояуларын тастап үйіне қайтады. Түн болып күн салқындап жаңбыр жауып жел келіп бояуларды шашып орман су болыпты. Таң атып еңбекқор ханшайым орманға қайтып оралады ханшайымның бояулары орманда шашылып, араласып, төгіліп қалыпты.

- Менің бояуларым қызыл, көк, сары деп күз ханшайымы қатты мұңаяды. Сол сәтте күз ханшайымының қасына көңілді суретші келеді

**Күз ханшайымы:** - Көңілді суретші сәлеметсізбе, қараңызшы менің бояуларым араласып кетіпті енді не істеймін?

**Суретші:** - Мұңайма күз ханшайымы менің сыйқырлы бояуларым бар мен саған қазір көмектесемін

**Күз ханшайымы:** - Иа суретші көмектесіңізші.

**Суретші:** - Қане сен шелектерімді ұста бірге бояйық.

**Жүргізуші: - Қане балалар суретшіге қарайықшы қандай шебер, әдемі суреттер салады екен.**

**Күз ханшайымы:** - Рахмет сізге суретші өте әдемі салады екенсіз суретті.

**Жүргізуші: - балалар күз ханшайымына кім көмектесті? Не істеп берд ісуретші?**

Ханшайм қуандыма?
Суретшіг рахмет айтайықшы.

**Жүргізуші: Күз ханшайымы, суретші – сіздер біздің қонағымыз болыңыздар балалармен бірге көңіл-күйлеріңізді көтере түссіңіздер, жақсы әдемі тақпақтары мен ән-билері мен ортамызға қосылып куәсі болыңыздар.**

**Би: Джентельмен**

**Жүргізуші: - Балалар естіп тұрсыңдар ма бұл ненің дауысы?**

**- Кірпіге не болған екен кірпіден сұрап көрейікші ол көңілсіз екен.**

**Кірпі: - Сәлеметсіздерме балалар менің қысқа азығым жоқ барлық жемістерімді, көгеністерімді түнгісін орманда дауыл болып жоғалтып алдым.**

**Жүргізуші: - Мұңай макірпі біздің балалар саған көмектеседі. Солай емес па балалар?**

**Ойын: «Көкөніс пен жемістерді жина»**

**Кірпі: - Рахмет балалар менің енді қыста азығым мол болатын болды сіздерге алғысым шексіз!**

**Жүргізуші: - Кірпі мырза балалар Сізді еңбекқор күз ханшайымы мен бірге бүгінгі күз мерекесіне шақырады қонақ болыңыз балалардың өнерін тамашалаңыз.**

**Кірпі: - Жарайды, рахмет балалар!**

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.
Қуаныштың ағайын
Қоңырауын қағайын
Қуандырып біздерді
Өлкемізге күз келді!
**Алақай! Алақай!**
**Шаттанды балақай!**
**Күз түсті дән пісті,**
**Айтамыз алғысты**

**Би: «Тамшылар »**

Жүргізуші: Енді бір сәт назар сап, мақтау менен сыйға лайық қолөнерлеріне алғыс хат берейік! (Күз тақырыбына дайындалған жапсыру, картина, жұмсақ ойыншық түрінде жасалған жеміс немесе көкөніс т. б.)

Күз ханшайымы:
Сендерге қалай алғыс айтарымды білмеймін...
Мен орманға оралайын, орманды сәндейін,
Ал балалар сендерге күзден сәлем!
– Менің күздік сыйлықтарым!
(*балаларға сыйлықтар салынған себетті береді*)

Жүргізуші: Алтын күз саған көп рахмет, біздің де саған арналған сыйлығымыз бар – әсем ән «Жаңбыр».

# 16 ДЕКАБРЯ –ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА

***М.Е. Кулькашева,***
*сад «Нұрсәт»,*
*Мартукский район*

**Цель занятия:** Закрепить знание детей о Казахстане, его жителях, быте, воспитать чувства патриотизма, уважение и любовь к Родине.

**Оборудование:** карта Казахстана, портрет президента, картинки, буклеты, слайд.

**Ход занятия.**

- Здравствуйте дорогие дети! Здравствуйте уважаемые гости! Наше открытое занятие посвящается ко Дню Независимости РК. И начнем мы его с исполнения гимна. (Звучит гимн РК)

А теперь дети давайте встанем в круг радости (дети встают в круг)

**Круг радости:** Звучит кюй

- Сәлеметсіз бе, балалар!! Я очень рада вас видеть. И надеюсь, мы с вами сегодня приятно проведем время.

Поднимаем руки вверх.

– Здравствуй Небо! Мы рады встрече с тобой. Ты такое высокое свободное и бесконечное!

Руки вниз.

– Я приветствую тебя Земля! Ты даёшь всем жизнь!

Руки в стороны.

– Я приветствую тебя Вода! Ты источник жизни на земле!

Руки поднимаем в стороны ладонями вверх.

– Я приветствую тебя Воздух!

Руки поднимаем вверх ладонями вверх.

– Я приветствую тебя Солнце! Ты такое ласковое и горячее!

– Мы дети своей родной страны! Живем мы в Казахстане! И этим мы горды!

- Еліміз егемендік алып, тауелсіз мемлекет болдық.

16 декабря народ Казахстана отмечает День Независимости. В этот день всюду слышна музыка. Развевается небесно-голубой флаг. Гордо простёр на нём золотые крылья свободный беркут.

Теперь я вам зачитаю стихотворение о Родине Н. Поляковой.

- Что значит «Родина моя»?-
- Ты спросишь. Я отвечу:
Сначала тропочкой земля бежит тебе навстречу.
Потом тебя поманит сад душистой веткой каждой.
Потом увидишь стройный ряд домов многоэтажных.
Всё это – Родина твоя, земля твоя родная.
Чем старше станешь и сильней,
Тем больше перед тобою
Она заманчивых путей доверчиво раскроет.

- Как вы понимаете пословицу: «Тот герой, кто за Родину горой»?

- Ребята, в какой республике мы живем? (Казахстан)

- В Республике Казахстан. Мы живем на земле, которое имеет свое прошлое, настоящее, будущее. Посмотрите, на карту Казахстана. Как огромна – наша Родина (слайд) вот наша земля Казахстан, а это наш город, в котором мы живем Туркестан, а это наша столица Нурсултан

Сейчас давайте посмотрим с вами презентацию. (презентация).

- Кто наш президент? Назарбаев Н. А. (портрет)

Много лет назад был принят закон о Независимости Республики. В этом празднике есть и печаль и радость. Вспоминают тех, кто боролся за независимость народа, и радуются тому, что страна, наконец, обрела суверенитет. Давайте вспомним тот день как все было это произошло в городе Алматы, смотрите внимательно, затем я задам вам вопросы, что вы увидели (видео - Желтоксан окигасы).

- Дети, какое было время года? (холодное)

Воспитатель: Да, это было холодный декабрь 1986 года.

- Что происходило? (люди боролись за независимость).

В 1991 году наша страна стала независимой. И этой независимости мы обязаны казахстанской молодежи, среди них: (слайд) – Лаззат Асанова, Кайрат Рыскулбеков, Ербол Спатаев. И одним из героев, того декабря был жамбылец Кайрат Рыскулбеков.

Предлагаю посмотреть мини-эпизод о Кайрате Рыскулбекове. (Импровизация)

С 16 декабря 1991 года Казахстан объявил себя независимым суверенным государством. У нас есть свой флаг, герб и гимн. Государство, не имеющее хотя бы одного из этих символов, не может считаться независимой страной. Каждый гражданин обязан знать и уважать государственные символы.

Стихи детей

**Жасулан**:
Что такое Родина?
Это облака
Садик с огородиком
Поле и река

**Арлан:**
В детском садике узнали
Мы прекрасные слова
Их в первые прочитали
Мама, Родина и Казахстан.

**Даулет:**
С каждым годом все краше
Дорогие края
Лучше Родины нашей
Нет на свете друзья!

**Абдулла**:
Кең жазық Отан мекенім
Сенде өсіп көктедім
Сені қорғау парызым
Мұны біліп өтемін

**Рахимжан** ;
Ұлан байтақ жері бар
Пайдалы қазба кені бар
Тәуелсіз ел Қазақстан
Көркіне көркі жарасқан

**Восп**: Молодцы ребята! Какие красивые стишки вы знаете.

А сейчас дети я вам расскажу о символах:

Гимн - У каждой страны есть свой Гимн, он звучит в торжественные моменты, на военных парадах, сплачивая всех граждан. Слушают Гимн, стоя прикладывая правую руку к левой стороне груди. Автором слов гимна является наш первый президент – Н.А.Назарбаев, а также Музафар Алимбаев, Кадыр Мырзалиев, Туманбай Молдагалиев, Жадыра Дарибаева.

Наш нынешний президент – Касым-Жомарт Токаев.

В Казахстане мы живем
Песни дружбы мы поем
Родина моей мечты
Край обилья, красоты
Мой Казахстан
Моя страна
Мой край степной
Моя отчизна
Пой, расти и процветай
Солнечный волшебный край
Песней славлю я тебя
Казахстан земля моя.

**Физкультминутка** : «Ветер»

Ветер дует нам в лицо,
Закачалось деревцо.
Ветер тише, тише, тише.
Деревцо всё выше, выше. (Дети имитируют дуновение ветра, качая туловище то в одну, то в другую сторону. На слова «тише, тише» дети приседают, на «выше, выше» – выпрямляются.)

Продолжаем нашу беседу. Дети, а вы знаете, что флаг Республики Казахстан – голубого цвета означает открытое небо, мир и спокойствие. Солнце – означает дружбу народов. Орел – символ свободы, орнамент наш казахстанский. Автором его является Шакен Ниязбеков.

Герб Казахстана имеет форму круга, посередине изображен шанырак, который показывает, что главным для государства являются семья, мир, дружба. Важная часть герба – два сказочных коня, т. к. вся жизнь казахов связана с конем. По кругу лучи солнца, которые обозначают единство народов Казахстана. В верхней части герба находится пятиконечная звезда – символ счастья, мира. В нижней части надпись «Казахстан». В центре герба пятиконечная звезда – наше сердце и объятия открыты представителям всех пяти континентов. Авторами государственного герба являются архитекторы Жандарбек Малибеков и Шота Уалиханов.

- Цвета государственного герба Республики Казахстан – золотой и голубой.

В каждом государстве есть такие праздники, которые называются государственными.

**30 августа - День Конституции.**

**1 декабря - День первого президента.**

**16 декабря – День Независимости**.

Заключительная часть открытого урока.

Флешмоб с участием детей «Жаса, Қазақстан»

- Когда отмечается День Независимости Республики Казахстан?

- Какие государственные символы есть у Казахстана?

- Кто является автором флага? Герба? Гимна?

- Что мы можем сделать для процветания нашей республики, нашего государства?

Давайте вместе раскрасим наш флаг (раскраска).

Круг «От сердца к сердцу»

Ребята, давайте все встанем в круг радости. Я хочу чтобы каждый поздравил с праздником всех стоящих в этом кругу. (Дети поздравляют друг, друга.) Спасибо всем, С праздником!

## МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

***Қ.Б. Тынышбай,***
*«Kinder Joy» МДҰ,*
*Ақтөбе қаласы*

Мамандық таңдау адам өміріндегі ең маңызды сәт. Сол сәттен сүрінбей өткен жан ғана қалауындағы жұмысымен айналысуына бағыт алады. Менің ойымша мамандық таңдау отбасы дәстүрін жалғастыру немесе әйтеуір бір мамандық иесі болуым керек деген сөздермен емес жүрек түкпіріндегі өзіндік қалаумен орын алуы керек. Үлкен жауапкершілікті қажет ететін таңдау кезінде асығыстық, немқұрайлық танытып өз болашағына, өзі балта шауып жатқан жандар қаншама.

Мамандық біздің болашағымыздың айнасы. Мамандыққа таңдау жасау кезінде ең алдымен өзіннің сол мамандыққа деген ынта жігеріне, икеміне, қалауына сүйену қажет. Сонда ғана біздің болашағымыз жарқын болмақ. Менің қалауым тәрбиеші мамандығына түсті.Тәрбиеші болу кез-келген жанның қолынан келе бермейтін асқан шеберлік пен шыдамдылықты қажет етеді. Тәрбиеші тәрбиесі мен өнегесі балалардың болашақ өмірлік азығы.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдығы.

- деген Ғафу Қайырбековтың өлең жолдарын оқығанда, өзіндік бір күш жігер, мамандығыма деген мақтаныш сезімін сезінемін.

Тәрбиеші – шәкірттерінің рухани сәулетшісі, болашақ ұрпағымызды табыстайтын үлкен сенім артылатын өкіл. Балабақша табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіндерді құшағын жайып қарсы алатын, екінші анасындай болып бар мейірімін төгетін тәрбиеші. Тарыдай болып келген балаларды бір жүйеге біріктіріп білім нәрімен сусындату көптің қолынан келе бермейді. Әрбір шәкірті үшін әрдайым

уайымдап жетістікке жетсе балаша қуанып, төбесі көкке жететін, әр шәкіртің жүрегінің бір бөлшегі етіп сақтау кең жүректі ұстаздарға тән қасиет. Шәкіртінің жетістікке жетуі тәрбиешінің еңбегінің жанғаны. Мен үшін үлкен арманым тәрбиеші болу және сол атқа лайық болу болды. Алғашқы қызығушылығым кішкентай балалардың қылығына сүйсіне қараудан бастау алды. Оқуымды аяқтап жұмысқа орналасқаныма аз ғана уақыт болса да өзімнің жаныма жақын бүлдіршіндерім, әрдайым бірлесе, ұйымшылдықпен жұмыс жасайтын ата-аналарым бары мен үшін үлкен қуаныш. Бойымда бар күш-жігерімді, білімімді осы алдымдағы шәкірттеріме арнаймын. Серке Қожамқұлов айтқандай: «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген екен. Біздің өзіміздің осындай дәрежеге жетуіміз сол тәрбиешілердің кезінде берген білімімен тікелей байланысты. Тәрбиеші болу өзіне ел болашағын жауапкершілік қылып алумен тең. Болашақ еліміздің ұрпағы саналы, білімді болуы тынымсыз еңбекті қажет етеді.

Менің ендігі мақсатым елімнің болашақ ұрпағын сапалы-саналы, білім нәрімен сусындату жолында қолымнан келгенінше аянбай адал еңбек ету. Себебі мен өз мамандығымды ұнатамын. Тәлім-тәрбие беріп жатқан шәкірттеріміз өзіндік бір өмірдің бір кірпіші болып қаланып, өз орындарын тауып жатса. Ол тәрбиеші үшін үлкен мәртебе, еңбегіміздің ақталғандығы. Мен тәрбиеші мамандығын таңдағанымды мақтаныш тұтамын.

# ДЕВОЧКА МАКТА В ГОСТЯХ У РЕБЯТ

***И.Н. Назарова,***
*«Ясли сад №49 «Думан»,*
*г.Актобе*

**Цель**: Выделяет и называет наиболее характерные сезонные изменения в природе, называет знакомые деревья, различает по характерным признакам домашних и диких животных.

**Оборудование** и материалы: Разрезная картинка сказки, предметные картинки, сигнальные карточки, карандаши и фломастеры, мелки.

**Ход ОУД**

- Ребята, сегодня у нас гость из сказки. Хотите узнать кто это?

- Вам надо собрать пазлы и вы узнаете, герой какой сказки пожаловал к нам.

**Игра под руководством «Собери пазлы» (4 К: критическое мышление)**

**Дети собирают пазлы.**

- С какой же сказки?

- Да, верно, казахская сказка **«Девочка Макта и кошка»**

Появляется кукла девочка Макта

**Макта:** Саламатсыздарма балалар.

Дети здороваются с куклой.

- Макта, мы очень рады тебя видеть. Ну почему ты такая грустная ?

**Макта**: Да, мне очень грустно. Моего любимого кота похитил Злой волшебник, и запер его в волшебном домике. Дверь этого домика отворится, если выполнить все задания на фруктах волшебного дерева. Боюсь, что не справлюсь со всеми заданиями.

- Ребята, что же делать? Как помочь Макте спасти кота?

Выставляет фруктовое дерево с разными фруктами.

- Ребята, чтобы узнать на каком фрукте написано первое задание нужно по описанию отгадать его.

**Загадка-описание:**

Фрукт круглой формы, оранжевого цвета, сладкий на вкус.

Ребенок, отгадавший загадку, снимает с дерева апельсин.

**Игра под руководством**: «Угадай какое время года?» (4 К: критическое мышление)

- Итак, первое задание: угадайте о каком времени года идет речь и поднимите карточку, соответствующего цвета (лето – красного цвета, осень – желтого цвета, зима – синего, весна – зеленого)

- В какое время года все купаются и загорают?

- В какое время птицы улетают на юг?

- В какое время года расцветают подснежники?

- В какое время года играют в снежки?

- В какое время года тает снег?

- В какое время года опадают листья?

- В какое время года появляются проталины?

- Молодцы, ребята.

А теперь я показываю карточку, а вы мне называете признаки этого времени года.

- Замечательно.

Ребята, посмотрите сколько разных красивых морских камушек, выберите себе понравивший.

А теперь, посмотрите на картинку с обратной стороны. Подумайте, где живет это животное и подойдите к столу, на котором картинка жилище вашего животного.

**Игра под руководством**: «Кто где живет?» (голос ребенка, 4 К: критическое мышление, деление на команды).

- Ребята, вы поделились на две команды.

- В вашем домике, кто живет?

- Чем домашние животное отличаются от диких? (4 К: критическое мышление)

- Отгадайте по описанию фрукт, в котором спрятано следующее задание для Макты.

**Загадка-описание**:

фрукт круглой формы, бывает красного, желтого или зеленого цвета.

Сладкий на вкус (яблоко)

Ребенок достает яблоко.

- На яблоке два задания.

**Структурированная игра**: «С какой ветки детки?»

(4К: коммуникативность, критическое мышление, работа в команде)

Метод дефферинциации: разноуровневые задания по командам.

- Одна команда, будет подбирать веточку к дереву, а вторая поможет братьям нашим меньшим найти свой домик. Кто быстрее выполнит задание, позвонит в колокольчик.

Дети работают в командах

- Послушайте **загадку-описание**, в котором спрятано последнее задание:

- Фрукт, овальной формы, желтого цвета, кислый на вкус

Ребенок снимает с дерева лимон.

- Ребята, обратите внимание на домик, в котором заперт кот. На что похож?

Последнее задание - превратить предмет в домик.

**Структурированная игра:** «Волшебные превращения» (голос ребенка, 4К: креативность, критическое мышление, коммуникабельность, работа в команде)

Дети используя карандаши, фломастеры, мелки, превращают силуэты грибка и сапога в домики.

Появляется кот и Макта.

Макта благодарит детей за помощь и решение всех заданий, дарит детям звездочки. Самые активные награждаются большими звездами, остальные маленькими.

**Свободная игра:** «В лесу» «На ферме». Дети играются с дикими и домашними животными (голос ребенка, коммуникативность)

- Ребята, кто сегодня был у нас в гостях?

- Какое задание вам понравилось?

- С каким заданием вы испытывали трудности?

- С героями каких сказок вы хотели бы встретиться?

Благодарит, хвалит детей.

# ҚУЫРШАҚ ӘЙГЕРІМНІҢ ТУҒАН КҮНІ

***З.Н. Баймаханова,***
*«Kinder Joy» МДҰ тәрбиешісі,*
*Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты:**

**Білімділік**: Балалар ойыншық туралы әңгіме құруға, өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.

**Тәрбиелік:** Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын арттыру.

**Дамытушылық:** Әңгіме құрастыруды үйрету арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.

**Көрнекіліктер:** суреттер, фетрден жасалған торт, қуыршақ киімдері, қуыршақтар, жұмсақ ойыншық – аю, резиналы ойыншықтар, пластмассалы машина,

**Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын.

**Шаттық шеңбер:**

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Сәлеметсіздер ме апайлар!

**Ғажайып сәт!**

Тәрбиеші: Балалар мен жұмысқа келе жатып есіктің алдынан шарға байланған хат көрдім. Кім жіберді екен? Қане, ашып көрейікші, ішінде не жазылыпты.

- Балалар ішінде шақыру билеті бар екен. Бізді туған күнге шақырыпты.

- Құрметті «Балапан» тобының бүлдіршіндері бүгін менің туған күнім. Сендерді туған күніме шақырамын. Кешікпей келіңдер. Туған күнге шақырушы Әйгерім.

Балалар туған күнге бармас бұрын, біз туған күнді қалай өтетінін біліп алайық.

**Суретке қарап жұмыс жасау.**

Балалар тақтадағы суретке қарайықшы. Мына суретте не көріп тұрсыңдар?

Сұрақтарға жауап алу.

- Балалар қуыршақ неге жатады? Ыдыс-аяққа ма? Жануарларға ма? Немесе құстарға жатама?

- Сендердің үйлеріңде қандай ойыншықтар бар?

- Жарайсыңдар, балалар

- Қуыршақтың есімі кім?

Балалар суретке қарап әңгіме құрастырып, айтады.

- Балалар қуыршақ Әйгерімге сендер не сыйлағыларың келеді? (шар, торт, ойыншық гүл, т.б.).

- Әйгерімнің туған күнін қалай жақсы, көңілді, өткізуге болады?

Жақсы тілектер айтып, сыйлықтар береміз. Ән айтып, ойын ойнаймыз. Ендеше біз туған күнге бармас бұрын «Қуыршақты киіндір» ойынын ойнап жіберейік. Ойынды бастамас бұрын 4-топқа бөлініп алайық. Столдың үстінен смайлик түрлерін алып топқа бөлініп тұра қалайық.

**Д/О: «Қуыршақты киіндір»**

Шарты: Балаларды топқа бөліп, жыл мезгіліне қарай қуыршақты киіндіреді.

Балалар туған күнге қуыршақ Әйгерімге торт жасап берейік қуанып қалсын. Балаларға торт жасау жолдарын түсіндіріп беру.

Балалар тортты құрастырып, бетін безендіреді. Қуыршақ Әйгерімге тортымыз дайын.

- Жарайсыңдар, балалар енді туған күнге барайық. Әйгерім күтіп қалған болар.

- Енді дайынбыз, Әйгерімнің туған күніне барай-ық.

- Әуенмен «Туған күн»

Әйгерімге қонаққа келдік.

Балалар амандасады. Балалар бұл қуыршақтың есімі – Әйгерім. Қуыршақты таныстырады. Әйгерімге туған күнімен құттықтап, әдемі тілектер айтайық. Қане, кім бастайды?

- Балалар тілектерін айтып, құттықтайды.

- Мен бүгін туған күнім көңілді болсын деп Сайқымазақ пен қуыршақ достарымды шақырдым (музыка ойнап Сайқымазақ кіреді.)

- Сәлеметсіңдерме, балалар!

- Сәлеметсізбе қуыршақ Әйгерім, туған күніңізбен!

Балалар сендер туған күніме келдіңдер ғой тоқаш жеңдер, кәмпиттен алыңдар. Балалар қуыршақ туралы тақпақ білесіңдер ма?

Біздерде бар қуыршақ
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды
Ақыл айтсақ бұйырсақ.

Балалар сендерге туған күн ұнап жатырма? Ендеше, орнымыздан тұрып, денемізді қыздырып, сергіп алайық.

Жұмбақ шеше аласыңдарма? Қане, ойланып жауап берейікші.

Аяғы бар, жүрмейді.
Аузы бар, күлмейді.
Айнымайды бөпемнен
Тек сөйлеуді білмейді. (қуыршақ)

Әйгерім саған рахмет. Қане балалар енді тобымызға қайтайық. Қуыршақ Әйгерім, Сайқымазақ сендерге көп-көп рахмет. Балалар қоштасады. Әуенмен топқа қайтады.

-Балалар біз қайда бардық? Туған күнге

-Кімнің туған күні болды? Қуыршақ Әйгерімнің туған күні болды.

-Сендерге бүгін туған күн ұнады ма? Ия ұнады

-Туған күнге тағы қандай қонақтар келді?Сайқымазақ, қуыршақ

-Қуыршақ Әйгерімге не сыйладық? Торт

-Келген қонақтармен қоштасайық.

Бүгінгі ашық қаралымыз аяқталды.

# ЗАТТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

***Ж.Қ. Сүйінбаева,***
*№32 «Қуаныш» балабақшасы*

**Мақсаты:**
Балалардың металл және ағаш сияқты материалдардың қасиеттері туралы түсініктерін тереңдету.

Тәжірибелік-зерттеу қызметі арқылы ағаш пен металдың қасиеттері мен сапасын анықтау

Зат атауларын атауда сөйлеу белсенділігін арттыру (ағаш, металл, магнит, батады, жүзеді, өзіне тартады). Заттарды тексерудің әртүрлі тәсілдерін қолдануға үйрету.

Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін, талдау, жалпылау және салыстыру, әр түрлі биіктіктегі дыбыстарды табу арқылы есту қабілеттерін дамыту.

Қызығушылыққа, бастамашылдыққа, білімге, дербестікке, бірлесіп әрекет етуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** диапроектор, суретті карточкалар, зерттеу құралдары

Шаттық шеңбері:
Үлкен шеңбер құрайық,
Алақанды ұрайық.
Күлімдесін күн де,
Күлімдейік біз де.
Алақанды ашайық,
Күннің нұрын алайық.
Таза ауаны жұтайық,
Жүрекке жылу салайық!
(тосын сый сәті)

Топқа пультпен басқарылатын машина келеді. Төбесіне шар байлаған, үстінде қорапша бар.

Бұлар нелер болды екен, балалар сендер білесіңдер ме?

О, өзінде жазылған қағазы да бар екен, бәлкім, бұл бізге қораптың ішіндегі затты табуға көмектесер(ашып көреді). Жұмбақ жасырыпты.

Жұмбақтарды шешу керек, сонда ғана біз бұл қорапта не жатқанын білетін боламыз.

1. Аяғы біреу, қолы жоқ.
Шиыр-шиыр жолы көп.
Өзі сөйлей білмейді,
Салған ізі сөйлейді. (қарындаш)
2. Аяғы үшкір,
Басы доғал.
Ұрсаң шөгеді,
Ағашқа енеді. (шеге)

Балалар жұмбақты шешеді.

Міне, бұлар қарындаш және шеге (қуыршақ-ойыншықтар) (қораптың ішінен қарындаш пен шегені алып көрсетеді)

«Сәлеметсіңдер ме, балалар,
Біз қарындаш пен шеге екеуміз достармыз.
Бірақ біз қайсысымыздың мықты екенімізді біле алмай жүрміз»

Қарындаш: мен ең мықтымын, себебі, менен көптеген заттар жасайды.

Шеге: жоқ, мен ең мықты, өйткені менен, темірден қаншама заттар жасайды.

- Өз дауымызды шешу үшін біз жорыққа аттандық, бірақ біздің жолда көптеген кедергілер кездесіп, шеше алмай, осында балаларға келдік.

- Балалар, қарындашпен және шегемен бірге саяхатқа барайық және достарға олардың қайсысы мықты екенін шешуге көмектесейік?

1 тапсырма: Дидактикалық ойын «Неден жасалған?»

- Үстел үстінде түрлі материалдардан жасалған заттар бейнеленген суретті карточкалар қойылған.

Қарындаштың және шегенің материалына ұқсас суреттерді таңдап, оларды екі топқа бөлу.

- Қандай заттар ағаштан жасалады? (Үстел, орындық, диван, есік).

- Демек, олар қандай? (ағаш)

- Металдан қандай заттар жасалады? (қасық, қазан, тор)

Демек, олар қандай? (металл)

Слайдпен жұмыс

Балалар үстел бетінде орындаған тапсырмаларын слайд арқылы тексереді.

- Қандай қорытынды жасауға болады? Балалар, қалай ойлайсыңдар, қайсысы мықты: шеге ме, қарындаш па?

Қорытынды: ағаштан және металдан көп қажетті заттар жасайды. Екеуі де мықты, өмірде адамға қажет екен.

Тәрбиеші: ендеше, шеге мен қарындаш, сендер екеуің де мықтысыңдар!

2 тапсырма: Ағаш пен металды салыстыру.

Бірақ шеге бой бермейді: жоқ, бәрі-бір мен мықтымын, металдан жасаған заттардың беті тегіс және күнге жарқырайды.

- Шеге, қарындаш, дауласпаңдар

- Оған қарындаш не деп жауап береді, сендер қалай ойлайсыңдар? Ендеше, ағаштан жасалған заттардың металдан жасалған заттардан айырмашылығы қандай екенін білейік?

- Металл бөліктері мен ағаш кесектерді алайық.

- Олар бір-бірінен өзгеше ма? Неге?

- Олар қолға ұстағанда қандай?

- Металл пластинаның беті қандай? (тегіс)

- Ағаш кесегі қандай? (бұдырлы, жаңқалы).

- Енді балалар бір беттеріңе ағаш кесегін қойыңдар, ал екінші беттеріңе металл бөлігін қойыңдар.

- Нені сездіңдер, не байқадыңдар? (темір бөлігі суық-суық. Ағаш кесегі-жылы)

- Қандай қорытынды жасауға болады? (металл – суық, ал ағаш – жылы)

Қарындаш мұны мақтан етеді.

3 тапсырма: Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта»

- Қалай ойлайсыңдар, қолмен ұстау арқылы заттың неден жасалғанын анықтауға бола ма? Қалта ішіндегі заттарды ағаштан немесе металдан жасалғанын қолмен ұстай отырып, анықтап айту керек.

Сұрақтар мен болжамды жауаптар:

- Қандай материалдан жасалған зат? (ағаш – металл)

- Оны қалай білдің? (жылы – суық, тегіс – жаңғалы, бұдырлы, жеңіл – ауыр)

- Қалтадан алынған заттарды (бірі ағаштан, екіншісі металдан) екі себетке салу ұсынылады.

Сергіту сәті:

Балтамен ағаш жарамын,<br>
Балғамен шеге қағамын.<br>
Үйім дайын болғанда,<br>
Шақырамын қонаққа.

Балалар, қалай ойлайсыңдар, неліктен заттарды тек ағаштан және тек металдан жасайды? Білгілерің келе ме? Олай болса тағы да заттар әлеміне саяхатымызды жалғастырамыз.Ой, балалар, мына шеге мен қарындаш тағы да дауласып, бір-бірімен келіспей жатыр.

Қарындаш: - менің дауысым әдемі.

Шеге: - жоқ менің дауысым қатты естіледі.

Тәрбиеші: - Достар, оны бірге шешейік! Біз ағаш заттардың дыбысының қандай екенін және металдың дыбысының қандай екенін анықтауымыз керек. Қазір біз сіздермен бірге оны анықтайтын боламыз. Мен екі темір затты алып, бір-біріне соғамын. Дыбысы қандай?(қатты, дыбысты)

Ағаш затты алып, соғайын, дауысы, үні қандай?<br>
(жәй, тыныш).

4 тапсырма: «Ойлан, немен ойнаймын!» музыкалы-дидактикалық ойыны

Алдарыңыздағы музыкалық аспаптар қалай аталады: металлофон, үшбұрыш, қасықтар, бубен.

Балалар көздерін жұмып отырып, тәрбиеші қандай музыкалық аспапта ойнағанын анықтау!

- Мен қандай аспапта ойнадым, ол қандай материалдан жасалды? (ағаш-металл)

- Қай аспаптың үні қатты болды?

- Ал қай аспаптың үні жәй, тыныш болды?

Қорытынды: егер қатты дыбыс қажет болса, музыкалық аспаптар металдан, ал егер тыныш дыбыс қажет болса – ағаштан жасалады.

Сондықтан қарындаш пен шеге бекерге дауласпаңдар, сендер екеуің де бізге керексіңдер, әрқайсыңның орындарың өте маңызды.

Тәрбиеші: - балалар біздің саяхатымыз әрі қарай жалғасады. Шеге мен қарындаш ары қарай жүріп, өзенге келеді.

Қарындаш қуанады: қазір өзенге жүзіп, бір сергіп қалатын болдым.

Ал шеге болса кейін тартынады. Қалай ойлайсыңдар, неге шеге тартынды?

Тәрбиеші. – Қазір біз бұны тексереміз.

5 тапсырма: «Не жүзеді, не жүзе алмайды?» зерттеу жұмысы

Үстел үстінде су құйылған екі ыдыс бар. Бірінші ыдысқа металл қасықтарды салады. Екінші ыдысқа балмұздақ таяқшаларын салады. Не байқады, не өзгерістер болды, балалар зерттеу арқылы анықтайды. Сұрақтар:

- Қасықтар суға батты ма?

Неліктен батты? (батты себебі, ауыр)

- Таяқшалар ше? Олар суға батты ма? Неліктен? (батқан жоқ себебі, жеңіл)

- Балалар, шегеге басқа жағаға өтуге қалай көмектесуге болады? (ағаштан сал жасап, өткізуге болады).

Міне, қарындаш шегеге өзен арқылы өтуге көмектесті.

Металдан гөрі ағашты судан алып өту оңай деген қорытынды жасауға болады.

Қарындаш, мен сені досым - Магнитикпен таныстырғым келеді, - деді шеге, - ол маған әрдайым жинақы болуға, өзімді тәртіпке келтіруге көмектеседі.

Магнит дегеніміз не? Бұл заттарды тарту қасиеті бар металл. Міне, біз қазір магнит қандай материалдармен дос екенін және қандай заттармен дос емес екенін тексереміз.

6 тапсырма: «Магниттің достары» зерттеу жұмысы

Үстел үстінде ағаш заттар (сіріңкелер, таяқшалар) және темірзаттар (түйреуіш, қыстырғыштар) бар. Магнитті осы заттарға жақындату арқылы, балалар қай затты магнит өзіне тартатынын және қай затты өзіне тартпайтынын байқайды. Өз зерттеулерін айтады (ағашты магнит өзіне тартпайды, ал темір затты тартады).

Ендеше, магнит шынымен де темір заттардың, яғни шегенің досы екен. Магнит металл заттармен жұмыс істеу кезінде бізге көмекші болып табылады).

Балалар, қарындаш ренжімесін сіріңкелерді жинап, көмектесейік.

Қорытынды.

- Бүгін ағаштың немесе металдың қандай қасиеттерін білдік. (Ағаш: жаңқалы, жеңіл, жылы, жұмсақ. Металл: тегіс, ауыр, суық, берік, қатты, магнитті тартады).

Қалам мен қарындаш: сіздерге рахмет, балалар, бізді татуластырғандарыңыз үшін, біз туралы көп мәліметтер айттыңдар, көп қызықты тапсырмалар орындап, бірге зерттеулер жасадық.Ағаш пен металдың қасиеттерін ұмытпай, оларды өмірде қолдана біліңдер. Барлық материалдар адам өмірінде маңызды және қажет екенін естен шығармаңдар.

# ВЕСЕННЯЯ СКАЗКА

***Ж.К. Шангриева,***
*ДО «Kinder Joy»,*
*г. Актобе*

**Ход мероприятия.**

*Под музыку дети входят в зал и садятся на стульчики.*

Ведущий.

Примите наши поздравленья
В международный женский день!
Пусть будет ваше настроение
Всегда цветущим, как сирень,
Пусть будет жизнь прекрасна ваша,
И дети счастливы всегда,
Пусть дом ваш будет полной чашей!
Удачи, счастья и добра!

Песня «Пусть мама услышит»

А наши дети знают очень много стишков. Давайте гостям их сейчас почитаем!

Стихи.

Назар: Обещаем маму слушать
Умываться, кашку кушать
Будем быстро мы расти
Будет мамочка цвести!

Аскер: Маму очень я люблю,
Ей привет горячий шлю!
Но не только ей одной,
А и бабушке родной!

Индира: Пусть звенят повсюду песни
Про любимых наших мам
Мы за все, за все, родные,
Говорим... спасибо вам

Жайна: Помогаю маме я,
Каждый день работаю,
Убираю со стола,
Мою пол с охотою!

Темирлан: Мама - слово дорогое,
В слове том тепло и свет!
В славный день 8 марта
Нашим мамам шлем привет!

Максим: Мама, так тебя люблю,
Что не знаю прямо!
Я большому кораблю
Дам названье « Мама»!

Танец «Казак жигиттер»

Игра. «Солнечный лучик». В середину ставится два обруча, внутри которого лежат два глазика и ротик солнца. И в стороне лежат лучики солнца желтого и оранжевого цвета. Дети делятся на две команды, одна команда собирает желтую солнце, вторая команда собирает оранжевого солнца.

Побеждает дружба!!!

Ведущий. Ребята, а у кого руки золотые? Конечно же у ваших мам и бабушек. И для бабушек есть подарочек – стихи.

Стихи про бабушек.

Руслан: Месяц март-число восьмое!
Нет нам с папою покоя
Что же маме подарить?
Что на праздник ей купить?

Айару: В марте с первого числа
Начинается весна-
Мамин день -8 марта
Отмечает вся страна.

Бекир: Слушай нашу песенку,
Мамочка любимая,
Будь всегда здоровая,
Будь всегда счастливая!

Бейбарыс: Мамочки чудесные,
Вас я поздравляю.
И в прекрасный женский день,
Счастья вам желаю
Самые красивые, Самые родные.
Нежные и теплые, Сердцу дорогие!

Каролина: Подарю я розы, Маме дорогой,
Нет ее прекрасней: Милой и родной!
Пусть счастливой будет, Мамочка моя,
И я прошепчу ей: - Я люблю тебя…

Песня: «Мамочка моя» хор.

Ведущий: А вы знаете, что даже зверята поздравляют своих мам с праздником 8 марта? Сейчас я расскажу вам про это сказку.

**Кукольный спектакль "Подарок мамочке"**

*Необходиые игрушки: цветы, Ёжик (Тамерлан), Заяц (Санжар), Лиса (Каролина), Мама-Ежиха.*

Ведущий: Жил себе в лесу обыкновенный ёжик-колючка. Каждую зиму он долго-долго спал с мамой в своём лесном домике. А весной он просыпался, выходил на полянку и радовался солнышку.

*Ёжик выходит на полянку.*

ЁЖИК: ФР-ФР… Здравствуй, солнышко! Здравствуйте, весенние ручейки! Здравствуйте, первые цветочки!

*Выскакивает Заяц.*

ЗАЯЦ: Привет, Ёжик!

ЁЖИК: Привет, Зайчик! А что это у тебя в руках?

ЗАЯЦ: Это у меня свежие листики салата в подарок для моей мамочки.

ЁЖИК: А что, у твоей мамы день рождения?

ЗАЯЦ: Нет, Ёжик, что ты! У моей мамы нет сегодня дня рождения. Но разве ты не знаешь, что в начале весны есть чудесный праздник 8 марта?

ЁЖИК: А что это за праздник?

ЗАЯЦ: Это праздник всех мам и бабушек. И вот я моей маме несу подарок - эти чудесные листики. А ты что подаришь своей маме-Ежихе?

ЁЖИК: Ой, а я не знаю… Нет у меня никакого подарка.

ЗАЯЦ: А ты что-нибудь придумай! Ой, я слышу чьи-то шаги. Я боюсь, что это лисица! Я боюсь лисицу, она меня съесть может. Ну ничего, ноги у меня быстрые, я от неё убегу! Прощай, Ёжик!

<u>Ведущий</u>: Убежал зайчик, а Ёжик задумался. Скоро праздник, 8 марта, надо маме подарок сделать. Что же ему подарить? Но пока он думал, на полянку выскочила рыжая лисица.

ЛИСА: Ох, бежала я за Зайцем, да не догнала, уж очень он быстро бегает! А кем это тут пахнет? Ой, так это же Ёжик! Вот его-то я и съем! Какая вкуснятина - маленький Ёжик! НЯМ-НЯМ… Эй, Ёжик, сейчас я тебя ням-ням съем! Вот сейчас только зубки наточу, и съем!

ЁЖИК: Что же мне делать? Я же не умею так быстро бегать, как заяц, и я не могу убежать от Лисицы.

<u>Ведущий</u>: Испугался Ёжик. Кто же Ёжику поможет? Ежик уходит назад, и вдруг подает на цветочки. Посмотрел он вокруг себя, и спрятался среди цветов. А лисичка наша ищет все ищет

*Ёжик подходит к цветам, и те будто укрывают его. Чтобы это изобразить, заранее подготовьте ткань-сеточку с пришитыми на неё цветами, аналогичными, что «растут» на ширме.*

ЛИСА: А где же это Ёжик? Куда же он делся? Был тут - и нет! Только цветочки на полянке остались! Наверное, и он убежал, не удалось мне Ёжика съесть. Пойду я в лес, ещё кого-нибудь поищу.

*Лиса убегает.*

<u>Ведущий</u>: Не заметила лисица Ёжика, за кустик весенних цветов его приняла. И вот, когда Лиса убежала, испуганный Ёжик побежал домой, а на иголках цветочки понёс. Боясь заходит домой, он стоял у порога, а мама Ежика в то время вышла из дома.

*Ёжик сворачивается так, что становится похожим на кочку цветов, а Ежиха выходит из домика.*

ЕЖИХА-МАМА: Какой красивый кустик цветов принес мне мой сынок! Спасибо, Ёжик! Я очень люблю цветы, но тебя я люблю больше всего!

Звучит музыка.

КОНЕЦ СПЕКТАКЛЯ.

Ведущий: Ай да Ёжик, молодец, маму поздравил, подарок ей подарил. А нам ведь тоже надо мам подарки подарить. Пора подарки мамам и бабушкам раздать. *Раздача подарков.*

***<u>(дети уходят под музыку в группу)</u>***

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДИЗАЙНЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН «АЙРИС ФОЛДИНГ» (IRIS FOLDING) ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

***Ж.Е. Акилбекова,***
*№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы,*
*Ақтөбе қаласы*

Iris Fold техникасының атауы сөзбе-сөз ағылшын тілінен «кемпірқосақты бүктеу» деп аударылады.

Айрис бүктеу техникасы Голландиядан бастау алады, сол жердегі жергілікті қолөнершілер өз жұмыстарын түрлі-түсті қағазды картонды пайдаланып шиыршық (спираль) тәрізді ауқымды бейнелерді камералардың диафрагмасына ұқсас етіп жасаған.Қағаздан жасалған ол жұмыстар үлкен сұранысқа ие болып, адамдар үйлерін безендіріп, ашық хаттар, картиналар, кітап мұқабаларын жасап қолөнер туындысына айналдырған. Қазіргі уақытта осы техникада жұмыс істеу үшін түрлі-түсті қағаздар мен картон ғана емес, сонымен қатар атлас ленталар, маталар қолданылады. Айристі бүктеу техникасы 5-6 жас аралығындағы балалар мен ересектерге қол жетімді.

Өзектілігі: Мамандардың зерттеуі бойынша қазіргі заман балаларының жалпы ұсақ қол моторикасының дамуының төмендігіне байланысты осы технологияның қол жетімділігінде. Жапсырудағы бұл әдісті қолдана отырып баланың креативті ойлауын, дизайнерлік қабілетін, қол моторикасын дамытамыз.

Мақсаты: қағаздан безендірудің көркем тәсілі ретінде технологияның қарапайым техникасын игеру барысында балалардың жан -жақты интеллектуалдық - эстетикалық және дизайнерлік қабілетін дамыту.

Айрис техникасының басты мақсаты:

- жұмыс алгоритмін меңгерудің қарапайымдылығында
- материалдардың қол жетімділігінде
- өз бетінше сюжет пен сызба үлгі құру мүмкіндігінде.

Міндеттері:

- интеллектуалды дамуға және табысты оқуға тиімді әсер ететін қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың ұсақ қимылдарын дамыту;
- қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау сияқты танымдық процестерді қалыптастыру;
- өзіне деген сенімділік пен қабілеттерді, қиялды, талғамды, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- интеллектуалды дамуға және табысты оқуға тиімді әсер ететін қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың ұсақ қимылдарын дамыту;
- қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау сияқты танымдық процестерді қалыптастыру;

- өзіне деген сенімділік пен қабілеттерді, қиялды, талғамды, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Айрис бүктеу техникасын қолданып, туынды жасау кезінде сізге: картон, түрлі-түсті қағаз, қайшы, қарындаш, сызғыш, желім, сызба, қағаз қыстырғыштар қажет.

«Айрис фолдинг - шығармашылық технологиясы» нәтижесінде бүктеу практикасы қолдың моторикасын, саусақтардың ұсақ қимылдарын жақсартады, ал бұл жалпы интеллектуалды дамуға және табысты оқуға тиімді әсер етеді. Қабылдау, есте сақтау, логикалық ойлау, зейін сияқты психикалық процестердің дамуына ықпал етеді. Баланың шығармашылық қиялын, көркемдік талғамын, дизайнерлік қабілетін дамытамыз.

# «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

***Ә.А. Сәрсенбаева,***
*«Нұрсәт» балабақшасы,*
*Мәртөк ауданы*

**Мақсаты:** «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;

**Білімділік:** балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

**Дамытушылық:** әр түрлі тапсырмалыр, ойындар арқылы, мақал-мәтел жатқызу арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізуге, үш тілділікке үйрету.

**Тәрбиелік:** үлкендерді сыйлауға, кішілерді құрметтеуге, қамқорлыққа, бір-бірімізге жақсылық жасауға тәрбиелеу.

**Құрал-жабдық:** отбасы суреттері, балалардың отбасылық фотосуреттері, дидактикалық ойын "Бұл кімге тиісті", интерактивті тақта.

**Қостілдік компонент:** отбасы-семья-family, анамама-mother, әке-отец-father

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, ойын.

| Әрекет кезеңдері | Педагогтыңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық-қозғаушы | Ұйымдастыру кезеңі:<br>«Қайырлы күн» деп айтамыз,<br>Түсте бірге қайтамыз.<br>Отбасының гүліміз.<br>Көңілді өтер күніміз. | Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді. |
| Іздену ұйымда-стырушылық | Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілместің келуі».<br>Балалар қараңдаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті.<br>- Салеметсің бе Дымбілмес?<br>Дымбілмес:<br>- Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды /жылайды/. Енді қайттім, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес.<br>- Дымбілмес жыла ма, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе?<br>- Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары:<br>1-жұмбақ:<br><u>Кім</u> отыр кәріміз,<br>Қуат берер дәріміз.<br>Әулиедей аялап,<br>Ардақтаймыз бәріміз!<br>2-жұмбақ:<br>*<u>Кім</u> менің асыл жан*<br>*Жақсылыққа үйретіп,*<br>*Жамандықтан шектейді.*<br>*<u>Кімге</u> ешкім жетпейді!*<br>3-жұмбақ:<br>*<u>Кім іммениң</u> ардақты*<br>*Алтыннан да салмақты*<br>*Қиын-қиын жолдардан*<br>*Қорықпаймын ол барда*<br>*Кім деген ардақты ат*<br>*Өтемін оны ардақтап.* | Балалар аң-таң болып қарайды.<br><br>Сәлеметсіз бе.<br><br>Иә, көмектесейік.<br>Қол ұшымызды береміз.<br><br>Ата-дедушка-grandfather<br><br>Әже-бабушка-grandmother |

| | | |
|---|---|---|
| | 4-жұмбақ:<br>*«Кімім» – деп балаң жырын арнаған*<br>*Неге ғана естімеген тәтті үнін*<br>*Кімім менің – өмірдегі тірегім*<br>*Кімім менің – кеудемдегі жүрегім*<br>*Егер менің қасымда сен болмасаң*<br>*Бұл өмірде қалай ғана жүремін.*<br>Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық.<br>Дымбілмес:<br>- Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болыңдар.<br>- Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз?<br>- Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері.<br>Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын, бізді әркезде қолдап, қол ұшын беріп, көмектесетін, ақыл айтатын, жаман мен жақсыны, оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар. /баяу ән қосылып тұрады/.<br>Қане балалар, біраз сергіп алайық.<br>Сергіту сәті:<br>Үйде нешеу екенбіз<br>Кел санайық екеуміз,<br>Бас бармағым папам<br>Балаң үйрек анам.<br>Ортан терек ағам<br>Шылдыршүмек мен<br>Кішкене бөбек сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық?<br>Иә, дұрыс айтасыңдар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың, інілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме?<br>/отбасы мүшелерін айта отырып балаларға суреттерін көрсету/<br>Жақсы, ендеше балалар сендерге үйге әрине, ата-аналардың көмегі арқылы отбасылық сурет галлереясын жасап келулеріңді ұсынғам. /көрмеге назар аударамыз/<br>Жақсы балалар, кім маған өз отбасы туралы айтып береді?<br>Дидактикалық ойын. «Қай зат кімдікі»<br>Шарты: Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып жанына қояды./тапсырма интерактивті тақта арқылы орындалады./<br>Мақсаты: ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиесілі екенін табуға, балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтыңдар.<br>Балалар, ерте заманнан мынандай мақал бар «Ақылды қария - ағып жатқан дария». Бұл мақалды қалай түсінесіңдер. Міне, мынау қария-ол атамыз. Ата дегенде бірден ойға қандай ой келеді.<br>Керемет балалар. Иә, біздің отбасымызда ең үлкені, сыйлыда сыйымды, ақылшымыз, ол әрине қариямыз - атамыз. Ал, дария дегенді қалай түсінеміз. | Әке-отец-father<br><br>Ана-мама-mother<br><br>Сау болыңыз.<br><br>- Отбасы, отбасы мүшелері.<br><br>Үйде нешеу екенбіз<br>Кел санайық екеуміз,<br>Бас бармағым папам<br>Балаң үйрек анам.<br>Ортан терек ағам<br>Шылдыршүмек мен<br>Кішкене бөбек сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.<br><br>Әке, аға, ана, әже, ата туралы.<br>Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз.<br><br>Томирис, Інжу, Дарина, Айдын, Султан өз отбасы жайлы ата-аналармен жасалған альбомдарын көрсетіп, өз отбасы туралы шағын әңгімелеп береді.<br><br>Данияр байлауышты алып әженің жанына апарып орналастырады.<br><br>Мусаэль көзілдірік пен кітапты атаның жанына апарып орналастырады.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Өте жақсы Аяулым. Суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз «дария» аталатындығын түсіндірме сөздіктен білеміз. «Дария біздің елдің ұғымында теңізден кіші, өзеннен үлкен су». Ал, су балалар таза болады, су бір орнында тұрмай сарқылып ағып жатады екен. Ендеше қариямыз дариядай жылдар бойы жинаған ақылын бізге айтып отырады екен. Ендеше балалар осы мақалды жаттап алайық. «Ақылды қария - ағып жатқан дария». | Дария: Менің атам өте ақылды адам.<br>Асанали: Ал менің атам мені еркелетеді.<br>Жадыра: Менің атам мен қалаған затты алып береді.<br>Мусаэль: Менің атам маған көп әңгімелер мен ақылдар айтады. |

## «АЛТЫН КҮЗ»

*Д.А. Есетова,*
*«Kinder joy» МДҰ,*
*Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты:** Күз кереметтері туралы даярлық балаларының түсініктерін қалыптастыру, эстетикалық талғамдарын ояту, сөйлеу тілдерін, қарым - қатынас дағдыларын қалыптастыру, топтық жұмыстарда ұйымшылдыққа тәрбиелеу (залдың іші мерекеге сай безендіріледі, шарлар, күзге байланысты әуен қойылып тұрады)

**Жүргізуші:** Құрметті тәрбиешілер, балалар бүгінгі біздің «Гүлдер» мектепалды даярлық тобының өткізгелі отырған ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Армысыздар, халайық,
Бармысыздар, халайық!
Күзгі тойды жұп жазбай,
Бірге қарсы алайық!

Балалар, бүгін барлығымыз күз мерекесіне жиналдық.

**Ән:** «Алтын күз»

**Тақпақтар:**

Жемістер:

**Алма**

Қызыл, сары түсім
Домалақ, сұлу мүсін
Ағашта өсем салбырап
Күзде пісем албырап

**Мандарин**

Сарғыш түсті мандарин
Ортасында дәні бар
Ауызға салсаң еритін
Балдай тәтті дәмі бар

Көкөністер:

**Сәбіз**

Қызыл сары сәбізбін
Жер бетінде бұрымым
Көзге берер күш қуат
Дәруменнің бірімін

**Қияр**

Бақшада көп өсетін
Мен кәдімгі қиярмын
Жұлып алып жесеңіз
Қырт - қырт етіп тұрамын

Дәнді дақылдар:

**Тары**

Ақ, қарамын, сарымын
Мен өнімді тарымын
Халқым еңбек сіңірсе
Қайтарамын қарымын

**Күріш**

Күнді сүйгіш күрішпін
Барлық жұртқа ырыспын
Алсын деп ел мол өнім
Ала жаздай су іштім

Би: «Лента»

**Шие**

Қып - қызыл нарттай
Шиемін өзім
Қызығасың маған
Түскенде көзің

**Өрік**

Мына мен өрік
Бақшаға көрік
Піскенде жайнап
Аласың теріп

**Тәтті бұрыш**

Түрлерім көп сан түрлі
Бұрыш деген мен болам
Келтіріп дәмін тағамның
Дастарханды толтырам

**Капуста**

Жайлы жұмсақ төсегім
Домаланып өсемін
Қабат - қабат тоным бар
Қалай оны шешемін

Дәнді дақылдар:

**Бидай**

Нан анасы бидаймын
Елге астық сыйлаймын
Дәнім толып піскенде
Қауызыма сыймаймын

**Жүгері**

Моншақтай әсем тізілген

Сап сары менің түрім бар
Тойдыратын әрдайым
Жүгерімін біліп ал

**Ән:** «Жау, жау, жаңбыр»

Ертегіден көрініс:

Ерте, ерте, ертеде жер бетінде үш еңбекқор қария өмір сүріпті. Оның – бірі Бағбан ата ол жеміс ағаштарын отырғызып, баптап өсіреді. Екіншісі Диқан ата ол жер жыртып, дән себеді. Үшіншісі Жомарт ата ол көкөністің түр-түрін өсіріп, оларды баптайды. Бір күні үшеуі кездесіп қалыпты.

**Бағбан ата:** Амансыңдар ма? Еңбек етіп, еңбегіміздің жемісін көретін күн де жетіпті. Олай болса қайсысымыз көп еңбек еттік деп ойлайсыздар? Ел-жұрт қайсысымызға құрмет көрсетер екен а?!

**Диқан ата:** Әрине маған. Өйткені маған жаз бойы тыным таппай еңбек еттім. Сондықтан маған көбірек құрмет көрсетеді.

**Жомарт ата:** Жоқ құрдастар, босқа таласпаңдар. Мен мына отырған елдің барлық азықтарын толтырдым. Олар менің өнімдерімнен түрлі салаттар жауып жейді.

**Бағбан ата:** Ал мені сонда бос отырды деп ойлайсыңдар ма? Мен де жеміс бағымда түрлі жемістер өсіріп, түрлі тосаптар қайнатуға көмектестім. Сондықтан маған құрмет көрсету керек.

Осы мезетте ортаға Алтын күз келеді.

Үш қария осылайша дауласып жатқанда сап - сары алтындай жапырақтарымен жер жаһанға алтын көрпесін жая Алтын Күз келіп жетеді.

**Алтын күз:** Армысыздар дархан елім! Мен сары алтындай алтын күз болам. Сары желегімді жамылып, сары шапанымды киініп сар даламды аралап сағынып жеттім ортаңа. Жер бетін аралап жүріп жайқалып өскен Диқан атаның дәнді дақылдарын, Жомарт атаның түрлі көкөніспен жайқалған бақша бауын, Бағбан атаның исі мұрынды жаратын жеміс бағын көріп қатты қуандым. Армысыздар, аталар! Сіздерге еткен еңбек, төккен терлеріңіз үшін басымды иемін. Үшеуіңіз де үлкен құрметке лайықсыздар. Міне, мынау сіздерге арналған халықтың құрмет сыйы. (үшеуіне алғыс медалын табыстайды).

**Үш қария:** Рахмет сендерге халқым, рахмет саған Алтын күз!

**Би:** «Кап-кап»

**Тақпақтар:**

**Жүзім**

Мен жүзіммін, жүзіммін
Жаңа пісіп, үзілдім
Күлгін, жасыл, қара, көк
Көркі болам күзіңнің

**Алмұрт**

Шамға ұқсаған келісті
Сопақша бір жеміспін
Алмұрт деген атым бар
Тәттісімін жемістің.

**Көкөністер:**

**Қызылша**

Көкөністің ішінде
Менің атым қызылша
Денсаулығын нығайтып

Қызанақ Кәусар

Қызара піскен бақшада
Қызанақты білерсің
Шырыным мен етіме
Тояттап - ақ жүресің

**Картоп**

Отаным менің қиырдан
Күз болғанда жиылам
Асыққанда аналар
Мені табаға қуырған

**Арпа**

Күміс мұртты арпамын
Ырысы мол арпамын
Еңбек етіп баптаған
Еліме сый тартамын

**Сұлы**

Мен сұлымын ұланның
Тұлпарына ұнадым
Халқым еңбек сіңірсе
Басымды иіп тұрамын

**Би:** «Джентельмен»

**Тақпақтар:**

**Банан**

Арттырам күшін адамның
Балбыраған бананмын
Ыстығында өсемін
Тропикалық аралдың

**Құлпынай:**

Жапырақта тасалап,
Өскен жері бақша-бақ.
Күрең қызыл шіркін-ай,
Оның аты – құлпынай.

**Көкөністер:**

**Картоп**

Отаным менің қиырдан
Күз болғанда жиылам
Асыққанда аналар
Мені табаға қуырған

**Пияз:**

Асханадан шықпаймын,
Атым – пияз бұқпаймын.
Көзден жасты шығарып,
Тұмаудан бірақ сақтаймын.
Дәнді дақылдар:

**Күнбағыс**

Күннің көзін сүйемін
Күнге басымды иемін
Тонналап май беретін
Күнбағыс деп білемін

**Бұршақ**

Бойымда көп дәрумен
Денсаулыққа қорғанмын
Сондықтан да дұрыс қой
Бұршақпен дос болғаның

**Жүргізуші:** Осымен біздің «Гүлдер» тобының дайындаған шағын ғана ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі кездескенше аман болыңыздар!

# ПІШІНДЕР БІЗДЕ ҚОНАҚТА

***Г.Ж. Мамырова,***
*«№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы»,*
*Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді дөңгелек, шаршы, үшбұрышты танып, атайды. Бір текті заттарды құрастырады және бөліп алады.

**Қажет құралдар:** бейнекөрсетілім, үлестірмелі материалдар, ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек пішіндері, түстер. ҰОҚ барысы;

Кіріспе бөлім.

Сәлеметсіздер ме!

Балалар, көңіл күйлерің қалай?

Қараңдаршы, бүгін біздің ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетімізге қонақтар келіпті. Бейне көрсетілім көрсету.

Мынау пішіндер;

Үшбұрыш деп аталуының себебі, оның үш бұрышы бар, сол себепті оны үшбұрыш деп атаймыз. Мысалы: үйдің шатыры.

Келесі пішініміз шаршы. Шаршы аталуының себебі оның төрт бұрышы бар. (теледидар, қорап)

Мынау дөңгелек. Дөңгелекте бұрыштар болмайды, ол допқа, күнге ұқсайды.

Көрсетілген суреттер бойынша жетелеуші сұрақтар. Пішіндерді атап беріңдерші?

Балалар; Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы

Айналадағы заттар қандай пішіндерге ұқсайды? (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы)

Шеңбер қандай түсті болды?

Үшбұрыш қандай түсті болды?

Шаршыға қандай заттар ұқсайды екен?

Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын.

**«Неге ұқсайды?»** Шарты: Көрсетілген заттардың қай геометриялық пішінге ұқсайтынын табады. Қандай ұқсас жақтары барын айтып береді.

**Д.ойын: «Бұл не? Ол қандай түсті?»**

Шарты: Пішіндерді атау керек, түстерді айту керек. Жарайсыңдар!

Топтасу. *(орындықтың артындағы түстер арқылы топтасады)*

**1-топ;** Қызыл түс

**2-топ:** Сары түс

**3-топ:** Жасыл түс

**4-топ:** Көк түс

**1-тапсырма. Топтық жұмыс**

**1-топ** - Пішінге ұқсас заттарды топтастыр.

Мақсаты; Пішіндерді салыстырып ұқсас заттарды топтастырады.

**2-топ;** Пішіндерде қанша бұрыш бар.

Мақсаты; Геометриялық пішіндердің бұрышын білу.

**3-топ**; Бірнеше бөлікке бөлінген пішіндерді түсіне, көлеміне қарай құрастырады.

Мақсаты: Түстері мен көлемін атайды.

**4-топ**; Пішіндерден үлгіге қарап бейне құрастырады, аттарын атайды.

Топтар жұмыстарын қорғайды.

«Басбармақ» арқылы топтар бір бірін бағалайды.

Сергіту сәті.

Ал, балалар тұрайық

Қолдан шеңбер құрайық.

Түзу болып тұрайық

Бір біріне қосқанда

Үшбұрышты құрайық.

**Еркін ойын;** (Жеті ойыншық)

Әр топқа түрлі пішіндер беріледі. Пішіндерден өздеріне ұнайтын заттарын (мысық, үй, балмұздақ) құрастырады.

- Балалар бүгінгі ҰОҚ ұнады ма?
- Қандай пішіндерді білдіңдер?
- Пішіндерден қандай бейне құрастыра білдіңдер?

Қай жерде қиын болды?

Балаларды жұлдызша арқылы бағалау.

# ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚША ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Г.Б. Кыдыралина,***
*«Kinder joy» МДҰ меңгерушісі,*
*Ақтөбе қаласы*

Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы жалғасады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде 1-ші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, 2-ші бесік – білім беру мекемесі. Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы өте маңызды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асыратын педагог пен отбасы. Балабақшадағы берілетін тәрбие – бала табиғатына ерекше әсер етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаға берілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана алға қойған мақсат нәтижелі болмақ. Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мақсаттардың бірі-айналаны тану, сезіну, қабылдау, түсіне қарай таңдау, әсерлей білуге баулу. Отбасымен педагогикалық байланысты орнату бұл балабақшамен ата-ана арасындағы педагогикалық іс-шараларды бірлесе отырып жүргізу. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаным ретінде қабылдау.

Көзқарастар мыналар:

– Баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға.

– Баланы әр уақытта шындыққа үйрету.

– Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып сол жағдайға дұрыс көзқараспен карауға жағдай туғызу.

– Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау.

– Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесу.

Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез-келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата-аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі. Сол себепті мен ата-аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлемін. Балабақшамен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның абыройлы міндеті. Кезінде әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» – демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұру керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-аналар іс жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірікте жүргізілен тәрбие ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

Ата-аналардың, тәрбиешілердің тәрбие жұмысын жүргізуде бірізділік пен жоспарлықты сақтауы – кішкентай балаға сенімділік, тиянақтылық береді. Егер жақын адамдары балаға барлық жағдайда бірден қарайтын болса, ол өзінен не талап етелетіндігі, нені істеуге болады, ал қандай нәрсеге рұқсат етілмейтіндігін анық түсінетін халге жетеді. Жалпы бала тәрбиесінде бірізділік сақталған жағдайда баланың өз іс-әрекетіне, тәртібі мен мінез-құлқына жауапкершілігі арта түседі.

Өкініштісі, ата-аналар, әсіресе, жас ата-аналар балада белгілі бір жағымды әдеп-дағдыны жақсы қалыптастыру үшін бала табиғатына орай үзбей ықпал жасап отыру қажеттілігін жете түсінбей, өз сөзінің, іс-әрекетінің нәтижесін дереу сол мезетте-ақ көргісі келеді. Ата-аналар баланы тек қана сөз емес, тұтас алғанда отбасында, үш ішінде қалыптасқан микроклимат, ахуал, ересектердің мінез-құлық, іс-әрекеттері де тәрбиелейтіндігіне мән бермейді.

Ата-аналар заман талабына сай жан-жақты білімді болу керек. Яғни, өзінің жетік меңгерген қызмет саласымен қоса білім беру үрдістеріндегі кездесетін жаңалықтары болу қажет. Бір сөзбен айтқанда ата-аналарды креактивті ойлауға, сындарды ойлауға жетелеу. Ата-аналардың педагогикалық білімін тереңдету, педагогикалық насихат жүргізудің ең тиімді түрі ашық есік күндері мен ұйымдастырылған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу. Байланыстың мұндай түрі ата-аналарға балабақшаның көрсетуге, тәрбиелеудің балабақшадағы пайдаланатын әдістерін отбасында іске асыруға да болатынын үйретуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ата-ана өз баласының өзін-өзі қалай ұстайтынын байқайды, әрі педагог ата-ана назарын баланың ойында, ұйымдастырылған оқу қызметінде, тұрмыстағы балалардың өзара қарым-қатынас сипатына, олардың еңбек пен гигиеналық дағдыларына назар аударып, көргендерін бірге талдайды, балалардың мінезінде кездесіп қалатын кейбір кемшіліктердің себебін іздестіреді. Балабақшадағы арнайы бұрыш ата-анамен байланыстың бірденбір дәнекері.

Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы жүзеге асыруда тәрбиеші негізгі рөл атқарады. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеші өз жұмысын жаңаша ұйымдастырып, түрлендіруге ұмтылады. Тәрбиешінің ізденісі, біліктілігі баланың іс-әрекетке деген қызығушылығн арттырып, олардың өз бетінше білім алуға деген ынтасын тудырады.

Балабақшада өтетін барлық іс-шараларға ата-аналардың қатысуы жақсы нәтиже берелі анық. Ал, ол үшін ата-аналарды мекемеде жасалып жатқан жұмыстарға қызықтыра білу қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға жан-жақты тәрбие мен дамыту мәселесін балабақша жоспарлы түрде шешеді, отбасына педагогикалық көмек бере отырып белгілі бір жетістіктерге жетеді. Олай болса, бүгінде ата-анамен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін отбасымен балабақша бірлесе отырып ат салысудамыз.

## «ШҰБАР ТАУЫҚ» ЕРТЕГІ

***Г.А. Нургалиева,***
*«№1 Алға мектеп-бақшасы*

**Білім беру саласы:** Коммуникация

**Бөлімі:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Шұбар тауық» орыс халық ертегісін оқу.

**Мақсаты:** «Шұбар тауық» ертегісімен таныстыру.

**Міндеттері:** Балаларды көркем шығарманы ынта қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Ой-өрісін, тілін дамыту. Қамқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, Шұбар тауық (ойыншық) конус театры, үнтаспа, жұмыртқаның суреті салынған парақтар.

**Сөздік жұмыс:** шұбар тауық, қауырсын.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі. Тосынсый.** Қонаққа Шұбар тауық келеді. Балалармен амандасады. Үнтас-

падан **«Шөжелерім»** әніне балалармен бірге қимылдар жасайды.

**2. Негізгі кезең** Балалар, Шұбар тауық сыйлық алып келіпті, «Шұбар тауық» ертегісін.

Балалардың зейінін конус театрына аударады. Театр арқылы ертегіні айтып береді.

**Автор:** Ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті, олардың Шұбар тауығы болыпты. Бір күні тауық жай емес, алтын жұмыртқа тауыпты. Шал мен кемпір қуаныпты.

**Шал:** Кемпір, жұмыртқаны жарып көрсек қайтеді, мүмкін ішінде гауһар тас бар шығар?

**Автор:** Шал жұмыртқаны қасықпен ұрып-ұрып, сындыра алмапты.

**Кемпір:** Әкелші, мен жарып көрейін.

**Автор:** Кемпір де жұмыртқаны ұрып-ұрып, сындыра алмапты. Тарсылды естіген тышқан ініненен шығып, үстелдің үстімен жүгіріп бара жатып, жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Жұмыртқа еденге түсіп, жарылып қалады. Шал мен кемпір жылайды.

**Шұбар тауық:** Ата, әже, жыламаңыздар! Мен сендерге алтын емес, жай жұмыртқа тауып беремін.

**Автор:** Көп кешікпей тауық бір себет ірі де тәтті жұмыртқа тауып береді. Осылайша олар бақытты өмір сүре береді.

**Сөздік жұмыс:** шұбар тауық, қауырсын.

**Сергіту сәті.**
Ұшқандай боп кекілік,
Биік-биік секіріп,
Ойнап-ойнап тез өсіп,
Кетеміз біз жетіліп.

**Сұрақ-жауап:**
- Ертегі сендерге ұнады ма?
- Шұбар тауық кімдердің үйінде тұрды? (Ата мен әженің үйінде тұрды)
- Шұбар тауық ата мен әжеге қандай жұмыртқа туып берді? (Алтын жұмыртқа)
- Тышқан қалай жүгірді? (Үстелдің үстімен)
- Жұмыртқаны не жарды? (Тышқан)
- Тышқан жұмыртқаны қалай жарды? (Құйрығымен қағып кетті)
- Жұмыртқа жарылғанда ата мен апа қалай жылады?
- Олай болса, ата мен апаға әдемі жұмыртқаның суретін бояп берейік. Педагог балаларға жұмыртқаның суреті салынған парақтарды таратады. **Суретті бояту.**

**3. Рефлексия** Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Шұбар тауық балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтижелер: Жасайды:** ертегіні тыңдайды.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын. **Қолданады:** сұрақтарға жауап береді.

# ҚАҢБАҚ ШАЛ

*қазақ халық ертегісі*

*А.Х. Урынбасарова,*
*№49 «Думан» бөбекжай балабақшасы,*
*Ақтөбе қаласы*

**Қатысушылар:** Қаңбақ шал, кемпір, дәу, түлкі.

Сахна ертегі мазмұны бойынша безендірілген. Қазақ киіз үй, жасыл жайлау тау-тас, қазан-ошақтар қойылған.

**Автор:** Бұрын, бұрын, бұрында,
Ғаламторы жоқ заманда.
Ел айтса сенбейтін,
Өз дегеніне көнбейтін,
Жел тұрса дөңгелейтін; *(желдің дауысы естіледі)*
Қаңбақ деген шал болыпты. *(қаңбақ шал дөңгелеп айналып шығады)*
Мал мен басқа зар болыпты,
Кедейліктен шықпапты
Көлшікке келіп күн көріп,
Ау салып, балық ұстапты *(көлге ау салады, балықтар алып шелекке салады).*
Жазда жайлауда,
Қыста қыстауды қыстапты.
Әлжуаз шалдың азығын,
Түлкі тартып жейді екен; *(түлкі шалдың артына келіп балығын алып кетеді, алыстау жерден «Қаңбақ шааал!» деп айқайлайды).*
«Қаңбақ шал-ау!
Ұшарыңды жел білген,
Қонарыңды сай білген,
Саған балық не керек... » - дейді екен.
Ыза болған мазаққа,
Көнбеймін деп азапқа.
Көргім келмейді деп түлкіні,
Шал жолға жиналыпты бір күні.
Басқа жерге көшем деп,
Түлкіге кетті есем деп.
Жоқ еді деп жазығым,
Буып, түйіп азығын
Жол кезіпті жазды күн.
Күн жүріп, түн жүріп,
Шаршапты.
Арқа жүгін азайтып,
Құтыдағы айранды,
Шұңқыр қазып төгіпті
Қапқа салған ішек-қарынды
Ор қазып жерге, көміпті.
«Қаңбақ» деген аты бар,
Жеңілдеп жүгі қорықты,
Жел соққанда торықты
Қалықтап ұшып жүріп,
Дәуге келіп жолықты.

**Дәу:**
Ей, Шал!
Қайдан келесің? Қайда барасың?
Паналап жүрсің бе,
Аспан жердің арасын.
Кел, екеуміз күш сынайық;
Тасты лақтырып аспанға,

Оны кейін қағып аласың.
Қаға алмасаң егер де,
Сен жеңілген боласың.
Ха-ха-ха! *(деп дәу қарқылдап күледі де тасты аспанға лақтырып жіберіп қағып алады). Шал сасқалақтап, қайтерін білмей, тасты құшақтап аспанға бір, тасқа бір қарап, ойланған кейіпте тұрады.*

**Дәу:** Ей, не ғып тұрсың, Пақыр!
Тасты көкке лақтыр! (*дейді ақырып, бар ашуын шақырып).*

**Қаңбақ шал:**
Бар күшіммен лақтырсам
Мандай терім төгіліп,
Аспан кетер бөлініп.
Жерге түссе,
Жер кетеді сөгіліп,
Соны ойлап тұрмын егіліп.
Ей, мені қойшы,
Асарымды асадым,
Жасарымды жасадым.
Тәуекел деп көрейін,
Аландап кімге сасамын*. (деп батылданып күші көп адам секілді білегін түріп тасты көтермекші болып дайындала бастайды).*

**Осы сөзді есіген дәу қорқып кетеді де, шалдың қолынан ұстай алады.**

**Дәу:** Ақсақал!
Тең екенсің батырға,
Лақтыр ма, кел ақылға.
Мерт болармыз бәріміз,
Жер сөгілсе қапыда. *(деп еңіреп қоя береді).*

**Автор:** Дәудің ақылы таяздығын біліп, шал ерігіп, тағы бір қулық ойлайды. **Қанбақ шал:** *(батылданып)*
Тұрсын ғой мені танып,
Батырмын - бұл анық,
Көрдің бе сен өзің,
Жердің ішек- карының шығарып.
Кезегімді берейін,
Әуселеңді көрейін.

**Дәу:** Жерді соғып ашайын,
Ішек-қарынын шашайын. *(Дәу жүгіріп келіп, жерді теуіп қалады. Жер тізеден ойылады. Ештеңе шықпайды. Шал өзі бұрын көміп қойған, қан-жыны арылмаған ішек-қарын жатқан жерді жүгіріп барып, теуіп қалса, ішек-қарын шыға келеді. Дәу одан бетер қорқады. Басын шайқап аң таң болып тұрады).*

**Қаңбақ шал:**
Күш атасын білдің бе?
Батырлығыма сендің бе?
Сен өзі дәу болсаңда
Жердің миын шығарып көрдің бе? *(қолын сермеп сөйлейді).*

**Дәу:** Жердің миын тимедім,
Сендей мықты көрмедім. *(Дәу екі қолын аспанға сермеп аң-таң болып айтады).*

**Шал:**
Кезегімді берейін,
Әуселеңді көрейін. *(Дәу пәрменімен келіп, жерді теуіп қалады. Жер тағы да тізеден ойылады. Ештеңе шықпайды. Шал манағы айранын көміп кеткен жерді жүгіріп барып теуіп қалса, бырқ етіп айран шыға келеді. Дәу одан бетер қорқады).*

**Дәу:** Мына шал не деген күшті,
Көрмегенім жоқ мынадай істі. – *деп, шалдың айтқанын істей береді. Ақыры, шал одан қалай құтыларын білмей:*

**Қаңбақ шал:**
Анау қырат бел,
Мынау шалқыған көл,
Менің үйім, мына байтақ ел.
Кәзір үйіне кайт!
Ертең бізге қонаққа кел. (*деп дәуді алдап шығарып салады. Дәу мақұл десіп үйіне кетеді. Дәу кетіп бара жатып мына сөздерді қайталап барады:*
Мына шал не деген күшті,
Көрмегенім жоқ мынадай істі.

**Автор:** Қаңбақ шал үйіне келіп кемпіріне: Ертең дәу қонаққа келеді. Мен есіктің алдында отырармын. Сонда сен оның көзінше: «Не істеймін, шал?» – деп маған қара, мен не десем, соны істемекші болып, пышақты алып, тұра ұмтыл! – деп, кемпіріне үйретіп қояды.

*(Ертеңіне үш дәу Қаңбақ шалдың үйіне қонаққа келеді).*

**Дәу:**
Келдік біздер қонаққа,
Дайын ас пен тамаққа.
Ха-ха-ха! *(деп дәу қарқылдап күледі).*

**Кемпір:**
Шал-ау!
Қонақ келсе шықсын төрге.
Не береміз? Түк жок үйде! *(алақанын жайып)*

**Қаңбақ шал:**
Не болды ?
Сонша айқайлап,
Олжа бермес тайталас.
Үлкен дәудің басын ас,
Ортаншы дәудің төсің ас.
Аздық қылса азығың,
Досым дәудің өзін ас. (*дегенде, кемпір пышағын алып, тұра ұмтылады.)*

**Автор:** Мұны көрген үш дәу тым-тырақай ойбай салып жан жаққа қаша жөнеледі.

**Дәу:** Қаш! Жүгір! Зымыра!
Боска қарап тұр ма.

**Екінші дәу:** Ойбай, онда қашайық,
Алты қырдан асайық.

**Үшінші дәу:** Алды, артыңа қарама,
Қаш үйіңе зымыра.

**Автор:** Қашып бара жатса, баяғы әлімжеттік қып балығын тартып жей беретін түлкі жолығады.

**Түлкі**: Тақсыр!
Қайдан келесің бас ұрып..
Қайда барасыңдар асығып,
Тұрсыңдар-ау,
бір қызықты жасырып. *(деп қуланып сөйлейді).*

*(үш дәу қолдарын аспанға көтеріп сарқалақтап сөйлейді)*

**Дәу:** Оо-й-й-бай!
Бір шалды көрдік қауіпті,
Жердің миын шағыпты,
Ішек қарынын жарыпты.
Өзі тейт - тей болса да,
Алып ұрады алыпты. *(дейді үш дәу еңіреп).*

**Түлкі:** О, пәлі-ай!
Қанбақ шалдан қашқан,
Қылықтарың бір түрлі,
Келтірдіңдер күлкімді.
«Уф» десе ұшатын,
«Суф» десе қонатын.
«Қаңбақ шал» дейді,

Ол - адамның баласын.
Алып күнде мазасын,
Жеп жүрмін балығының тазасын.
Еріңдер кәне соңыма,
Берейін кәзір жазасын.

**Автор:** түлкі дәулерді ертіп, шалды іздеп қайта келе жатса, шал лашықтың жанында тұр екен. Түлкінің ертіп келе жатқанын көріп, Қаңбақ шал айғайлай сөйлейді.

**Қаңбақ шал:** Әй, Түлкі!
Жүрген жерің бүлік қой,
Арғы атаңда,
Алты атамның құны бар,
Соны сен де біліп қой.
Бергі атаңда,
Бес атамның құны бар,
Құлағыңа іліп қой.
Өзіңде бар кегім,
Өтемекке құнын,
Үш дәуді әкелдің бе тегін.

*(деп Қаңбақ шал бар дауысымен дауыстайды. Бұл сөздерді естіген түлкі сасқалақтап тұрады, ал дәу түлкіге бас салады.)*

**Дәу:** Ей, түлкі.
Құлығыңды асырып,
Арам ойыңды жасырып,
Атасынын құнына;
Бермекші бізді басынып.
Құлықтың құйрығы бір тұтам,
Кәзір сені жоқ қылам! (*деп түлкіні құйрығынан алып жерге бір ұрады, түлкі жерге сұлап түседі. Үш дәу алды-артына қарамастан қаша жөнеледі).*

**Автор:**
Кейде аңғал баладай, кейде ақылы көп данадай.
Күші келмесе де алыпқа,
Ақыл, айласымен жеңген есені.
Бұл ертегі ғой, бабадан келген кешегі,
Дұшпанынан құтылып осылай
Қаңбақ шал бақытты өмір сүрген деседі.

## ОЙЫНШЫҚТАРДЫ БӨБЕКТЕРГЕ СЫЙЛАЙМЫЗ



*А.С. Берикбаева,*
*«Гаухар» бөбекжай-бақшасы,*
*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,*
*Талдысай ауылы*

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ата-аналар мен ұжымдастар! Бүгін бізде үлкен мереке, балабақша табалдырығын тәй-тәй басып кішкене ғана сәби болып келген балаларымыз міне бүгін балабақшамен қоштасқалы отыр. Бүгінгі бүлдіршіндеріміздің шағын ғана мерекелік ертеңгілігін тамашалаңыздар.

Балабақша түлектерін қарсы алайық. «Вальс». Құттықтау сөз балабақша директорына беріледі.

**Жүргізуші:**
Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді,
Сәбилерім жүздерінде нұр тұнды.
Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер,
Өздеріңмен қоштасатын күн туды.

**Мансур:**
Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақты
Өз үйіміз сияқты.

**Ғали:**
Мектепке енді барамыз,
Оқимыз бестік аламыз.

**Арайлым:**
Ойыншықты жинаймыз,
Бөбектерге сыйлаймыз.
Оқу білім үйреткен,
Өзіңізді қимаймыз.
Жеті жасқа толамыз,
Біз ақылды боламыз.
Қуантып ата-ананы,
Мектепке кетіп барамыз!

**Жүргізуші:**
Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар

**Ұлжан:**
Сүйген өз қыз, өз ұлын.
Бөбегім деп аянбай
Балабақша өз үйім
Апай болды анамдай.

Әнді сүйсең менше сүй, - деп Абай атамыз айтқандай Диас пен Арайлымның орындауында
«Бала тілегі» әнін қабыл алыңыздар!

**Жүргізуші:**
Жақсы оқып сабақты,
Кілең «бестік» алыңдар.

**«Аққу биі»**

Музыка ырғағымен Дымбілмес кіреді.

**Дымбілмес**: - Сендерде мұнда не болып жатыр?

**Жүргізуші:** - Бізде балабақшамен қоштасу кеші болып жатыр, біздің балалар мектепке кеткелі жатыр.

**Дымбілмес:** Мен, мен де барайын мектепке, мен мектепке барып көрген жоқпын, мектепке баруды армандаймын, онда өте қызық, үзілісте жүгіресің, секіруге болады, асыр салып ойнауға болады деп естідім.

**Жүргізуші:** - Ал, біз мектепке білім алуға барады деп ойлаймыз, солай ма балалар?

- Біздің балалар мектепке дайын.

**Дымбілмес:** - Мен неге оқуым керек, онсыз да мен бәрін білемін, оқу білем, жазу білем, сурет салу білемін.

**Жүргізуші:** - Жақсы, Дымбілмес онда қазір сенің біліміңді тексереміз.

**Ойын «Геометриялық фигуралар»**

**Дымбілмес:** - Ой, онда мен ақылдымын.

**Ойын «Көршісін тап»**

**Дымбілмес:** - Сендердің есептерің өте қиын, маған жеңілдеу бірдеңе беріңдерші.

**Дымбілмес:** - Жарайды бір күні үйреніп алармын, оданда маған бір би үйретіңдерші.

Осы кезде жалқаулық келіп, музыка жетекшісінің орнына отырып алады.

**Жүргізуші:** - Жақсы, балалар, әрі қарай ертеңгілігімізді жалғастырайық. Кәне, ән шырқалсын!

**Жалқаулық:** - Иә, қазір қосам, армандапсыңдар.

**Жүргізуші:** - Мен түсінбедім, сіз кімсіз? Мына жерде не істеп отырсыз?

**Жалқаулық:** - Тыныш, тыныш, не айқайлап қалдың. Мен ұйықтап алайыншы, мына жер қандай ыңғайлы.

**Жүргізуші:** - Ұйқы?! Бұл саған керует емес қой. Мұнда ән айтылу керек, бүгін бізде ертеңгілік. Әнсіз, бисіз ертеңгілік бола ма?

**Жалқаулық:** - Менің қандай шаруам бар? Мен осы жерде отырған адамды шылдырмаққа айналдырып жібердім, шуламасын деп.

**Тәрбиеші:** - Балалар, көмектесіңдерші, мені жалқаулықтан құтқарып алыңдаршы, ән, би, ойын арқылы ғана жалқаулықты жеңесіңдер.

**Жалқаулық:** - Тыныш шулап кеттің ғой.

**Жүргізуші:** - Жоқ, бұлай болмайды, біздер саған қазір көрсетеміз.

**Дымбілмес:** - Менің сөмкемді пайдалануға болады. Мен оны дайындап қойдым.

Үстел үстіне сөмкедегі заттарды шығарады (қасық, ойыншық, пистолет т. б.)

**Жүргізуші:** - Балалар, мына заттар мектепке керек пе?
- Дымбілмес, біздің балалардан қарап, үйрен.

**Ойын «Сөмкеге жина»**

**Жалқаулық:** - Ой, сендер мені ән, бисіз жеңе алмайсыңдар.

**Жүргізуші:** - Балалар, таптым, кәне жалқаулықтың көңілін аударып көрейікші, маған көмектесіңдерші.

- Ей, Жалқаулық, маған сенің көмегің керек, келе қойшы біздің балаларды ұйықтатып көрші.

**Жалқаулық:** - Ой, мен бұны қатырамын, (балаларды ұйықтатқандай болып жүреді) ұйықтаңдар, ұйықтаңдар.

Жүргізуші магнитофонның қасына отыра, әуен қосады. Балалар би билей бастайды.

**Жалқаулық:** - Ой, әуенді сөндіріңдер, мен тыңдағым келмейді!

Жалқаулық қашып кетеді.

**Ән: «Жалқаубек».**

**Жалқаулық:** - Рахмет, балалар! Сендердің билерің мені жалқаулықтан құтқарып қалды.

**Дымбілмес:** - Мен енді түсіндім, көп еңбектену керек, сендер көп нәрсені үйренген екенсіңдер. Менде алдағы уақытта үйренемін, жаз бойы мектепте тек бестік баға алу үшін дайындалам.

**Жүргізуші:**

Алуға терең білімді,
Мектепке енді кеттіңдер.
Өсті міне бойларың,
Өсті ақыл ойларың.
Қуанышқа ортақпыз.
Құтты болсын тойларың!
Құттықтау сөзді ата-аналарға береміз.

Осымен бүгінгі «**Ойыншықтарды бөбектерге сыйлаймыз»** атты ертеңгілігіміз аяқталды.

Сау болыңыздар!

## ҰЗЫН – ҚЫСҚА ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***А.М. Мұқаш,***
*«Kinder joy» МДҰ,*
*Ақтөбе қаласы*

**Білім беру саласы:** «Таным».

**Оқу қызмет түрі:** «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру».

**Мақсаты**: Балаларға «ұзын-қысқа» түсініктерді меңгерту, затты салыстыруды үйрету. Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Қамқорлық, жанашырлық сезімдерін қалыптастыру. Таныс заттарды көлеміне қарай ұзын-қысқа затты салыстыруды үйрету. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Демонстрациялық материалдар: Қояндардың үйшігі. Себет толы сәбіздер екі түрлі лента (қысқа-ұзын).

Үлестірмелі материалдар: Жамаулар (үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш) (липучкамен).

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, сергіту сәті.

**Тәрбиеші:** - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қараңдаршы, бізге кімдер келген? Қонақтармен амандасайық. Енді тыныш отырып, мұқият тыңдайық. Балалар біз өткен сабағымызда биік – аласа туралы айттық, енді қайталап жіберейік. Тақтадан суреттерді көрсету, биік – аласа ұғымын қайталатып, сұрақ қою.

**Тәрбиеші:** - Балалар қане қарайык мына жердегі суреттерге карап салыстырайық атап айтайық.

**Тәрбиеші:** - қане тобымыздағы заттарды қарап қайсысы биік-аласа екен салыстырайық.

**Балалар:** үстел партадан аласа, аю қояннан биік.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар! Балалар бүгін біз ұзын-

қысқа ұғымдарымен танысамыз. Ендеше мұқият қараңдар мен сендерге түсіндіремін. Менің қолымда екі лента бар қане түстерін айтайық.

**Тәрбиеші:** Мынау қандай лента?

**Балалар:** Қызыл.

**Тәрбиеші:** Ал мынау?

**Балалар:** Сары.

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар, енді осы екі лентаны беттестіріп салыстырайық, қызыл лента сары лентадан ұзын, ал сары лента қызыл лентадан қысқа.

Енді тақтадағы суретерді салыстырайық ортаға маған бір бала келе қойсын.

Абдулла тақтадан не көріп тұрсың?

А: кірпі, қоян.

**Тәрбиеші:** қане салыстырайық қоянның неше құлағы бар?

**Абдулла:** Екеу.

**Тәрбиеші:** Кірпіде неше құлақ бар?

**Абдулла:** Екеу.

**Тәрбиеші:** Айта ғой кірпінің құлағы ұзын ба әлде қоянның құлағы ұзын ба?

**Абдулла:** Қояндыкі.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар.

Ал балалар біз ұзын қысқа ұғымын ары қарай түсіну үшін жолға шығуымыз керек. Біз барлығымыз бірге орманға саяхатқа шығамыз. /орындарынан тұрғызып дайындалу/музыка қосылады/.

